

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№6 (32) 2015





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

6 (32) 2015

(қараша-желтоқсан)

6

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз инновациялық – гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі - академик.

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін – өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессоры;

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - Абай ат. ҚазҰПУ–дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология пәндерін оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им.Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационного гуманитарного университета

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - д.п.н. профессор., зав кафедрой «Методика преподавание филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva ZhA. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - doctor of pedagogical sciences, professor chair of Primary education and fine art Taraz innovation and – humanitarian university

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - doctor of philological sciences, professor. Chair of methods of teaching philological disciplines. Head of the clair of KazNPU named after Abay.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2015



«Біздің қоғамда адал еңбекті терең біліммен ұштастырған ғана табысқа жете алатынын қаперден шығармаған абзал»

**Н.Назарбаев «Қазақстан білім қоғамы жолында»
интерактивті дәрісінде сөйлеген сөзінен.
05.09.2012**

ҚҰТТЫҚТАУ!



АСА ҚАДІРЛІ ӘДІБАЙ ТАБЫЛДЫ!

Сізді 90 жылдық торқалы мерекеңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз ұлағатты ақын, жазушы, өнегелі ұстаз және де педагогика ғылымының өркендеуіне үлкен үлес қосқан, ұлттық тәрбиеге өзіндік қолтаңбаңызды қалдырған ұлт жанашырысыз. Сізді «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген қасиетке толықтай ие болған абзал азаматсыз! Сіз ел ертеңіне жайбарақат қарамайтын, жанашырлық танытып, ақыл парасатқа толы ойларыңызбен артыңыздағы шәкірттерді тәлім тәрбиемен суысындатып келе жатқан ұлағатты ұстазсыз!

Өмір жолыңызда еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділігіңізбен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде Қазақ халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын саланың ортасында жүрген жансыз!

Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер, Сіздің жас ұрпақтың білімін шыңдаудан басталған еңбек жолыңыздың бүгінде жемісті жалғасын табуына себепкер болуда. Сондықтан да, Сізді өзіңізден кейінгі буынға ұлағатты үлгі көрсетіп келе жатқан зиялы тұлғалардың бірі деп бағалаймыз.

Сіз тәрбилеп отырған шәкірттер бүгінде парасаты биік, рухты, сүйіспеншілік пен абыройды биік қоятын толыққанды тұлғаларға айналып отыр. Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіз еліміздің нығаюына өзіндік үлесін барынша қосуда. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмай, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Аса қадірлі Әдібай Табылды! Осындай мерейлі күні шын көңілден денсаулығыңыз күйлікуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілей отырып, еліңіз үшін жасап келе жатқан еңбектеріңіз әрдайым елеулі, табысты бола берсін дегіміз келеді! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 90 жас-тан ары қарай да, осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен жетелесін!

**Құрметпен,
«Ұлттық тәрбие» журналы
ның редакция алқасы!**

МЕРЕЙ ТОЙ

ҚҰТТЫҚТАУ!

**ҚҰРМЕТТІ СЕРІК ЖАЙЛАУҰЛЫ, МАРАТ АЛМАСАЙҰЛЫ, ЖАНАР
АЙТБЕРГЕНҚЫЗЫ, ҚҰНДЫЗ ЖАМИЕВНА, АСЕМ ЕРІКҚЫЗЫ!**

Сіздерді педагогика саласындағы Ы. Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ие болуларыңызбен құттықтаймыз!

Сіздер жүргізген зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары ұлттық тәрбие салаларының ғылыми-әдістемілік негіздерін анықтай түсуге белгілі бір дәрежеде өз үлесін қосып отыр. Себебі, «Ұлттық тәрбие» тақырыбымен ұсынылып отырған аталмыш оқу құралдары қазіргі жаһандану заманында өзіміздің ұлттық тәрбиеміз бен құндылықтарымызға бағытталған ұлттық білім беру жүйемізді сабақтастыра ендіру, отансүйгіштікке баулу мақсатында бір-бірін толықтыра түсетін оқу бағдарламасына қажетті дүниелер болып табылады.

Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңізбен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың еліміздің білім ғылым саласының дамуына, өсіп-өркендеуіне қосқан үлестеріңізбен еңбектеріңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Сіздер өсіп келе жатқан ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытып білім ғылым саласына әлі де талай жемісті еңбек атқаратындарыңызға сенеміз!

Осындай мерейлі күні шын көңілден денсаулықтарыңыз күйлі-қуатты, ғұмырларыңыз ұзағынан, көрер қуаныштарыңыз молынан болсын деп тілей отырып, еліміз үшін жасап келе жатқан еңбектеріңіз әрдайым елеулі, табысты бола берсін деп тілейміз!

**Құрметпен,
«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» ҒЗИ ұжымы!**

ӘОЖ395.82

М.А.Нұриев

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ФЗИ директоры
т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

ҰЛАҒАТТЫ ДА, КӨРНЕКТІ ҰСТАЗ – ТОРҚАЛЫ ТОҚСАН ЖАСТА!

Мақала көрнекті ғалым Әдібай Табылдиев жайлы. Ұстаздың ұлағатты өмір жолы мен педагогикалық қызметі ұлттық тәрбиемен автор тарапынан ұштастырыла берілген. Мұралары жас ұрпаққа өнегелі тәлім-тәрбие ретінде аманат болып жетуде.

Түйін сөздер: ұстаз, педагогика, жазушы, ұстаздық қызмет, тәрбие.

Статья посвящена видному деятелю и ученому Адильбаю Табылдиеву. В статье раскрыто жизненный путь и педагогическая деятельность ученого. А так же роль родного языка, народной педагогики и этнических традиций в воспитании подрастающего поколения которое он передает подрастающему поколению в своих работах.

Ключевые слова: наставник-учитель, педагогика, писатель, преподавательская работа, воспитание.

Article is devoted to the eminent person and the scientist Adilbayu Tabyldiyev. In article it is opened a course of life and pedagogical activity of the scientist. And also a role of the native language, national pedagogics and ethnic traditions in education of younger generation which it transfers to younger generation in the works.

Keywords: teacher, pedagogy, writer, teaching work, education.

Ұлттық тәрбие журналының тұрақты авторы әрі оқырманы, педагогика ғылымдарының докторы, ұстаз-ғалым, ақын, жазушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің профессоры, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ыбырай Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әдібай Табылдиев, Алла қаласа, есігімізді қағып келіп қалған жаңа жыл, 2016 жылдың 2 қаңтарында торқалы тоқсан жастың төріне шықпақ! Қазақ елінде «Әдібай Табылдиев» деген есімге елең етпейтін адам кем де кем, өйткені, бұл есім қазақ тарихына жазылған басқа да көптеген ардақты есімдермен қатар, алтын әріптермен қашалып, әлдеқашан-ақ жазылып қойылған. Ол заңды да. Өйткені, Әдекеңнің бүкіл саналы өмірі, әсіресе оның ішінде ағарту саласына еңбегін сіңірген жылдары баршаға өнеге болуға лайық ғұмыр!

Көрнекті ұстазға небір асыл сөздер мен теңеулерді айтса да жарасары сөзсіз, себебі,

бұл адамның жаратылысы бөлек: Әдібай Табылды –жүрегі елім деп соққан ұрпақтың бірегейі, асыл сүйекті, таза рухты бабам қазақтың сынығы!

Ұстаздық еңбегін сонау 1944-50 жылдардан, мұғалімі қызметінен бастаған педагог-ғалымның қызметтік жолын тізбектеп немесе еңбек жолын саралап жатпауды жөн көрдім. Себебі, бұл туралы талай жазылған да, әрі әлі де жазылары анық. Ал менің жазбағым – еңбеккер ғалымның негізінен, ұлттық тәрбиенің ғылыми теориялық мәселелері зерттеумен айналысып келе жатқан ерен еңбегі хақында болмақ. Себебі, ол – қазақ этнопедагогикасы ғылымының негізін қалаушыларының бірі.

Қазіргі жаһандану заманында елім, жерім, тілім деп соққан жүрегі бар, зейінді де, зерделі жастар тәрбиелеген жағдайда ғана Қазақ елінің келешегі кемел болатыны анық. Осы тұрғыда педагог-ұс-

таз Әдібай Табылдың оқулықтары мен оқу құралдары – қазақстандық білім беру жүйесінде таптырмас құндылыққа ие дүниелер болып табылады. Солардың кейбіреулеріне тоқталып өтер болсам, жоғары оқу орындарына арнап, «Қазақ этнопедагогикасы» пәнін оқытудың типтік бағдарламасы (2000), «Қазақ этнопедагогикасы» (2001), «Ұлттық тәрбие иірімдері», (2001), «Қазақ этнопедагогикасындағы құқық тәрбиесі» (2003) «Қазақ этнопедагогикасы және оқыту әдістемесі» (2004), «Этнопедагогикалық оқылымдар» (2005) сияқты тағы да басқа жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген, оннан астам оқу құралдарында қазақ этнопедагогикасы – ұлттық мәдениетіміздің ғылыми көрсеткіші, қайнар көзі ұлттық тәрбиенің құнды құралы екендігін жан-жақты талдап көрсетілген. Ұлағатты ғалымның «Әдеп әліппесі» (1997) оқу құралы Республиканың барлық қазақ мектептерінде жеке пән ретінде, тәрбие құралы ретінде кеңінен пайдаланылып жүргендігі баршамызға аян. «Халық тағылымы» (1992), «Тағылым» (1995), «Қазақ этнопедагогикасының оқытудың әдістемесі» (2000) сынды ғылыми монографиялық еңбектерін жоғары мектеп оқытушылары оқу-тәрбие ісіне жан-жақты пайдаланып жүрген жайы тағы бар.

Бұл еңбектері халық тарапынан қолдау тауып жатуымен қатар, үкімет тарапынан да еңбегі еленіп, лайықты бағасын алуда. Мәселен, «Қазақ этнопедагогикасы» атты оқу құралы үшін, Ыбырай Алтынсарин атындағы республикалық сыйлықтың иегері (2001), көп жылдық ғылыми-практикалық еңбектері үшін Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері (2007) атағына ие болды. ҚазССР-ның және ССРО-ның оқу ісінің озаты болды, бірнеше медальмен, құрмет грамоталарымен марапатталды.

Оқыту және тәрбиелеу ісінің әдістемелерін шәкірттеріне үйретумен қатар, еңбектері мерзімді баспасөз беттерінде үздіксіз жарияланып келеді, оның ішінде, әрине, Республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы

«Ұлттық тәрбие» журналы да бар. Журнал бетінде жастар тәрбиесіне, моральдық-этикалық, танымдық, эстетикалық мәселелерге, туған өлкенің табиғатына, тарихына, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрге, әдебиет пен өнерге көп көңіл бөліп, уытты мақалалар жариялаумен келеді. Мысалы, отбасындағы ұлттық тәрбиенің мән-маңызы жөнінде [1]: «...Отбасындағы тәрбиенің қос тірегі (қос босаға) – әке мен шеше... Әрбір баланың әке алдындағы борыштары мен міндеттері бар. Әке алдындағы баланың міндеттері: әкенің тілін алу, сөзін тыңдау, ізет көрсету, әдеп сақтау, парыздар: балалық міндеттерді орындауды дәстүрге айналдырып, әкеге көмекші болып, оны әрқашан да қуанышқа бөлеп отыру, кәмелетке жеткен соң, әкеге біржола қызмет көрсетіп, оның қартайған шағында асыраушысы болып перзенттік міндеттері мен борыштарды, перзенттік парызды өтеу», - деп, құндылық маңыздылығын салмақтаса, тағы бірде «Әкесін сыйламаған балада қазақи адамдық, азаматтық сезім болмайды. Ол – отбасының жазығын тартатын бақытсыз пенде. Өйткені, ондай нақұрыста адамгершілік мейірім, қайырым болмайды да, сол мінезінен қарғыс естіп, қасіретке ұшырайды» - деп, отбасындағы әкенің рөлін нақтылаған. Бұл жолдардан жас ұрпақ адамзаттың қашан да әкесінің қадіріне жетіп, пір тұтқанына куә болады. Көзі қаракты әр оқырман осы мақаланы оқу кезінде, ғалымның әке қарғысының оқ екендігін, сондықтан да, әке наласына қалмауды насихат етуінің тегін еместігіне тәнті болады. Ата-ананы, үлкенді сыйлау, үлкеннің сөзін тыңдау – қай уақытта да қазақ тәрбиесінің басты ерекшелігі емес пе?

Тамыры терең тарих қойнауына үлес қосқан ата-бабамыз ғасырлар бойы азат, өзге елдерімен тең дәрежеде қатынас орнатып, әлем картасынан ойып тұрып орнын алатын тәуелсіз ел болуды армандап, сол жолды мақсат етті. Арманның тірегі – тұрмысы ауқатты, қуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңге сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Осы арманға жетудің бірден-бір жолы, ол, әрине

ұлттық құндылықтарға бағытталған білім беру мәселесі. Бәсекелестік заманда алып елдердің жұтқыншағында жұтылып, тарих сахнасынан жоғалып кетпеудің амалы – ұлттық тәрбиесінің сақталуы мен ұлт тілінің, әдебиеті мен мәдениетінің, тарихы мен салт-санасының сақталып, мығым болуы. Бұл тұрғыда жас ұрпаққа толыққанды, кемел білім мен тәрбие беруге мүмкіндігіміз әбден жетеді. Себебі, біздің ұлтымыздың халықтық педагогикасы әбден қалыптасқан, тамыры тереңнен бой тартады. Осы жөнінде де, жарғақ құлағы жастыққа тимей, елі үшін, ұлты үшін тымбай еңбек етумен келе жатқан ғалым-ұстаз: «Күлтегін жырындағы әрбір сөз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып, тәрбиелік әсер ететіндей, тебіреніспен, тасқа қашалып жазылған. «Шырын сөз, асыл қазынасын беріп» сөз арқылы тәрбиелеу, «Әкем Қағанның әскері бөрідей бопты» деп, батылдық пен ерлікке үндеу, «кедей халықты бай қылдым» деп ел үшін еңбек етіп, ерлік жасауды уағыздау, «Бүгінгі Түркі халқы мен бектері ... менің сөзімді бұзбады» деп түркі халықтарын бірлікке шақыру – жырдың ең басты мақсаттары [2]» - деп, ұлттық тәрбиенің бастауы сонау ежелгі дәуірден алатындығын айтып, сөзіне дәлел ретінде «Күлтегін жырында «Таққа кіріптар бектер» тақ үшін ғана қан төкпесін, «Тәңіріні төбесіне көтеріп» ақ жолда, әділетті, қамқоршы әкім ғана халықтың қасиетті «қағаны» болады деп, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелейді»[2], - деп нақты мысалдарды алға тартады.

Ұлт тілінің мәртебесі мен оның ұлттық тәрбиедегі орны жөнінде, «Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің басты құралы» атты салмақты мақаласында: «Ғасырлар бойы қалыптасып, барынша байып келе жатқан мемлекеттік тіліміз – ұлттық тәрбиенің қуатты құралы. Қандай тәрбие болса да тәрбие жұмысы белгілі бір ұлттың тілінде жүргізілетіндіктен, біз тәрбиені ұлттық тәрбие деп түсінеміз. Ұлттық тәрбиеде сол ұлт тілінің рөлі зор екендігі айқын көрінеді»[3], - деп ұлттық тәрбие нәресте дүниеге келмей

тұрып, ұлттың тілі құдіретімен баланың бойында әбден қалыптасып, сіңетіндігін жазған болатын.

Қазақ халқының тарихы дәстүрге өте бай. Отбасы үшін ежелден тән қасиетті балажандық, балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкенді құрметтеу, туыскандық байланыс, көршілермен және ұлты басқа халықтармен достық, ізгілік қатынастар осының бәрі қазақ халқының тұрмыс қалпына байланысты болған. Қазақ қыз-келіншектері мен ер азаматтарының бойында өзге халық өкілдерінен бөлек дара қазақы болмысы жарқырай көрініп, жүрекке жылы әсер еткен. Ата-ана құқықтары қыз беріп, қыз алу, құда түсіп, құдалы болу, қазақ некесінің ерекшеліктері, қалың мал мәселесі, бала асырау, әмеңгерлік, мирас пен мұра, т.б. ежелгі отбасы дәстүрлері мен соған қатысты қағида ерекшеліктері жайында мағлұматтардан қазақ халқының отбасына ерекше мән бергенін, шаңырақ шайқалып, босаға босамауына назар салғанын көреміз. Бұл жөнінде де жазушы-ғалымның «Ұлттық тәрбиеде халық қазіргі отбасында, балабақшада, мектепте қолданылып жүрген тіл құралын – «тілашар» дәстүрін қалыптастырады: бесік жыры, тұсау кесер жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, мақал-мәтел, ойын өлеңдері баланың эстетикалық сезімін оятып, сан үйретіп, тілін ширатып, ойын дамытып, намысын қозғап, жадын жақсартып, қиялын шарықтатып, сыйласымдық hareketін дамытады. Сөйтіп, тілашар дәстүрі арқылы баланың сезімі сергіп, түйсігі түріліп, қабылдау қабілеті қалыптасады...»[3], - деген мына бір үзіндісінен, салт-дәстүріміздің ұлттық тәрбиенің алтын арқауы екендігіне тағы да көз жеткіземіз. Бұлар сынды тұжырымды ойлары мен бағалы да, бағамды даналыққа толы пікірлері мен ғылыми әрі қызықты мұраларының санына сан жетпес десек болады. Сондықтан да, барлығын екшеп, тізбектеп беретін болсақ, парак беті жете қоймас!

Осымен болдым, тоқтадым демей, бүгінгі таңға дейін Ұлттық тәлім-тәрбиенің, яғни, қазақ этнопедагогикасының ғылыми негіздерін жүйелеп оқыту әдістемелерін жетіл-

МЕРЕЙ ТОЙ

діріп келе жатқан ұстаз мектептермен және жоғары оқу орындарымен өнегелі іс-тәжірибелерін бөлісіп отырады.

Педагогика саласының қыры мен сырын бес саусақтай білетін, ғылымның тұңғық

түбіне тереңінен бойлай алған профессордың ендігі ниеті де, тілегі де – қазақ ғылымы пен ілімі байлығының қадіріне өз ұрпақтары жете біліп, соның баға жетпес нәтижелері өзінің халқына бұйырса екен дейді!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Табылды Ә. Отбасындағы ұлттық тәрбиенің негіздері. //«Ұлттық тәрбие». – №6 (20) 2013. - 6-21 бб.

2 Табылды Ә. Қазақ халқының ежелгі дәуірдегі тәлім-тәрбиелік жәдігерлерінің тарихи мәні. //«Ұлттық тәрбие». – №2 (22) 2014. - 12-28 бб.

3 Табылды Ә. Ұлттық тіл – ұлттық тәрбиенің басты құралы. //«Ұлттық тәрбие». – №1 (15) 2013. - 52-55 бб.



Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!

Ғабиден Мұстафин

ӘОЖ 8.82.82-8

Қ. Бөлеев

*Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
«Педагогика және бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.*

А. Өмірзаққызы

*Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
магистранты*

ҚАЗАҚ АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ОЙ- ПІКІРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Ғылыми мақалада қазақ ақын-жырауларының шығармашылықтарындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің зерттелу жайы ғылыми сарапталған. Ақын-жыраулардың шығармашылықтардың ұлт тәрбиесіндегі алатын орны мен бүгінгі күн тәрбиесімен байланысы туралы айтқан ғалымдардың пікірлері ғылыми тұжырымдардың орны мен ғылымилығына зерттеу жасалған. Қазақ ақын-жырауларының шығармашылықтарының бүгінгі күнде де өзекті орынға ие болып отырғандығы нақты ғылыми мысалдармен келтірілген.

Түйін сөздер: қиял, ойлау, есте сақтау, әдіс, аңыз, тәрбие.

В статье раскрыта как народная педагогика располагала многочисленными средствами, методами и приемами воспитания, подготовки подрастающего поколения к самостоятельной трудовой жизни.

В воспитании детей широко использовались все жанры устного народного творчества. Сказки, легенды, шежиры и дастаны рассказывались с большим мастерством, с учетом уровня развития воображения, мышления, с использованием наглядных методов в сочетании с образным, выразительным языком.

Ключевые слова: Воображение, мышление, память, метод, легенда, воспитание.

In article it is opened as the national pedagogics had numerous means, methods and methods of education, preparation of younger generation for independent labor life. In education of children all genres of folklore were widely used. Fairy tales, legends, and dastana were told a shezhira with big skill, taking into account a level of development of imagination, thinking, with use of visual teaching methods in combination with figurative, expressive language.

Keywords: imagination, thinking, memory, method, legend, education.

Қазақ әдебиетінің сан ғасырлар бойы тамыр жайған ең қуатты түрі, ұлттық көркемдік талғам мен көзқарасты қалыптастырған, шеберліктің ерекше өрнегін кестелеп, сөз өнерінің терең құдіретін танытқан ақын-жыраулар шығармашылығы – мұралық өрнектерді жетілдіріп, ұлттық құндылықты жаңартқан айрықша сана өрнегі, тәлім-тәрбие бұлағы. Ақын-жыраулар деп неге бірге айтамыз. Бұл құбылысқа дүниетанымдық сараптама, философиялық талдау жасау барысында халықтық салт-дәстүрмен тамырлас, жеке тұлғаның қабілет-қасиетімен ұштас

екендігін танымыз. Өйткені, ақын да жыршы да елі мен жерінің қамын ойлаған, ұлттық ой дүниесін жалғастырған өнер иелері. Ақын – поэзиялық туындылардың тұтас қамтитын шығармашыл дарын иесі. Ақын болу – алғырлықты, көрегендікті, жіті байқампаздықты, терең білімпаздықты талап етеді. Оның ой-қиялы өткір, жүйрік, сезімтал және әсерлі. Өз қабілеттері арқылы ақындар табиғатқа да жан бітіріп, елі мен халқына қорған болады.

Ақындық өнер табиғаты туралы тұңғыш монографиялық еңбек жазған әдебиетші ға-

лым Е.Ысмаилов «Ақындар» атты еңбегінде жалпы суырып салма ақындық өнер туралы бұрын-соңды айтылып жүрген пікірлерді саралап, бір жүйеге келтіріп, тың тұжырымдар жасайды. Мәселен, халық ақындары туралы: «Бұл жүйедегі ақындар хат біледі, өз шығармаларын өздері қағазға түсіріп жазып біледі, шығармаларында жазба ақындардың көркемдік әдістері көрініп отырады. Сонымен қатар, бұлар өлең-жырды суырып салып та айтады, шығармаларында, негізінен, халықтық стильді көбірек сақтайды, халықтық әңгіменің сарынымен жырлайды», - деп түйеді. Өз еңбегінде ғалым ақындар сегіз қырлы бір сырлы өнер иесі екендігін, олардың бойынша бірнеше өнердің қабысып жатқандығын талдап, айтады. «Ақын» ұғымына жыршы, баяндаушы, суырып салма деген ұғымдарды сыйдырады. Ал, жыраудың басты белгілері өз жанынан өлең шығаратын болуы, жаны мен тәні таз, рухани көреген, жасампаз тұлға болуы. Яғни, жыраулар ақындықпен қатар, өз халқының рухани тірегіне айналып, ел мен жерді басқарушылармен тең дәрежеде болған. Олардың мәртебесі әр заман легінде өзіндік сипатпен ерекшеленіп отырған. Осы себепті де, «Жырау – қазақ дәстүрлі поэзиясының басты өкілі, сүйемелдеп жыр шығарушы ерен тұлға, хан мен билердің ақылгөйі, хан ордасындағы халық жаршысы». Жырауларды халық қадір тұтып, ел басына қиын-қыстау күн туғанда ақыл-кеңес сұраған. Осы себепті де, ақын-жыраулар деген ұғымды әдеби феномен ғана емес, дидактикалық ой-пікірлердің асыл арнасы ретінде қарастыру қажет. Сонда ғана, олардың шығармашылықтарының ұлттық тәрбиелеудегі зор үлесін бағамдауымызға болады. Ең бастысы ақын-жыраулар арқалы ақындықты ту етіп, елді бірлікке үндеп, тәуелсіздігімізді, рухани еркіндікті жырлады. Ұлттық сана-сезім мен этномәдени өрнегін үйлестірген ақын-жыраулар шығармашылығы - тәлім-тәрбиенің әлеуметтік-психологиялық мазмұнының маңыздысы. Ақын-жыраулар адамгершілік-этикалық көзқарастарымен, білім беру мен тәлім-тәрбиенің үлгілерін ұлттық сипатта

жаңғыртып қана қоймай, өздерінің ойларын жаратушы құдіреттің атынан жеткізді. Ислами құндылықтар мазмұнындағы ойлары олардың сол қоғамдағы бедел-абыройын арттырып қана қоймай, ақындықтың құдіретін асқақтатты.

Демек, ақын-жыраулар деп ел қорғаны болған, өз туындысын өздері жеткізген поэзиялық шығармалар авторларын айтады екенбіз. Поэзияны шынайы, киелі, асыл өнер ретінде ұғынып, қадірлеген ақын-жыраулар қай қоғамда болмасын рухани тәрбиенің жаршысы болды. Адамгершілік қағидаттарды қандай тәсілмен болмасын халыққа, ертеңгі ұрпағына жеткізуге тырысты. Ақын-жыраулар шығармашылығының терең тәлім-тәрбиелік сырлары ұлттық педагогикада біршама зерттеліп, зерделенуде. Атап айтатын болсақ, жыршы, жүз жасаған абыз ақын Жамбыл Жабаев поэзиясының педагогикалық құндылықтары туралы М.Көккозова, зар заман ағымының көрнекті өкілі Дулат Бабатайұлы мұрағаттары негізінде Ш.Жұматаева, XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер хақында С.Қалиев, М. Әбдікаримов, М.Елубаева, т.б. келелі еңбектер жазды. Десек те, әрбір ақын-жыраудың жыр шумақтарындағы педагогикалық ой-пікірлердің терең сырлары одан да ары жан-жақты зерттеуді, тәлімдік табиғатын кең тұрғыда бағамдатуы қажет етеді.

Ұлттық өркениеттің үлкен сапалық ерекшелігін қалыптастыруда ақын-жыраулардың рөлі өлшеусіз. Ақын-жыраулар шығармашылығында адам табиғаттың бір бөлшегі, тамаша жаратылыс ретінде қарастырылды. Олар адамның жетілуін оның жанымен бір-құлықтың геосаяси және әлеуметтік аспектілердің нақты кезеңдеріне сәйкес келетін адамдық формалары құрылған адамзаттық даму дәуірі.

Жыраулар мен ақындар батырлық пен патриоттық, батырлар мен хандар туралы ғана жазып қана қоймай, қарапайым халық мүддесін де қорғады. Осы себепті де қазақ халқының рухани өмірі мейлінше бай, көптүрлі

мазмұнға ие болып, адам жақсылық пен жамандық қарым-қатынастар жасай білетін, жақсы-жаман қырларымен көріне алатын көпдеңгейлі, көпаспектілі жаратылыс ретінде түсіндірілді.

Жыраулар поэзиясы – халқымыздың неше ғасырлық өмірін өнер өрнегіне, ақыл сөзіне бейнелеп түсірген, өшпес, өлмес мұрамыз. Жыраулар шығармашылығы өмірлік фактілер мен нақты адами әрекеттерге негізделгендіктен уақыт пен кеңістік.

Жыраулар поэзиясы халықтың басынан өткерген тарихи оқиғаларды, оның арман-мұратын, кешірген ауыртпалықтарын жырлаумен ғана бағалы емес, елдің саяси-әлеуметтік тіршілігін, ойсанасын, дүниетанымын көркем бейнелі тілмен бере білуімен де бағалы.

Жыраулар поэзиясы соны философиялық терең ойға толы. Жырау-ақпа-төкпе импровизатор, өлең сөзді қару еткен өнер адамы, халықтың қамын ойлай білетін парасаты мол ел ағасы, бетің бар жүзің бар демей, тура айтар өткір әділ биі, сәті келгенде жыр мен қаруды бірдей жұмсап, жауға аттанар жауынгері.

Олар ел тағдырын шешер ірі оқиғалар мен аса мәнді көкейтесті мәселелер жайында толғаған. Халық өзгелерден гөрі қайғырғанда демеп, қуанышына қанат бітіретін, ақыл қосатын асыл сөз иесі жырауларды қатты қадірлеген.

Жыраулар әлеуметтік мәні зор ірі, киелі мәселелерді жырлаған. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы ақындар мен жыраулар елдік, ерлік, замана хақында толғаған. Олар өмірдің өтпелілігін жырлап, ізгілік пен инабатты дәріптеген. Этика жайында да өшпес елеулі еңбектер қалдырған. Заманның ойлы перзенті ретінде өмірдің сан алуан мәселелерін сарапқа салып, гуманистік тұрғыда философиялық, дидактикалық тұжырымдар жасап, атамекенді қорғап, ел бірлігін сақтау мәселесін көтерген.

Ақын-жыраулар мұрасында сол дәуірдегі талай тайпалар басынан өткен тарихи іздер сайрап жатыр. «Жыраулар өмірдің мәнін ерлік, батырлық деп түсінумен шектелмеді,

оның басқа да рухани құндылықтармен байланысын көре білді. Батыр да, ел басқарушы хан да қоғамда белгілі бір бедел-құрметке, атақ-дүниеге, биліктің жоғары сатысына қол жеткізері хақ. Бірақ өмірдің мәні онымен шектеле ала ма? Өзін қоғамға мойындата алған адам өмірінің мәнін тапты деуге бола ма? Әрине, жоқ. Жыраулар поэзиясында осы ойдың дәлелі өте айқын берілген. Адам өзін-өзі тану жолына түспей, өзінің ішкі дүниесін толық түсінбей, мәңгідік құндылықтарды танып білмей, өмірде тыныштық таба алмайды. Нағыз өмірге мәңгілік құндылықтарды игеру, эгоистік «Мен»-нен мәңгілік «Мен»-ге көшу арқылы ғана қол жеткізуге болады, ал бұл өзгеріс рухани даму жеке адам өмірінің негізгі мазмұнына айналғанда ғана мүмкін. Бұл қағида ханға да, қараға да ортақ бұлжымас қағида болды. Мәселе ханның тағында емес, оның ар-ұятында, адамшылығында. Осындай таза өмір сүру философиясы қазақ жыр-ауларының ішінде әсіресе, Асан Қайғы Сәбитұлы мен Шалкиіз жырау Тіленшіұлының жырларынан да аса мықты сезіледі» [1].

Әр дәуірдің ірі, іргелі оқиғалары, көрнекті адамдары тарихи тұрғыда нақты дәлдікпен көрінбесе де, жыр жолдарында кездесетін адамдармен қарым-қатынасы, олардың сыртқы да ішкі бейнесі анық байқалады. Мәселен, Асан Қайғы жырлары мен Жәнібек, Шалкиіз арқылы Темір, Бұқар, Үмбетей, Тәтқаралар, қазақ тарихында орны бар тұлғалардың өмірі, кісілігі, адамгершілік келбеті танылып қана қоймай, педагогикалық мазмұны терең ойлар мазмұндалады.

Осыдан келіп, зерттеу тақырыбымыздың рухани кеңістігінің өте ауқымды екендігі, өзекті екендігі бірден танылады. Этнопедагогика тұрғысындағы маңызды зерттеу еңбектерінің авторы, ғалым, профессор Қ. Жарықбаевтың «Аталар сөзі - ақылдың көзі» атты монографиясында XV-XVII ғасырларда өмір сүрген Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет секілді ақын-жыраулардың өр рухты, жауынгерлік пафосқа толы толғауларынан туындайтын көшпенді ата-бабаларымыздың

өзіндік психологиясы, тәлімдік мәні зор да-на сөздері жайлы сыр шертіледі. Сондай-ақ, XVIII ғасырдағы Ақтамберді, Шал, Бұқар жырау, т.б. қазақтың қоғамдық өмірінің өкілдері мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қоғамдық ой-пікір қайраткерлері (Махамбет, Дулат) шығармашылықтарында көтеріліп отырған көзқарастарға сол кезең мен бүгінгі күн тұрғысынан баға беріліп, бұлардың қай-қайсысының да қазіргі заман талабымен үндесіп жатқандығы жұртшылық назарына ұсынылады.

Ал, Ш.Ж.Жұматаеваның «Дулат Бабатайұлы мұрағаттарының педагогикалық негіздері» атты оқу құралы Дулат Бабатайұлының тұлғалық қалыптасуының педагогикалық негіздері; Дулат мұрасындағы тәлім-тәрбиелік идеялар, олардың мәні, мазмұны; Дулат шығармалары негізінде құрылған «Кісілік келбет» атты тәлім-тәрбиелік жүйе; Дулат Бабатайұлының мұрасын қазіргі мектептерде пайдаланудың педагогикалық мүмкіндіктері атты төрт тараудан тұрады. Осы тараулар барысында зар заманағымының көрнекті өкілі Дулат ақынның шығармашылығындағы ұлттық тәрбие көріністері, оны пайдаланудың маңызы айқындалып, дәйектеледі. Өзінің «XV-XIX ғасырлар ақын-жыраулары поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер» деп аталатын еңбегінде С.Қалиев аталған кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулар поэзиясындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді қарастыра отырып, өскелең ұрпақты ұлттық тәрбиемен қаруландыруда пайдалану жолдарын көз етеді. Оқу құралы еліміз егемендігін алмаған 1990 жылдары жарық көрген. Әйтсе де, автор ұлттық ойлау дүниесі құрылымында сүбелі үлеске ие, «XIX ғасырға дейінгі қазақ ақындарының символы» атанған Асан Қайғы, Сыпыра, Бұқар жыраудан бастап, Марғасқа, Тәтіқара, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Ақтамберді, т.б. жыраулар мен Шал ақын, Дулат, өр Махамбет, Әсет Найманбайұлы шығармашылығын талдайды. «Халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген, өзі үшін емес, елі, жұрты үшін ізденген ел қамқорларының» тәлім-тәрбие

жаршысы ретіндегі болмысына өзінше баға береді. Жыраулар поэзиясының халық ауыз әдебиетімен, оның ішінде асыл арнасына саналған, қазақ халқының шешендігі мен ұлттық жоғары ойлау дәрежесін танытқан мақал-мәтелдермен сабақтастығын саралайды. Өмірдің өзі жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен ізгілік, т.б. осындай кереғар құбылыстардан тұратындығын жыраулар ойтолғаулары негізінде түйіндеп, педагогикалық маңызын ашып көрсетеді. Бұл мәселе кейіннен 1995 жылы жарыққа шыққан Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты оқу құралында кең көлемде көрініс тапты.

Қазақ ақын-жыраулар М.О.Абдикаримов пен Е.Л.Балтабайдың «Использование творческого наследия жырау при изучении этнопедагогике казахского народа» атты оқу құралында проблеманың әдіснамалық және әдістемелік аспектілері қарастырылған.

Оқу құралының негізгі мазмұны жеті тараудан тұрады. Жоғары оқу орындарының орыс топтарында қазақ халқының этнопедагогикасын оқытудың аспектілері, қазақ халқының этнопедагогикасында жырау және өлең-толғау институтының әлеуметтік рөлі, өлең-толғаудағы батырлық үлгілері - адамгершілік тәрбиесі идеалын қалыптастырушы, жырау шығармаларындағы патриоттық тәрбие идеялары, жырау шығармаларындағы халықтық дәстүрлердің балаларды тәрбиелеудегі көрінісі, жыраулық поэзиядағы халықтық дәстүрлердің отбасылық тәрбиедегі жаңғыруы секілді мәселелер сөз болған оқу құралы ақын-жыраулар шығармашылығын орта мектепте оқыту мен ұлттық тәрбие беруде жаңашыл мазмұнға ие.

Ал, педагогика ғылымдарының кандидаты М.Елубаеваның еңбегі «Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік мұралары (XV-XVIII ғғ.)» деп аталады. Оқу құралы жоғары оқу орындарында дайындалатын педагогикалық мамандықтардың жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жазылған. Автор өз еңбегінде ақын-жыраулар поэзиясын екі кезеңге бөліп қарастырады.

Жыраулардың атасы саналатын Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа жыраулар өмір сүрген XV-XVII ғасырлардағы тәлім-тәрбиелік мазмұнды бөлек қарастырып, саралайды. Ал, өзіндік өрнек пен жаңаша мазмұн иеленген XVIII ғасырды жеке зерттеу нысанына алады. Ақтамберді, Үмбетей, Шал, Бұқар жырау шығармалары арқылы заман шындығын, ғибратты тәрбие арналарын мазмұндайды.

Ақын-жыраулар шығармашылығының тәлім-тәрбиелік қырларының бір ерекшелігі деп оның шынайы патриотизімін, халқына деген сүйіспеншілігін, оның бақыты, мүддесі және болашағы үшін күресуге дайын және оған жету жолдарын өз қадірінше анық, жан-жақты көрсете білуі дер едік.

Қазақ ақын-жырауларының шығармашылығының басты тақырыптық арналарына

көшпенділер болмысы, ел мен жер, қоғам, әлеуметтік қоғам, замана тынысы, батырлық пен ерлікті, адамгершілікті дәріптеу, өмір болмысына айналды.

Қорыта айтқанда, ақын-жыраулар шығармашылығының терең тағылымдық, ғибратты мазмұны қаншама зерттеулерге арқау болса да, зерделенген сайын тереңдеп, сараланған сайын тәлімдік қырлары арта береді.

Ұлттық тәрбиені дамыту бағдарында ақын-жыраулар шығармаларының мағынасын терең ұғындырып, білім алушының бойына ұлттық құндылықтармен ұғындыра білсек, төл әдебиетімізбен мәдениетімізді дамытуына үлес қосып қана қоймай, Елбасы қойып отырған мақсат Мәңгілік ел құндылықтарының білім бағдарламаларына енуіне септігіміз тиер еді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдіғаниева Г. Бияздыкова К. «Ақын-жыраулар шығармашылығындағы кісілік құндылықтар» ҚазҰҰ Хабаршы, 2009, №1.-147б.
2. Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. Алматы., Абай атындағы ҚазҰПУ-2011. – 158 бет.
3. Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбие аясында тіл және әдебиетті оқытудың кейбір жайттары Хабаршы-Вестник КазҰУ №3(28), 2009. - 8 б.
4. Сейсенбаева Ж.А. «Ұлттық құндылықтарды білім беру үрдісіне ендірудің кейбір мәселелері» печ. «Ұлттық тәрбие-өркениетті қоғам құру жағдайында адам ресурстарын қалыптастыру кепілі» дөңгелек үстел материалдары., 11 қараша 2010. – 5 б.

ӘОЖ 8.82.82-9

С.Т. Иманбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Жалпы педагогика кафедрасының профессоры
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
ХПБҒА - ның академигі*

А. Құлбек

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3 курс студенті*

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУДА М.МАҒАУИН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада қазіргі таңда елімізде Қазақ хандығына 550 жылдығының тойлануы - қазақ тарихында алар орнының ерекше екеніне тоқтала отырып, қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ әдебиетін зерттеуші ғалым Мұхтар Мағауиннің еңбектерін зерделей отырып қарастырылады. «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет және М.Мағауин» бір - біріне синоним тұрғысынан қамтылады. Әсіресе, қазақ әдебиетінің негізін салушы ғалымдардың ой - пікірлері негізге алынады.

Түйін сөздер: *қазақ әдебиеті, хандар, жыраулар, зерттеулер*

В статье рассматриваются особое место 550-летие Казахское ханство в истории эпохи и его роль в развитие истории казахов. Определяется значение и роль исследования ученого М.Мағауина в эпохи Казахского ханства. «Литература в эпохи Казахском ханства и М.Мағауин», являются синонимами друг с другом. А также рассматриваются идеи ученых основателей казахской литературы о значении исследования М.Мағауина.

Ключевые слова: Казахская литература, ханы, жырау, исследования

Currently, the Kazakh Khanate in the country celebrated the 550th anniversary of the Kazakh pointed out that there is a special place in the history of the Kazakh Khanate era focused on the works of Kazakh literature scholar MukhtarMagauin. « Literature at the Kazakh Khanate and M.Magauin » covered by the terms are synonymous with each other. In particular, the founder of Kazakh literature are based on the opinions of scientists thought .

Keywords: Kazakh literature, khan, zhylrau research

Қазақ мемлекеті, қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуы қазақ халқының дамып, қалыптасу тарихының өзіндік даму үрдісі болғанын көреміз. Тарихшы ғалымдардың зерделеуі бойынша осы уақыт аралығында Қазақ мемлекетін 30-дан асқан хандар басқарғаны белгілі. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бүгінгі Елбасы ұсынып отырған «Нұрлы жол болашаққа бастар жол» атты идеясымен ұштасып жатыр.

Қазақ хандығы тұсындағы ауыз әдебиеті мұралары бүгінгі таңда ұрпақтың бойындағы

ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Бұл салада Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков т.б. зерттеулері қазақ хандығы тұсындағы қазақ елінің мәдениетінің, әдебиетінің, салт - дәстүрлерінің дамуын терең зерттеп, нақты ғылымға өз үлестерін қосумен қатар, тарихи тұлғалардың негізгі орнын белгілеп беріп отыр. Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар т.б. жыраулардың артына қалдырған жырлары көшпелілер философиясына, ұлттық философияға, әдебиетке қосқан құнды мұра болып табылады.

Біз осы уақытқа дейін жоғарыда аты аталған ғұламалардың мұраларын ауыз әдебиеті мұраларына жатқызып келдік. Белгілі ғалым А.Сейдімбек Қытай мұрағатынан табылған Бұқар жыраудың мұраларына, деректеріне сүйене отырып, Бұқар ұлтымыздың жазба әдебиеті мұрасына жататын ақындардың бірі екеніне өзінің зерттеуінде тоқталып кеткені белгілі. Сондықтан да, қазақтарда жазба мұра болмаған деген деректерге жауап ретінде әлі де болса көптеген дәлелдер табылады.

Қ.Мыңжан «Қазақтың көне тарихы» атты еңбегінде «қазақтар Түркі қағанаты тұсында пайда болған көне халық» деп жазып кетуі нақты дәлел бола алады. Егер Қ.Мыңжанның тұжырымдамасын негізге алатын болсақ, аталған тарихи дәуірлерде бізге белгісіз қаншама мұралардың болғанын көреміз.

Қазақтың дербес әдебиеті – XV ғасырдың орта шенінен бастау алды. Оған себеп болған дүние–Шу бойында Қазақ хандығының құрылуы және осының нәтижесінде қазақ халқының аренаға шығуы еді. Бұл қазіргі таңда біз білетін тарих, ақиқат тарих. Дегенмен бұл тарихтың ақиқатқа айналу жолы қаншалықты жеңіл болды. Қазақ хандығының құрылғанына, қазақ деген мемлекеттің іргесін көтергеніне 550 жыл толу қарсаңында, бұл мәселені қозғап кеткеніміз құппа-құп. Неге дейсіз, өйткені қазақтың әдебиеті XVIII-ғасырда Бұқардан бері қарай дамыды деген жаңсақ пікір болды, тарихтың желісі солай құрылды. Сонда Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз қайда қалды. Қазақ әдебиеті Алтын Орда құлағанға дейін түркі әдебиетімен бірге дамыды, одан ары XV-ғасырда дербес әдебиеттің ғұмыры басталды. Үш ғасырды жоққа шығаратын жоғарыдағы тарихтың қателігі ауыр еді, ауырлығы сонда Қазтуғанның, Доспамбет пен Шалкиіздің бар екендігін жоққа шығаруы.

Ал бізді ақиқатқа жетелеген не нәрсе, ол Бейсенбай Кенжебаевтың бастауымен Мұхтар Мағауиннің жарыққа шығарған «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет», «Қобыз сарыны» мен «Алдаспаны» еді.

Қазақ әдебиеті қазіргі Қазақстан жерін жайлаған тайпалар туғызған бай рухани қазынаның заңды мұрагері еді. Сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктері көп еді. Кең даладағы көшпенді тірлік, тұрмыстық-қоғамдық өзгешелік сөз өнерінің соны сипатта қалыптасуына себеп болғанды. Ал осы кезеңдегі қазақ поэзиясының ең ауыр жүгін көтерген, сөз өнерінің жетекші өкілдері – жыраулар болды. Қазақ жыраулары XV-XVIII ғасырлар шегінде бүгіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра қалыптастырды[1].

Осылайша кең даладағы көшпенді тірліктің куәгері, үш ғасырды қамтыған дәуірдің өзіндік жыр әлемі болғандығын жоғарыда айтылған еңбектерде дәлелдеп кетті. Тарихтың да, әдебиеттің де үлкен бір кезеңін бар қылғанда, бүкіл әлемге қазақта Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуғандардың бар екендігін жарыққа шығарғанда, Мағауинның Мұхтар деген ұлын халықтың ұлы қылған да міні осы дүниелер еді. Орны ерек, салмағы ауыр еңбектер.

«Мен» атты ғұмырнамалық хамсасында жазушы өзінің осындай биік шыңға шығуы туралы Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, Бұхарлар болмаса, жұрт білген Мұхтар Мағауин деген жазушы да болмас еді. Шамалы өрнегі, шектеулі өрісі, тапалтақ тұрғысы бар жабайы жазарманның қатарын толтырар едім. Біздің атымыздың аталуы шарт емес. Орта ғасырдағы Қазақ хандығы дәуірінде Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет сынды атақты сөз зергерлері болды деген құрметке толы лепес –XX ғасырда Мұхтар Мағауин болды деген сөз. Халқының рухы өлмесе, сен де бірге жасайсың деген сөз», - деп атап көрсетуі де жоғарыда аты аталған ұлы бабаларымыздың мұралары арқылы рухы биік халықтың дамып, қалыптасқанын нақтылай түседі[3].

М.Мағауин мұрасына ат салғандардың бірі профессор Тұрсын Жұртбай «М.Мағауин жетектеп әкеліп, әдебиет төріне отырғызған Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Ақтамберді, Үмбетай мұраларының әсерін тілмен айтып жеткізу қиын. Ең ғажабы, жыраулар

поэзиясында әлі ешкімге құл болмаған азат көшпендінің айбынды үні жатыр еді. Сондықтан да қалың жұртшылық бұл шығармаларды тарыққанда тандай жібітер тіршілік нәріндей қабылдады. Мағауин туралы сөз болғанда жырауларға соқпай өту кінә болса, дәл солай жырауларды атаған тұста Мағауиннің аты қоса аталады»[2]. Яғни, көшпенділер мұрасы - ұлттық рухты асқақтататын, тарихи зердені толықтыратын, тозбайтын, тарихтың дамуына үлкен серпіліс беретін, бүгінгі ұрпақ мақтанатын, әлемнің өркениет көшіне еркін енуге күш беретін асыл мұра деп қабылдаймыз. Міне, М.Мағауин мұрасы ұлттық тарих пен әдебиетке, философияға т.б ғылымның дамуына қайталанбас қолтаңба мен келіп отыр деп нақтылаймыз.

«Қазақ әдебиеті» газетінде біздің буында 60-жылдары әдебиетке келген, қазір 70-тің үстіндегі жазушылардың ішінен ең көп білетін ғұлама кім десе, Мұхтар Мағауин деп айтуға тиіспіз. Оның біздің әдебиетке салған олжасы аз емес. Сонау 25 жасында жазып шыққан кандидаттық диссертациясы – бірден докторлық атақ беруге тұрарлық еңбек еді. Газетте бірге істейміз, қорғауында, басқасында басы-қасында бірге болдық. Бірақ ол әрі қарай доктор болуға аса талпынған жоқ. Оның себептері де жоқ емес Одан соңғы еңбектері де аз емес. «Бес ғасыр жырлайды», «Алдаспан», «Алты ғасыр антологиясы», кейінірек Шәкәрімді қатарға қосуда еңбегі зор. Бұл – ғылымдағы жалпылама еңбегі. Жазушылықта, көркем әдебиетке әкелген жаңалығы да бір төбе. Әңгіменің, повесть жазудың шебері. Ал романда жалғыз-ақ «Аласапыранын» алсақ, тарихи романдардың ішіндегі ең шебер жазылған әрі нақты дерекке құрылған, тарихты дәл көрсететін бірегей туынды деп есептеймін[4].

Мұхтар Мағауинді қазақ жұрты алғаш әңгімелері арқылы таныды. Ал 1968 жылы жарыққа шыққан «Қобыз сарыны» оны әр қазақ үшін ардақты тұлғаға айналдырды. «Қобыз сарыны» - жай зерттеу еңбек емес,

сол уақытқа дейін XVIII ғасырдан басталып жүрген қазақ әдебиеті тарихын үш ғасыр әріге жылжытып, көмескіде қалған жыраулар шығармашылығын кейінгі ұрпағымен қайта табыстырған дүние болды. Бұл кітап қазақ зиялылары тарапынан ғана жоғары бағаланып қойған жоқ, ең бастысы, әр қазақ отбасы оны қастерлі мүліктей төрге қойып, мақтан тұтты. «Қобыз сарыны» атты еңбегі «Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясын нақты ашып берген ғылыми құнды тарихи туындыға айналды.

М.Мағауин мұрасын зерделеуде ғалым Т.Жұртбайдың зерттеулерін негізге аламыз. Оның жазбаларына тоқтала отырып, жазушының тілдік ерекшелігін де негізге алдық. Т.Жұртбай: «Мұхтарды ерекше жазушы қылып тұрған дүние оның ескі тілді жетік білуінде жатыр. Мұхтардың «Аласапыран» еңбегі тілдік тұрғыдан дербес зерттелуді қажет ететін туынды. Мен кезінде екінші рет қайталап оқығанымда 800-ден аса өзім бұрын естімеген, жаңа сөздар таптым. Ол сөздерді тұңғыш оқып тұрсам да мағынасын жақсы түсініп отырдым. Осы романда қолданылған сөздерді біз өмірге кіргізуіміз керек. Егер ол сөздер тілге еңбесе, өлі тілге айналады», - деп атап көрсетуі қазақ тілінің бай қорын тағы айқындай түскендей. М.Мағауиннің өз ортасынан үйренген, ата мен әжеден алған өзіндік сөздік қоры бар. Мағауин қазақтың ескі сөздерін өз шығармашылығына кеңінен пайдаланған. Қазақтың көне жазу стилін жан-жақты зерттеп, оны түрлендіріп, қазіргі әдебиетке қолдана білген. Дәлел келтірейік: «Ішқұста, қияли болып кетеді дейді», «мысықтан сәл-пәл ғана қалқыңқы», «енді бар бала осы жерге ошарылды», «жұнттай болып семірген» («Биік үйдегі бөрібасар»); «Күлкісі езуіне қатқан», «салыққан оң қолын сілкіді», «шыжымдай тартқан», «көрешегі алда», «шетін оқиға», «қанын ішіне тартқан», «жеті нысанды жолдан тайдырып» («Коммунистік реализм»). «Күміс шапқан ауыр кара үзеңгіні шың еткізе», «белі сөгіліп бір шаппады ғой», «еті тым ояз екен», «һай!»—деді сосын. Сәл шайқалып, ыңыл-

дай толқып отырды да, күңірене суырған», «жақсыға ғана батым болғаны ғой», «Қашымбек дарқанның үйінде», «бұдан соң аты ескіріп, жүзі көмескіленіпті», («Әбдіғаппар сері»); Жоғарыда Т.Жұртбай айтқандай М.Мағауиннің тілін, сөздерін қолданысқа енгізу керек, болмағанда қолда бар алтынның қадірі жоғалары анық деуі қазақ әдебиетіне осындай асыл мұраларды енгізу арқылы тарих қойнауына терең бойлауымызға мүмкіндік береді[2].

Академик К.Бейсенбаевтың шәкірттерінің бірі, ғалым М.Жолдасбеков М.Мағауиннің қазақ әдебиеті тарихынан алатын орнын мына сөзі арқылы айқындай түскен сияқты: «Мағауин, Рымғали бір жұдырықтай болған үшеуіміз өзіміз үнемі айта беретін қарашал Бейсенбай Кенжебаевтың шәкірттеріміз. Бисекен бізді тыңға салды, ол кезде айтуға жұрттың аузы бармайтын тақырып еді, қазақ әдебиетінің көне тарихы. Мені түркі дәуірінен бермен қарайғы әдебиетке салса, Мұхтарды қазақ хандық дәуірдергі әдебиетке әкеліп салды. Алдында біз тайсақтауын тайсақтадық, дегенмен момындығына карамай сондай бір табанды кісі еді Бисекен. Бізді осы жолда адастырмай, үлкен ғылымның есігін аштырып, сол тақырып жолдарына бағыттады. Көп ұзамай қазақ әдебиетінің тарихына арналған үлкен конференция өтті, қазіргі Абай атындағы университетінде. Конференцияның негігі тақырыбы Бұхардан әрі әдебиет жоқ деген ескі сарын. Міне осы топқа Бисекен бізді әкелді, мен сөйледім, артымша Мұхтар сөйледі, ескі сарынды жақтаған бір топ ғалымдар бізге қарсы шықты, сөзімізді жоққа шығарды. Дегенмен, қандай қиындық болса да тайсалмадық. Әсіресе Мұхтардың қайраттылығы ерекше еді. Басында мен Бисекен мына тақырыпты жазбаймын, жұрт қатарлы жаттанды тақырыптарды қорғай берейін, бала-шағам бар, мынамен жүрем бе, мені қорғатпайды дедім, ол кісі болса уайымдап қалатын. Сондай уақытта мені қайрап, жігерлендірген Мұхтар болды. «Мырзатай

не де болса кеттік осы жолмен, келешек те осы бағытта. Біздің әдебиетіміз бен тарихымызды бәрібір ешкім тартып ала алмайды», - дейтұғын.

Міне, М.Мағауиннің ерлігі осы еді. М.Мағауиннің зерттеулері қазақ әдебиеті ғылымына қосқан үлес ғана болып табылмайды, ол ұлттық тарихымызға қосқан орны толмас алтын қазына. Жоғарыда келтірілген мәлімет арқылы қазақ әдебиетінің даму тарихындағы көне түркілік кезең мен Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттің қалыптасуы Бейсенбай Кенжебаев пен оның шәкірттерінің арқасында болғандығына көз жеткіземіз. Қазақ хандығына 550 жыл толу қарсаңында төл әдебиетке тоқталмай болмайды, осы тұста дербес әдебиеттің көш басында Мағауиннің есімі тұрғандығына тағы да көзіміз жетеді. Жоғарыда өзі айтып кеткендей, XV-XVIII ғасыр аралығында Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбеттің болғандығы XX ғасырда Мұхтар Мағауин деген жазушының болғанына куәгерлік болып тұрғандай.

Қазақ хандығының 550 жылдық мерей тойының 2000 жылдық тарихы бар киелі Тараз жерінде өтілуі біздің тарихи дамуымызды тағы бір нақтылай түскендей. Осы тұрғыдан алғанда, аталған кезеңдегі тарихты, әдебиетті, көшпелілер философиясын, т.б. ғылымның бастаулырын әлі де болса терең зерттей түскенде қажет етеді. Қазақ хандығы тұсындағы қазақ әдебиетін зерттеуші М.Мағауин еңбектерін бүгінгі оқу - тәрбие үдерісіне енгізудің қажеттілігін көріп отырмыз. «Мағауинтану» пәнін үздіксіз білім беру жүйесінде кеңінен енгізе білсек, тарихымыздың әлі де болса ашылмай жатқан құндылықтарынан бүгінгі жастар сусындап, Елбасы ұсынып отырған «Қазақ елі - мәңгілік ел» идеясын іске асыруда негізгі орын алары сөзсіз. Қазақ хандығы тұсындағы тарихи мұраларымыз – бүгінгі жастардың бойындағы ұлттық идеяны, қазақ идеясын, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруда басты бағыт болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мағауин М. «Қобыз сарыны». ХҮ - ХҮІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. – Алматы., Мектеп. 2007. -192 б. (Жетінші сөз» сериясы).
2. Мағауин М. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет. Алматы., «Ана тілі» 1992. – 176 б.
3. Мағауин М. «Мен» ғұмырнамалық хамса
4. «Қазақ әдебиеті» №5, 2015 .
5. Мынжанұлы А. Қазақтың көне тарихы. – Алматы., Жазушы, 1992. –400 б.
6. Мағауин М. «Қобыз сарыны». ХҮ - ХҮІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. – Алматы., Мектеп. 2007. -192 б. (Жетінші сөз» сериясы).

ӘОЖ 3.37.371.371.3

М.А.Нуриев

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры
т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

Ж.А.Сейсенбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директордың орынбасары, ф.ғ.к.
Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері*

А.Е.Садыкова

*Абай атындағы ҚазҰПУ
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ-ның expertі, магистр
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

Д.М. Советканова

*Абай атындағы ҚазҰПУ
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі, магистр*

Ж.Б. Қдыралиева

*Абай атындағы ҚазҰПУ
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ expertі, магистр*

Жобалап оқыту технологиясының үздіксіз білім беру бағдарында қолданудың тиімділігі

Ғылыми мақалада жобалап оқыту әдісінің үздіксіз білім беру бағдарында қолданудың артықшылығы мен тиімділігі ашып көрсетілген. Жобалап оқыту технологиясы білім беру әдісі ретінде қарастырылып және қазақстандық білім беру жүйесінде қолдану негіздеріне мысалдармен ғылыми сараптама жасалған. Жобалап оқыту технологиясының ерекшелігі – білімгерлерді ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы кез келген мәселені шеше білуге, жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигіз-

еді. Жаңа ғылыми ізденіске жетелейтін әдіске жан-жақты сараптама жасалып, нақты дәлелдемелер мен мысалдар келтірілді.

Түйін сөздер: жобалап оқыту, ізденіс, шығармашылық, білім, ғылым, даму

Статья раскрывает проблему исследования роли проектной деятельности в развитии профессиональных и личностных качеств обучающихся.

А также рассматривается вопрос о роли метода проекта в образовании и воспитании современного школьника. В настоящее время мы наблюдаем, стремительные изменения в обществе, которые требуют от человека новых качеств. Формирование этих качеств возлагается на образование. Именно проектно-исследовательская деятельность даёт новые возможности для решения этих задач. В ходе проектной деятельности учащиеся не просто приобретают знания, они ещё и учатся тому, как самостоятельно в современной жизни приобретать эти знания. В основу метода проектов положена идея о направленности учебно-познавательной деятельности учащихся на результат, который получается при решении той или иной практически значимой проблемы.

Ключевые слова: проектное обучение, поиск, творчество, знание, наука, развитие.

Application of the scientific method of continuing education training course designed disclosed advantage and efficiency. Design and technology should be considered as a method of education and training of Kazakhstani education system of the examples on the basis of scientific expertise. Technology design and training - in search of students, business and educational initiatives, the ability to solve any problem through the development of creative abilities, contributes to the formation of an individual. New scientific search method that will lead to a comprehensive analysis of specific evidence and examples.

Keywords: design education, research, creativity, education, research, development

1. Жобалап оқытуды бастауыш сыныпта қолданудың тиімділігі

2. Негізгі орта мектеп мазмұнында жобалап оқыту технологиясын жүзеге асырудың жолдары

3. Жоғарғы сыныптардағы жобалап оқыту технологиясы негіздері

4. Жоғары оқу орындарында жобалап оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі

Әлемдік өркениетке жетелейтін, дамыған елдер қатарынан бой көрсетуге септігін тигізетін - сапалы білім екендігі даусыз. Ол үшін, заманауи бағытта, балабақшадан бастап, педагог мамандарға дейін заманауи әдістермен қанығып, бүгінде қолданысқа ауадай қажет инновациялық технологиялармен оқыту керек. Осыған орай, білім алушыларды заманның ағымына қарай дәстүрлі білімді жаңа әдіспен алмастыру негізінде ғалымдар тарапынан инновациялық білім беру бағдарлары тәжірбиеленуде. Білім берудегі өзіндік ойлау

мен зерттеуге дағдыландыруға жетелейтін оқу технологияларының бірі – жобалап оқытудың үздіксіз білім беру бағдарында қолданудың тиімділігін нақты мысалдармен ұсынбақпыз.

Жобалау технологияның өзекті тұсы – білім алушылар әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, теориялық білімін тәжірибеде қолдану негізінде субъект ретінде қалыптасып, өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімі артып, интеллектуалды, кәсіби тұрғыда дамып, жауапкершілікті сезіне түседі.

Қазіргі жаппай жаһандану заманында экономикалық, әлеуметтік, саяси және адамгершілік проблемалар ушығып, шиелінісе түсуде. Осы мәселелерді шешуде қай елдің болмасын, білім сапасының атқарар рөлі зор екендігі айтпаса да белгілі. Себебі, халықаралық аренада әр елдің саяси тұрақтылығының сақталуы мен экономикалық бә-

секелестікке қабілеттілігі, сол елдің адам капиталының сапалық маңызына байланысты. Осы тұрғыда, қай мемлекеттің білім сапасы жақсы болса, кез келген бәсекелестікте басым түсері анық. Олай болса, тәуелсіз мемлекетіміздің тұтқасын ұстау білімді де, білікті жастардың еншісінде. Ал еліміздің ертеңгі болашағы – мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы жастар – бүгінгі студенттер. Сондықтан да, оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру, білімге ұмтылдыру өте өзекті мәселе.

Бастауыш білім үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы басқышы екенін ескере отырып, оқушыға белгілі бір көлемдегі білім-білік, дағдыларды меңгертумен бірге табиғат қоғам, адам, айналаны қоршаған дүние туралы танымын қалыптастыру, оның жеке басының қасиеттерін жан-жақты дамыту, жоғары адамгершілік принциптерге тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақстан Республикасының «Білім Заңында» (8 бап) білім беру жүйесінің міндеттері бөлімінде: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағыттылған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» делінген [2]. Және де Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді деңгейлері мен мазмұны нақты көрсетілген: «бастауыш мектептің негізгі міндеті – баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту» делінген [2].

Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – білім алушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы болашақта әр түрлі жағдаяттарда, кез келген қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлап, оны дұрыс орындап шығу – болашақта кез келген жағдаятқа бейімделген

тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Демек, жобалап оқыту технологиясы білім алушының өз бетімен ізденіп, өзіне деген сенімділік күшін оятып, ойын анық жеткізуге, дұрыс оңды шешім қабылдаудың негізінде тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Бүгінгі оқу процесі білім бердің әр түрлі моделдерін ұсынып отырған техника мен ғылымның даму бағдары білімді жан-жақты тұрғыда қамтып, ақпараттың даму ағымынан қалмай, білімді ғана емес, тәрбиелі тұлға қалыптастыруды мақсат етуде. «Бала оқытып, тәрбиелеумен айналысатын барша педагог қауымының басты міндеті – әр оқушының қабілетін ашуға жағдай жасау, жеке тұлға қалыптастыру» [1] деп нақтыланған «Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары» атты оқу құралында. Ендеше, бүгінгі білім беріп жүрген оқытушы құрамы тұлға дамыту бағдарын нақты жолға қоюды міндет етіп ала отырып, оқытудың жан жақты технологияларын бағдарда ұстануы шарт.

Оқу орындарының оқыту процесінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірі – Жобалау әдісі. Жобалау әдісі – оқу-тану тәсілдерінің жиынтығы. Олар белгілі бір проблемаларды білім алушылардың өздігінше шешуге және сол шешімнің нақтылы бір нәтижесі «қалайда болады» деген сенімімен байланысты жүзеге асырылады.

Жоба әдісі бастауыш сынып оқушылар шеберлігі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру құралы ретінде пайдалануға болады.

Соңғы жылдардың ішінде мектепте жаңа технологияларды кеңінен қолдану орын алып отыр. Өйткені, қазіргі қазақ елінің дамуы, өркениетті елдердің қатарына қосылуы тек білімді де білікті мамандар арқылы іске асыруға болады. Ендеше, қазіргі оқыту үрдісінің мақсаты оқушыны жан - жақты қалыптасқан, бәсекелестікке бейім жеке тұлға тәрбиелеу. Сол тұлға қалыптастыру бағдарында білім беру мәселесі жаңа технологияларды толық қамтып, жан-жақтылыққа бейімделуі шарт.

Жобалап оқытудың артықшылықтары. Білім алушылардың логикалық дәрежеде ойлау арқылы, өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдерінің артуы, жобамен жұмыс жасау негізінде алған білімінің нәтижесін көрсетуі және өздеріне артылған жауапкершілікті сезіне алуы.

Нәтижесінде, берілетін білім сапасы артады. Сонымен қатар, даму деңгейі әр түрлі білімгерлердің мүмкіншіліктері мен өзара ынтымақтасу арқылы қарым-қатынас түсу сияқты іс-әрекет шеберлігі жетіледі.

Жобалау әдісінің басты идеясы: оқытушылар мен ата-аналардың көмегі арқылы балалардың танымдық қызығушылығын барынша дамыту және де өз беттерінше өз білімдерін дұрыстап ақпараттық кеңістікте жөн таба білу және сыни ойлауын жетілдіру болып табылады.

Бастауыш кезеңінде оқушылардың еңбегін бағалауда, мақтау-мадақтау ережелерін сақтау дұрыс бағытта болғаны жөн. «Мақтаудың ережелері. Бастауыш сынып оқушыларын мадақтау ережелері тұлғаның жас ерекшелігі мен психикасын ескеріліп жасалған. Дәстүрлі мақтау, яғни, «сен үлгілі оқушысың, сабақтан қалмай, жақсы оқисың» секілді мақтау түрлері балалардың қай жағынан мықты екенін, нені жөндеу керектігін түсіндірмейді. Мақтауда бірнеше оқушыны сабаққа жақсы үлгерімі үшін мадақтау, қалған оқушылардың оқуға талпынысы ескерілмей, оқығанын жоққа шығарумен бірдей болады. Жалпы мадақтау ісі қарапайымды бола тұра, өте жауапкерлі іс. Мадақ шектен тыс әсіреге айналып кетпей, орынсыз кем де болмауы керек. Санамен сарапталмаған әсіре мадақ баланы бұзады. Сол себепті, мадақтаудың психологиялық қырлары мен оның салдарын ескерген жөн:

1. Мадақ-марапат сырттай көзге түсіп, әйгілену ниетімен емес, мақтаушы мұғалім мен марапатталушы оқушының, яғни, екі тараптың бірдей жан дүниелік қалауы мен қабылдауынан болуы шарт.

2. Мадақтау арқылы тәрбиеленушіні басқа балаларға қарсы қойып алмауды да ойлас-

тырған жөн. Сондықтан, тек табысқа жеткен оқушыны ғана мақтап шектелместен, шын ықыласымен еңбектенген, өз ісіне адалдық танытатындардың бәріне де жылы лебіз, мадақ сөзді аянбаған жөн.

3. Сондықтан, мұғалім оқушыны белгілі бір қасиеті, шеберлігі үшін мақтау керек. Мысалы, оқушыны «Сен өте зерек, байқағышсың, сурет салуға қабілеттісің, тез ұғып аласың» деген сияқты бағалау түріндегі мақтау сөздерімен білдіруге болады. Ал, үнемі бір оқушыны мақтау, қалған оқушылардың эмоционалды психикасына әсер етіп, сабаққа деген ынтыласын, өзіне деген сенімін жоғалтады. Оны болдырмау үшін мақтау ережесіне сай оқушылардың қабілетіне сай таңдаулы сөздерді қолдану керек»[1].

Мектептегі оқу - бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жататынын ескерсек, **1 сынып оқушыларындағы әлеуметтік -психологиялық өзгерістер - жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлінің** тереңдігі түсінікті. Ендеше, жобалап оқыту технологиясын мектеп табалдырығын жаңа аттап отырған бүлдіршіндерге пайдалану терең ізденісті қажет ететін дүние. Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым-қатынастағы белгіленген ара қашықтықты, осы қарым-қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді. Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы жалықтырып алмай, қайта терең ізденіске қызығушылық арқылы бейімдеу жағында біз зерттеп отырған жобалап оқыту мәселесін орнымен қолдану қажет.

Бастауыш мектептегі жобалау әдісін қолдану негізгі мектептегі жобалау жұмыстарының даму негіздерін қалайды. Сонымен қатар, оқушылар жобалау жұмысының негізін ойы мен іске асыру, шешім қабылдау, нәтиже шығару деп таниды. Жобалау жұмыстары сабақтан тыс жүргізіліп, пәндік тұрғысынан да шығып кетеді. Осының нәтижесінде оқушылар арасындағы және мұғалімдермен қарым-қатынасы өзгереді. Жобалау жұмыстарының нәтижесін алдын-ала

білмеген соң, баға идея, оның іске асуы, жобалау нәтижелерінің практикалық қолдануы және де ынтаға қойылады. Жобалау жұмысына қойылған баға арқылы оқушы өзіне баға беріп, өзін көп жақтардан тани бастайды. Бірақ жобалау жұмысының нақты жүргізілуі үшін мектеп мұғалімдерінің барлығының жұмысы керек. Жобалау жұмысын жүргізу үшін уақыт, лаборатория, шеберхана, кітапханада өзіндік жұмыс жүргізуге мүмкіндік, топпен жиналып консультация алу үшін уақыт бөлу керек.

2. Негізгі орта мектеп мазмұнында жобалап оқыту технологиясын жүзеге асырудың жолдары

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлт жоспарының «100 нақты қадам» бағдарламасы [1] аясында, жеткіншек ұрпаққа ғылыммен шұғылданудың дағдыларын қалыптастырудың жүйесін құру керектігін міндет етіп қоюына байланысты, қазақстандық білім беру жүйесіне оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы, болашақта әр түрлі жағдаяттарда, кез келген қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу қажеттігі өзекті мәселеге айналууда.

Жалпы, мектепте білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына[2] сай, жалпы білім беру бағдарына, оқытудың мақсаты мен мазмұнына[3] негізделген, жақсы нәтижелерге жету кепілдігін беретін оқытуды көздейтіні айқын. Бұл жерде тек қана жан-жақты білім беріпқана алып қоймай, кәсіби біліктілікке жетелейтін, өздігінен кез келген мәселені шешуге және өмірдің небір күрделі сәтінде ұтымды жол таба алуға бейімдеумен қамтамасыз ететін оқуың бірі – жобалап оқыту технологиясы болып отыр. Жобалау әрекетінде оқушылардың өзгермелі өмірлік жағдаяттарға бейімделуін, қажетті білімді өз бетінше ала білу, практикада туындап отыратын мәселелерді шеше білу

қабілеттерін шешуге мүмкіндік беретін танымдық белсенділік артықшылықтарға ие. Жобалап оқыту – қазақстандық білім беру жүйесінде жаңалық емес. Тұтастай, толыққанды мәнінде болмаса да, кейбір жеке-леген элементтері жалпы орта білім беру үдерісінде, бастауыш сыныптан бастап жоғары сыныпқа дейінгі аралықта қолданылуда. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында ғылыми және күрделі түрде жобалап оқыту технологиясы ұтымды жүзеге асырылып та келеді.

Қазақстан Республикасының Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (ҚР МЖБС-2012) көрсетілген 2-ші тарауындағы «Білім мазмұнына қойылатын талаптарға» сәйкес, оқушыға жобалап оқыту арқылы берілетін білім:

- Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларындағы ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгертуге және олардың бойында тұлғааралық, этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады (ҚР МЖБС-2012, 10-шы бөлімінде көрсетілген).

- Базистік ғылым негіздерін меңгертуін, жоғары рухани-адамгершілік мәдениетінің қалыптасуын, бейіналды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етеді (ҚР МЖБС-2012, 11-ші бөлімінде көрсетілген).

Бұл күндері жобалап оқыту технологиясы еліміздегі негізгі орта білім мазмұнын құрайтын жеті білім саласында: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Өнер», «Технология», «Дене шынықтыру» (ҚР МЖБС-2012, 12-ші бөлімінде көрсетілген) және өзге де қосымша пәндер аясында толықтай болмаса да, кейбір элементтері қолданыста жүр. Соңғы тәжірибелер көрсеткіші бойынша жобалап оқыту әдісін, әсіресе, негізгі орта мектептің 5-9 сыныптарында жүргізгенде тиімді нәтижеге қол жеткізетін боламыз. Өйткені, 5-сыныпта оқушы

әлеуметтік-психологиялық жағдайының дамуы өзгеріп, айналасындағы қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынас жасай бастайтын кезі. Сонымен қатар, әртүрлі өнер саласы мен техникалық құрал-жабдықтарға деген қызығушылықтары арта бастайды. Сол себепті де, 5-7 сынып буындарында жобалап оқыту кезінде топпен жұмыс жасау арқылы адамдармен байланысқа түсуге, түрлі жобамен жұмыс істеуге қызығушылықпен қарайды. 8-9 сынып оқушыларына жүргізуде де өзіндік ерекшеліктері болады. Өйткені, 8-9-сыныптарда бейінді дайындаудың алдыңғы кезеңі, яғни, оқушылар өздігінен болашақ мамандығын таңдайтын кезең болып есептеледі. Жобамен жұмыс барысында белгілі бір мәселелерді шешу негізінде болашақта өзі қалайтын мамандық саласын анықтай алады. Жобалап оқыту әдісін 8-9-сыныптарда оқытудың тағы бір артықшылығы, бастауыш және негізгі мектептен алған білімін жүйелеп, қортындылап, пәнаралық жоба кезінде оқушылар пәндерді біріктіру арқылы өздеріне қажетті білім алуды үйренеді.

Негізгі орта мектепте жобалап оқыту технологиясын қолданудың негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастырып, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру. Осы арқылы әр оқушыны болашақта түрлі жағдаяттарда, кез келген қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу. Жобалап оқыту кезінде оқушылар жоба бойынша сұрақ әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, сын тұрғысынан ойлап шешуге итермелейді. Яғни, жобалап оқытудың бұл элементі сын тұрғысынан ойлау әдісін қолданады.

Негізгі орта мектептің 5-7 сынып (инварианттың) оқушыларында белсенді қызығушылық және танымдық қалыптасу кезеңі, ал 8-9-сыныптар – бағдаралды кезең болып бөлінеді. Осы кезеңге сәйкес жобалап оқыту технологиясы аясында берілетін тапсыр-

малардың барлығы қабылдау қабілетіне сай жасалуы тиіс.

Яғни, Қазақстан Республикасының Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (ҚР МЖБС-2012) көрсетілген 4-тарауындағы «Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарындағы» үш аспектісіндегі «Жүйелік-әрекеттік нәтижелері» бөліміне сәйкес, оқушылардың бойында:

- 1) ғылыми ақпаратты талдай, өңдей, жинақтай және қолдана білу;
- 2) адамзат қоғамының өркендеуі үшін ғылыми жетістіктерді пайдалану аясы мен ғылым негіздері бойынша жүйелі білімін;
- 3) таным, жобалау, құрастыру, зерттеу және шығармашылықпен қолдану әдістерін;
- 4) заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру;
- 5) жоғары деңгейдегі коммуникативтік қабілеттілігі мен көптілді мәдениеттілік құзыреттіліктері қалыптасады.

Бұл құзыреттіліктер нәтижелері оқушының пәндік олимпиадалар, таңдау курстары, шығармашылық оқу жобалары, сондай-ақ, зерттеу жұмыстарының басқа да түрлері бойынша қол жеткізген жетістіктерімен анықталып, оның портфолиосына жинақталатын болады.

Сонымен, жобалап оқыту технологиясын негізгі орта мектепте қолдануда, оқушылардың бойында жобалап оқыту кезінде құрбы-құрдастары, қоршаған ортамен түрлі қарым-қатынастық байланысқа түсу машығын қалыптастырып; белгілі бір күрделі және кезектен тыс қойылған мәселелерді шешу негізінде болашақта өзі қалайтын мамандық саласын анықтай алуын; бастауыш және негізгі мектептен алған білімін жүйелеп, қортындылап, пәнаралық жоба кезінде пәндерді біріктіру арқылы өздеріне қажетті білім алуды үйрену мақсатына қол жеткіземіз.

Жобалап оқыту технологиясы түрлі әдістер элементінен құралғандықтан, күрделі міндеттер мен кезеңдерден, зерттеулерден

тұрады. Басқа әдістерден ерекшелігі жоба бойынша оқушы нақты бір нәтижеге, өнімге қол жеткізетін болады. Сонымен, оқушыларға дайын өнімді қабылдайтын ғана емес, өз бетімен ізденетін, дербес іс-әрекет жасай алатын тұлға ретінде қарау – жобалау технологиясының негізі болып табылады. Нақты тақырып төңірегінде оқушы алдына әр кезеңде мақсат қойып, сол мақсатқа қол жеткізудегі іс-әрекеті анықталады. Егер де, оқушы жоба тақырыбын дұрыс тандай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс тұлға болып қалыптасады деген сөз. Әртүрлі жағдаяттарды дұрыс шешім қабылдай отырып, неше түрлі адамдармен тіл табыса отырып, кез келген ортада дұрыс бағыт-бағдар алатын болады. Демек, жобаның тиімділігі көзбен көріп, құлақпен естіп, оны есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде жатыр.

Негізгі орта мектепте жобалап оқыту әдісінің іске асыру шарттары. Мәселенің болуы. Қысқа мерзімді немесе мини-жобалар 1-2 сабақтықамтитын кішігірім мәселелерге арналып өткізіледі. Орта мерзімді жобалар (макро-жоба) сабақтан тыс жұмыстарда (үйірмелер, факультативтер, элективті курстар) жүзеге асады. Ұзақ мерзімді жобаоқытылып жатқан пәндердің тақырыбымен сәйкес келуі мүмкін, алайда мектепте тереңінен оқытылмайтын материалдар қарастырылады.

1. Жоспарлау. Мұғалім жобаның мақсаттарын және тапсырманы шешудің жолдарын анықтауға жәрдемдеседі. Жобаға қатысушылардысыныптағы оқушылардың санына қарай 3 адамнан 5 адамға дейін топқа бөледі. Әрбір топ ішіндегілерін идея генераторы, презентатор, дизайнер, сыншы, энциклопедияшы, хатшы және т.б. рөлдерді тағайындайды.

2. Ақпаратты іздеу. Жобада ғаламтор маңызды рөлдерді атқарады. Өйткені, ақпарат

көзін ғаламтордан алып, оны жоба мақсатына қарайөңдейді. Мұғалім әрбір топтың тапқан ақпараттарын дұрыстығынқадағалайды.

3. Жұмыстың қорытындысы. Оқушы жиналған ақпаратты талдап қорытынды жасауы тиіс. Мұғалім ғылыми кеңесші ретінде рөл атқарады. Жоба арқылы жасалған өнім қолданған әдісіне қарай, орнына қарай түрлі болуы мүмкін. Егер теориялық мәселе болса, нақты оның шешу жолдары, ал тәжірибелік болса нақты нәтижемен көрсетілуі керек.

4. 5-6 сынып оқушыларына пәннен өткен тақырыптарда ертегі немесе детективті оқиғаға шығарма жазу тапсырмасын беру арқылы жобалап оқыту технологиясын қолдануға болады.

5. 8-9 сынып оқушылардына күнделікті өмірде мәселенің шешімін табатын, әлеуметтік жағдайға зерттеу жүргізілетін жобаларды ұсынады. Мәселен, математика пәні бойынша жоба ұсынатын болсақ, оқушыларға адамның бір айлық күнкөріс мөлшерін анықтауға тапсырма беріледі. Оқушылар адамның өмір сүруі үшін қажет ететін тамақ, тұрмыс шаруашылығына керек заттар, коммуналды қызметтерге кететін жалпы суммасын есептеп шығарады.

6. Жалпы жобаның нәтижесі реферат, эссе, электронды жұмыс, математикалық модель, мультимедиялық өнім, презентациялық есеп болып табылады.

7. Жобаны бағалау. Әрбір жобаның орындалу тәрбіне қарай балл беріліп, 85 баллдан жоғары «өте жақсы», 65-тен 80 жалға дейінгі «жақсы», 50-ден 65 баллға дейін «қанағаттанарлық», 60 баллдан төмен болса қайта жасалуын талап етеді.

Негізгі сыныптарда жобалау технологиясын қолдану келесі ережелер мен принциптерге сүйенеді:

1. Командада жетекші болмайды, барлығы тең құқылы.

2. Команда бір-бірімен жарыспайды.

3. Команданың барлық мүшесі жоба тапсырмасын бірігіп орындау барысында, бір-бірімен қарым-қатынасқа түскені үшін қанағаттанарлықтай сезімде болуы қажет.

4. Әрқайсысы өз-өзіне сенімділіктен қанағаттанатындай нәтижеге жетуі керек.

5. Барлығы белсенді түрде ат салысып, ортақ іске өз үлестерін қосуы тиіс.

6. Орындалып жатқан жоба тапсырмасының ақырғы шешіміне барлық команда мүшелері жауапты болады.

Негізгі орта мектепте жобалап оқыту технологиясын сабақта қолдану жолдары төмендегідей бірнешеге бөлінеді.

Ғылыми жоба. Ғылыми жоба болуы үшін, ғылымның осы саласындағы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және жеке, бұрын мәлім болмаған жақтарын жариялайтындай бағыт болуы тиіс. Практикалық тапсырмаларды шешуде жаңалық енгізетін аппараттар, модельдер мен аспаптардың конструкциясын ұсынатын, мектептегі эксперименттерді, өндірістік үрдістердің ұтымды пайдалануын жетілдіруге қатысатын, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталатын экономикалық- заңды негіздемесі бар компьютерлік модельдер мен жобалар болуы міндетті. Ғылыми жобаларда бұрын қаралған және қорғалған жобаларды таңдалмайды.

Шығармашылық жоба: әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер. Нәтижесінде балалар музыкалық ертегі драмаластыру, столүстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу, кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған, суреттелген диафильмдердің фильмотекасын жасау, альбом дизайны көрмесі. Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

Рөлдік ойындар жобасы: бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда оқушылар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді. Жоғарылау сыныптарда роман желісіндегі кейіпкерлерді сомдайды. Нәти-

жесінде: - Мазмұнды ойын, оқушы мереке-лері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейіптендіре біледі. Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Оқушылар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

Зерттеу: ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әртүрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

Ақпараттық жоба. Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауды бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жобасы бойынша күнделігін тексереді.

Ал енді, осы жобалап оқыту технологиясы бойынша сабақты төмендегі мысалдар арқылы ұйымдастыруға болады.

1-үлгі

Ақпараттық жоба

Жаратылыстану сабағында қолдану

5-сыныпта көбінесе ойын және танымдық жобалар қолданылады. Жобаның түрлері әртүрлі болуы мүмкін, мәселен, суреттер, хабарлама, тірек-сызбалар, карта, макеттер, танымдық тапсырмаларды құрау[4]. Төменде география пәнінен әртүрлі тақырыптар негізінде бірнеше мысалдар келтірілген.

«Жер туралы білім қорын жинақтау» тақырыбында

- «Әйгілі саяхатшылардың ізімен» атты хабарлама – саяхатшылардың жолдарын карта бойынша көрсете отырып, олар туралы қысқа ақпарат беру.

- «Әйгілі көнегрек ғалымдары» атты хабарлама.

«Жер шары» тақырыбында

- «Күн жүйесінің» пластилиннен жасалынған макеті

- «Жердің жасанды серігі», «Метеориттер» туралы хабарлама

▪ «Жер – ерте дәуір адамдарының танымы бойынша» атты суреттер байқауы

«Жердің географиялық үлгісі» тақырыбында

▪ стөлдер мен орындықтардың жобасының масштабын құрастыру

– «Суға батып кеткен кемелерді іздестіру» – географиялық координаттары бойынша тапсырмалар құрастыру

▪ «Шартты белгілер» суреттер байқауы

«Жер қыртыстары» тақырыбында

▪ «Жердің ішкі құрылымы» пластилиннен жасалынған макет

▪ Пайдалы қазбалар және оларды қолдану жайлы хабарлама

▪ литосфералық қабықтың шегаралық картасы

▪ литосфералық қабық картасына қатысты белгілі вулкандар картасы

▪ вулканның макеті

▪ Картаға белгіленген мұхиттардың түбі көрсетілген сурет.

Балалардың көбі бұл жұмыстарды жеткіліксіз білімдерін әртүрлі ақпарат көздерінен толықтыра отырып, ыждаһаттықпен орындайтын болады. Танымдық және практикалық тапсырмаларды шешу барысында алған білімін қолдануды үйренеді. Әртүрлі топта жұмыс жасау арқылы коммуникативтілікті үйренеді. Өзіндегі зерттеушілік қасиетін (жалпылау, болжау құру, талдау, бақылау, ақпарат жинау, мәселені алға қоюды үйрену) және жүйелік ойлауын дамытады.

Бұл жердегі нысана – оқушы. Оның шығармашылық қабілетінің дамуы. Оқушылар өз еңбектерінің бағасын сыныптастарының реакциясы мен мұғалімнің бағалауы бойынша бірден білетін болады.

Географияны оқытуда жобалап оқыту технологиясын қолдану ерекшелігі – оқушы іс-әрекеті жобасының өлкетанулық бағытының анық көрінуі болып табылады. «Пайдалы қазбалар» тақырыбында әр аймақтағы пайдалы қазбалар туралы қозғауға болады. Мәселен, еліміздегі «Кен орындарындағы пайдалы қазбалар» атты фото көрме ұйымдастыру, ал «Жер қыртыстарының қозғалуы»

тақырыбында Қазақстанның шөл және шөлейтті аймақтардың жер қыртысы жағдайына СЭС-тің әсерін зерттейді.

Қорытындысында оқытудың ешқандай әдісі әмбебап емес екендігі, тек басқа әдістермен әрекетке түсуі арқылы оқу үдерісі нәтижелі шығармашылық жұмысқа айналатындығына көз жеткіземіз.

2-үлгі

Ғылыми жоба

Технология сабағында қолдану

«Технология» пәні еңбек және технологиялық мәдениетінің, практикалық білімі мен білігінің қалыптасуымен қамтамасыз етеді. Табиғи және әлеуметтік орта объектілерін табу, оларды қолдану немесе қайта құрудағы құрал, үдеріс, таным әсерлері мен нәтижелері, көп таралған әдістермен қаруландырады. Бұл – оқушылардың заманауи технологиялық ортада табысты түрде бейімделуіне және қоршаған ортада өзін-өзі таныту мен қайта қалыптасуға белсенді түрде қатысуына жағдай жасайды [5].

Технология сабағында қолданылатын жоба түрлері әртүрлі. С.Хейнс келесі төрт жобаның категориясын көрсетеді:

1. Ақпараттық және зерттеу жобасы

2. Шолу жобасы

3. Өнімдік жоба (технология сабағында көп таралған түрі)

4. Сахналық немесе ұйымдасқан жоба.

Жоба түріне қарай әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, технологиялық карта құрау және бұйымдар жасау, оқиға болған орында «еңбек десантын» ұйымдастыру, т.б.

Жоба көлеміне қарай да түрліше болып келеді. Оқу жобасының 3 түрін бөліп көрсетуге болады:

1 қысқа мерзімді (2-6 сағаттық)

2 орта мерзімді (12-15 сағаттық)

3 ұзақ мерзімді, материал табуға, оны талдауға, т.б. көп уақытты қажет ететін.

Зерттеу жобасы мазмұнына қарай:

- Бірпәндік (тек қана қызмет көрсететін еңбек бойынша)

- Пәнаралық (бірнеше пәндердің күрделі тақырыптарын кіріктіреді, мысалы, тарих

пен технология, сызу және технология, эстетика, бейнелеу өнері мен технология, т.б.)

- Сабақалды (мысалы, факультативті сабақ жүріп жатқанда, шығармашылық шеберлік жұмыстары мен кіріктірілген курстарды үйрену барысында орындалатын «Мен тұрғым келетін үй») болып келеді.

Оқу жоспарына қосылу бойынша жоба төмендегідей болып келуі мүмкін:

- Қорытынды – оны орындау нәтижесі кезінде белгілі бір оқу материалын оқушылардың қалай игергенін бағалау

- Ағымдық – бұл жағдайда оқу курсы мазмұнының бір бөлігі жоба іс-әрекеті мен өздігінен білім алуға беріледі.

Орты сынып оқушыларына жобалау технологиясын алғашында минижоба арқылы іске асыруға болады. Мұндай жобалар жыл-

дам орындалуы да мүмкін. Бірақ, мазмұны бойынша «табысқа жету жағдайын» құрастыру және жоба әрекеті этаптары мен негізгі шарттарына жауап беретіндей жақсы дайындалған болуы керек.

Мәселен, «Ескі киімдерден жыртындысынан жасалынған құрақ көрпе» тақырыбы. Бұл жұмысты орындау барысында балалардың қиялын дамытып, ойлап табуға деген шығармашылық жұмысына итереді.

Минижобалар әртүрлі тақырыптардан тұрып, бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінде іске асуы қажет.

Мысалы үшін 5-сыныпты алайық. Төмендегі кесте арқылы 1-2 сабақ көлемінде жасалынатын жоба түрлерін **1-мысал** арқылы береміз.

Бағдарлама бөлімдері	Жоба атауы	Жобалау құрамдары	Алынған нәтиже	Ескертпе
Аспаздық	«Витаминдік салат»	Міндеттердің қойылуы, зерттеу (әдебиеттерді талдау, көкеністердің тағамдық құндылықтарын талдау), даярлау технологиясының схемасы. Тамақ даярлау. Жобаны ауызша қорғау кезіндегі өзін-өзі бағалау	Аспаздық байқау	Топтық жоба. Топқа бір дизайн-папка құрастырылады, аспаздық тамақ та біреу.
Құрақ пластика	Асүйлік жинақ	Алға қойылған міндеттердің қажеттіліктері мен мәселелері, материалдардың түрлі түстігін зерттеу. Талаптар даярамасы. Дайындау жоспарын құрастыру. Орындау. Өзін-өзі бағалау. Жобаны қорғау.	Жұмыстар көрмесі	Топтық жұмыс. Бір ғана зизайн-папка құрастырылады. Жасалынған бұйымдар саны топтағы адам санына қатысты. Бұйым стиль жағынан бірдей болуы тиіс.
Алжапқышты үлгілеу	«Сәнді алжапқыш»	Алға қойылған міндеттердің қажеттіліктері мен мәселелері, нарықты зерттеу, адамдардың ой-пікірлерін зерттеу. Алғашқы ойлар, ең жақсысын таңдау, таңдап алынған ойларды пысықтау. Үлгілеу. Өзін-өзі бағалау. Қорғау.	Жұмыстар көрмесі	Жеке жоба

Сонымен, қорытындылай келе, жобалап оқыту технологиясы – қарым-қатынас, сөйлеу барысында оқушылардың белсенділігін арттыру, өз бетімен атқаратын жұмысын жете білу, жоғарылату болып табылады.

Бұл жобада мұғалімдерді қызықтыратыны – оқушылардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны із-

деніске іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

1. Жоғарғы сыныптардағы жобалап оқыту технологиясы негіздері

Жобалап оқыту технологиясы мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізетін, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектесетін педагогикалық әдістердің бірі болып табылады. Бүгінде жобалап оқыту технологиясының әдістері арқылы жоғарғы сынып оқушыларының жалпы ойларын бір жүйеге келтіру, жақсы психологиялық жағдай жасау, ойлау қабілеттерін дамыту және өз бетінше білімдерін бір жүйеге келтіру мақсатында жоба әдістемесін қолдану қажеттігі туындап отыр. Бұл жобада мұғалімдерді қызықтыратыны – оқушылардың әр саладан алған білімдері үлкен мәселені шешуге мүмкіндік береді. Жоба түсінігі бойынша алынып отырған идея теориялық және практикалық тұрғыда шешіледі. Осыған сәйкес, аталмыш жұмыс белгіленген нәтижеге жетіп, қорытынды шығаруға бағытталған.

Жоғарғы сыныптарда жобалап оқыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Яғни, Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР МЖБС - 2012) 2-тарауындағы «Білім мазмұнына қойылатын талаптарда» көрсетілгендей, жобалап оқыту технологиясы оқыту арқылы жоғарғы сынып буындарында оқушының, ең алдымен, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, оның жеке қабілеттері мен оқу ісіндегі оң мотивациясы, іскерлігі құзіреттілігі және

жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, оқушылардың бойында жоғары рухани-адамгершілік және тұлғааралық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын, тұлғаның өмірде өз орнын табуын және өзін-өзі билеуін, функционалдық сауаттылығының қалыптасуын, бейіналды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Сондай-ақ, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларындағы жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқыту негізінде, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлауды үйренетін болады.

Осы мақсатқа жетуде төмендегідей міндеттерді алдыға қойып, жоғары сынып оқушыларының бойында қалыптасатын келесідегідей құзіреттіліктер арқылы жүзеге асырамыз:

- танымдық және тәжірибелік міндеттерді шешу үшін бар білімін пайдалануды үйрену;
- әр түрлі дерек көздерінен қажетті білімді өз бетімен жинастыра алу;
- кез келген топпен жұмыс істей отырып, қарым-қатынас дағдыларын меңгеру;
- өз бетінше зерттеу дағдыларын дамыту (проблеманы көре білу, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жасау, талдау, болжам құру, жинақтау).

Күтілетін негізгі нәтижелер:

1. зерттеушілік, шығармашылық мағынада маңызы бар проблемаларды қарастыра алады;
2. күтілетін нәтижелердің тәжірибелік, теориялық, танымдық маңыздылығы сезіне алады;
3. оқушылардың өздік іс-әрекеті басқара алады;
4. зерттеу әдістерін қолдана алады.

Осы нәтиже негізінде оқушыдан тақырып аясында жоба тақырыбының мақсат-мінде-

тін анықтау, болжамын дұрыс қоя білу талап етіледі.

Демек, жобаны әзірлеу барысындағы оқушының өзіндік ізденісі мен еңбектенуі аса маңызды. Бұл оқушылардың ғылыми ізденімпаздық қабілетін арттырады әрі шығармашылыққа баулиды. Ал жоба қорғау сабағында оқушылардың өз жұмысына және өзгенің жұмысына сараптама жасауы жауапкершіліктерін арттырады.

Нәтижесінде жобалау технологисын меңгерген әр оқушы болашақта төмендегідей өлшемдер бойынша төрелік етіп, сараптама жасауды үйренеді:

1. Тақырыпты мақсаты мен өзектілігіне сай аша білуі. Болжам қоя білуі.

2. Ғылыми ізденісі, жаңалығы, шығармашылығы.

3. Талдай білуі, көрнекілік қолдануы .

4. Сөйлеу мәдениеті және шешендік қабілеті.

Жобалап оқыту технологиясы арқылы жоғары сынып оқушыларын оқытудың тиімділігі ол - көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде.

Жоғары сынып буындарында жобалап оқыту технологиясын оқытудың артықшылығы.

1-тірек сызба



Жоба жұмысында оймен ойлап айту мен жазба жұмысы қатар жүрсе, ол оқушының бойындағы шығармашылықты дамыта алады және өз бетімен сөйлеуге, үйретуге, алған білімін іс жүзінде меңгеруге қалыптастырады. Бірақ, бұл әдістің әмбебаптану оқу жиынтығы білім жүйесінде дамуы кешенді жобалы бағдарламаның құрылуына алып келеді.

Бұл күндері еліміздің жалпы орта білім беру мектептерінде жобалап оқыту технологиясының кейбір элементтері қолданыста жүр. Мәселен, жоғары сынып буындарында жобалап оқыту технологиясы арқылы білім берудің төмендегідей бірнеше түрлері кездеседі:

- көркем әдебиеттерін пайдалану;
- ғылыми және техникалық әдебиеттерді пайдалануы;
- жаттығу жұмыстарын жазба түрде орындауы;
- графикалық жаттығу жұмыстарын жүргізуі;
- түрлі практикалық немесе лабораториялық бақылау жұмыстарын өткізуі (репродукциялы жұмыстар);
- шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында баяндама жазу;
- реферат, шығармалар, пікір жазуы және көрнекі құралдар, модельдер, конструкциялық т.б. жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Жобалап оқыту технологиясын екі белгімен қарастыруға болады:

1. Прагматикалық бағдар оқыту – практикалық немесе теориялық шешу нәтижесінде, оқушылардың танымдық белсенділігі. Жоба іс-шаралар оқушылардың ұйымдастыру мектебінде жобаны тәуелсіз аспаптық іске асыруға бағытталған өзінің табиғаты бойынша шығармашылық зерттеу жиынтығын іздеу.

2. Жоба қызметі субъектілерінің өзара іс-қимылы.

Мәселен, әдебиет сабағын жобалау технологиясы арқылы жүзеге асыруын көрейік. Атап айтқанда, мұғалімдердің шығармашылық тобы 9-11 сынып оқушылар қазіргі авторлардың туындыларын зерттеу үшін оқуд

ан тыс оқу сабақтар жүйесін әзірлейді. Осы сабақтарда әрқайсысының өз логикасын мен құрылымы болады. Бірақ оларды оқушылардың танымдық процестерін дамыту, өз бетінше ақпараттық кеңістікті шарлау үшін өз білімдерін жобалау мүмкіндігін, сондай-ақ сабақтарға дайындық барысында болған фактісін біріктіреді. Сабақ барысында оқушылардың ғылыми-зерттеу жобаларын ұсынуға мүмкіндігі бар. Жоғары сынып оқушыларына әдебиет сабағын жүргізу барысында, оқушылардың шығармашылығын, ғылыми-зерттеу қызығушылығын ояту, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетінің байыту, өзін-өзі жетілдіруге болады. Мәселен, белсенді мұғалім - жаңа білім беру технологияларын дамыту; ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратындай; ең бастысы шығармашылық оқытуға көзқарас, әріптестерімен және оқушылармен бірлесіп жұмыс жасау мүмкіндігінше қол жеткізетін болады [3]. Жобалау технологиясы бойынша жоғарғы сынып оқушыларына әдебиет пәнінен сабақ беру үлгісін алып қарастырайық.

Мысалы, сабақтың бір түрі ретінде, М.Әуезовтың «Абай жолын» алып қарастырып көрейік. Ең алдымен оқушылар М.Әуезовтың «Абай жолының» жазылу тарихымен танысу арқылы жобаның мақсатын анықтайды. Шығарманың идеологиясын анықтау үшін – тарихи көркем ерекшеліктері, рухын сезінуге, жазушы идеологиялық негізін түсіну үшін, жобаның кезекті кезеңі тақырыпшаларға бөлінеді. Жоғарғы сыныптар топтарға бөліну арқылы ғылыми-зерттеу үшін түрлі жобаларды жүзеге асырылады:

- Ақпараттық жоба жазушы туралы ақпаратты жинау, талдау және тұсаукесер жұмыс істейтін топ болып бөлінеді;

- Ғылыми-зерттеу жобасы, социологиялық зерттеу, бақылау, эксперимент әдістерін пайдалана отырып, бастапқы гипотезаны ұсынған және жоғарғы сыныптары бейне зерттеу жұмысын ұсынуға болады - оның көркем ерекшеліктері туралы сурет, әңгіме негізгі мәселені шешу үшін арналған сұрақтар жүйесі құрастырылады;

- Сабақтың тақырыбы бойынша әдеби коллаж, иллюстрациялар сериясын негіздей отырып сабаққа музыкалық сүйемелдеу шығармашылық жобаны жүзеге асыратын тобы болды. Орындаушылар - дизайнерлер, дыбыс инженерлер, редакторлар және әдеби жас ақындар өз жобаларын ұсынған, сондай-ақ сабақтың негізгі мақсатына үлес қосады.

Жоғарғы сынып оқушыларына әр пән бойынша берілетін өзіндік жұмыстардың өз ерекшеліктері бар. Оқушылар жұмысты ойдағыдай және нәтижелі орындауы үшін пән мұғалімдері өзіндік жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуі тиіс.

Пән бойынша жоғарғы сынып оқушыларына өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда келесі фактілерді ескеру керек:

1. Жоғарғы сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты психикалық және ойлау әрекеттерінің ескерілуі. Бұл ерекшеліктер мыналардан тұрады:

– жалпы теориялық дайындығы төменгі деңгейдегі жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік жұмысқа белсенді қатысу үрдісі 7-8 сынып оқушыларына қарағанда анағұрлым баяу өтеді;

– жаттығу жұмыстарының бір түрінен екіншісіне кірісу үрдісінің уақыты төменгі сынып оқушыларымен салыстырғанда едәуір жәй өтеді, мысалы, мұғалімнің түсіндіргенін тыңдаудан, оқулықпен өзіндік жұмыс орындауға немесе кітаппен дербес жұмыс істеуден, әңгімелесуге қатысуы;

– жаттығу түрлерін көп мөлшерде қолданғанда жұмыстың бір түрінен екіншісіне өтуі баяу болғандықтан, сабақта

тез жалығу пайда болып өз жұмысына қанағаттанбайды;

– бірақ олар пән бойынша үйде өз бетімен анағұрлым тиімді, көңіл аударып және мұғалім ұсынған әдебиеттермен ынталы жұмыс істеуі, сонымен қатар берілген есептердің шешімін табуы мүмкін;

– жоғарғы сыныптағы көптеген оқушылардың сын көзқарастары жақсы дамығандықтан, қарастырылған мәселелерді толық талдауға және туындаған күмәндарын тексеруге ұмтылады. Бұрынғы қалыптасқан білімдерімен, көзқарастарымен үйлеспейтін түсініксіздікті «есте сақтау» үшін, «сену» үшін қабылдамайды. Олар өз пікірлерін ашық айтып (әрине, егер мұғалім бұған мән беріп, аңғарып отырса), мұғалімнен өздерін ойландыратын сұрақтың жауабын алуға тырысады. Осы мақсатта ұстазы ұсынған кітаптар мен мақалаларды, теледидар, радио және де басқа ақпарат көздерін пайдаланады.


Демек, физика пәні бойынша жоғарғы сыныптар үшін өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру барысында мына фактілерді де ескеру керек:

– физикадағы оқу материалының күрделілігінің кенеттен өсуі;

– ондағы физикалық теория мен математикалық амалдарды қолданудың артуы;

– әдіснамалық сипаттағы жалпылау мен қорытындылаудың маңызының артуы.

Жобалау технологиясы бойынша 10, 11 сынып оқушыларының ерекшеліктері 3 – кестеде берілген.



Сонымен қатар анықтама әдебиеттерді, энциклопедияларды, түрлі сөздіктерді қоса пайдаланып отыру керек.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, жобалап оқыту технологиясы мен дәстүрлі оқытудың айырмашылықтары, қоғам талабына сай алынған терең білім, білік, дағдылар мен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған мақсатқа танымдық қызмет жасау арқылы жете алатын, өз бетінше дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Жобалап оқыту технологиясын оқыту кезінде оқушылар ойланып, мәселені шешу барысында алған білімдеріне сүйене отырып ізденеді. Сонымен қатар оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық және коммуникативтік істерін дамыта алады. Жобалау әдісі бойынша өткізілген сабақтар оқушы бойындағы қабілеттілік пен қызығушылығына сәйкес жетіліп, дамуына жағдай туғызылып, әр оқушының жекелеген мүмкіндіктерінің ашылуына ықпал жасайды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, бас-

қаларына сын көзбен қарауға үйренеді. Бұл әдіс – келешекте оқушылардың зерттеу жұмыстарымен айналысып, ақпарат жинау, шыққан нәтижені бейнелеп түсіндіру, өз зерттеу жұмысын қорғау дағдысын қалыптастырады. Жобалау әдісі – бұл оқу жүйесі, оқу үрдісінің ұйымдастырылған моделі, ол оқушылардың интеллектуалды және физикалық мүмкіндіктерін жаңа жобаларды құру үрдісінде шығармашылық қабілеттерін дамыту жолымен өзіндік тұлғаны жүзеге асыруға бағытталған. Жобалау жұмысында ой өрісінің дамуы, критикалық ойлау, креативтілік, сонымен қатар мәселелерді шешу қабілеті пайда болады. Мұғалім оқушыны өз бетімен білім алып, алған білімін арнайы рәсімдеумен жобалау әдісі арқылы дәлелдей білуге үйретеді. Осы жұмыстың арқасында мұғалім мен оқушының арасында шығармашылық байланыс, жаңа көзқарас пайда болады. Мектеп қабырғасында оқушыда зерттеу, іздеу, анықтау, дәлелдеу, синтез, анализ жасау дағдылары қалыптасады және жобалау әдісі белгілі

мерзімге берілуіне байланысты оқушы уақытты ықшамдап үйренеді. Бұл келешекте оқушының өз өмірінде пайдалануға қажет қасиет пен дағды деп білеміз.

4. Жоғары оқу орындарында жобалап оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі

Қазақ халқының болашаққа сеніммен қадам басу жолындағы үлкен стратегиялық қоры – білім. Тәуелсіздіктің тұлғасы биіктеп, ғылыми-техникалық прогресс қарыштап, дамыған тұста біздің еліміз үшін сапалы білім, саналы тәрбиемен қатар, жан-жақтылық, ғылымның бар саласынан хабардар болудың маңызы зор. Еліміздің ертеңін ұстар, дамыған елдің қатарынан бой көрсетуге барынша белсенділік танытатын бүгінгі білімді де, білікті жастар екені анық. Сондықтан да, жаңа инновациялық технологиямын, соның ішінде жобалап оқыту әдісімен білім алушыларды оқыту өзекті болмақ. Бұл әдісті кез келген оқу бағдарламасында қолданған ыңғайлы, бірақ жоғары мектепте қолданудың өзі бір мектеп. **Жоғары оқу орындарында жобалап оқыту технологиясын қолданудың ерекшелігі:**

Жаңа әдіс заман талабына лайық отандық білім беру стратегиясын жаңалауды қажет етеді. Соның ішінде үздіксіз білім беруде, аса маңызды буын жоғары оқу орындарындағы оқу үрдісі болып табылады. Өйткені, жоғары білім дамудың негізгі қозғаушы күші болғандықтан, білімді де, білікті мамандар ертеңгі жарқын келешегімізді жасаушысы. Осы кеңістіктен лайықты орынға ие болу үшін жаңа инновациялық технологиялар соның ішінде жобалап оқыту технологиясын енгізу маңызды рөлге ие. **Бұл технологияның өзекті тұсы** – білім алушылар әртүрлі ақпарат көздерін пайдалана отырып, теориялық білімін тәжірибеде қолдану негізінде субъект ретінде қалыптасып, өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімі артып, интеллектуалды, кәсіби тұрғыда дамып, жауапкершілікті сезіне түседі. Осы педагогикалық әдіс арқылы студенттердің ойларын жүйелеп, педагогикалық-психологиялық тұрғыда

өз бетімен ізденуге негіздейтін, жан-жақтылыққа жетелеп, берілген тапсырманың теориясын тәжірибеде шындап, ұштастыру арқылы үлкен нәтижеге жеткізуді көздейді. **Негізгі алға қойған мақсаты** - білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға қалыптастыру.

Яғни, Жоғары мектепте білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР МЖБС - 2012) 2-тарауындағы «Білім мазмұнына қойылатын талаптарда» көрсетілгендей, жобалап оқыту технологиясы арқылы жоғары оқу орындарының студенттеріне, ең алдымен субъект ретінде қалыптасуына жеке тұлғаның бойына ұлттық құндылықтарды дарыту, патриоттық пен азаматтылықты қалыптастыру, жан-жақты қызығушылығы мен қабілеттерін дамытуға, қазіргі қоғамда кәсіптік ұтқырлықты, бәсекеге қабілеттілікті және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін әмбебап білім, шеберлік пен дағды, қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға бағытталады. Сонымен бірге, студенттердің өзін-өзі және жеке қызметін басқару қабілеті, өзін-өзі жігерлендіру, және өзіндік ұйымдастыруға бейімділігі, кәсіптік қызметін жеке орындауға, білім шеберлігін, дағдысын, кәсіптік тәжірибе бірлігі негізінде маманның әрекет ету және белгілі бір кәсіптік міндеттер жиынтығын шеше алатын қабілетті тұлға қалыптастыруға негіз болады. Демек, әр бір тұлғаның танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту, алып жатқан білім жиынтығына ие болу арқылы нақты мәселені шешуде қолдануға үйрету, қызығушылығын ынталандыру, өз бетімен жұмыс жасау арқылы логикалық ой-өрісін, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру негізінде болашақта кез келген жағдаяттардан шығу, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу болып табылады.

Осы мақсатқа жетуде төмендегі міндеттерді алдыға қойып, **ЖОО-ның студенттерінің бойында қалыптасатын құзыреттіліктер арқылы жүзеге асырамыз:**

- Теориялық және практикалық міндеттерді шешу үшін білім қорын жинақтау жолдарын үйрену.

- Зерттеу жұмысы барысында, ақпарат жинап, ақпараттың нақтылығын анықтау, гипотеза ұсыну, мәселенің түйінін табуға үйрену.

- Жекелей, топпен жұмыс жасау барысында зерттеу жұмысымен айналысуға, проблеманың қойылуын, оның қалыптасуын, сипатталуын меңгерту.

- Өз бетінше ізденуге, алған білімі мен игерген машық-дағдыларын өмірдің қажетті жағдаяттарына сай әрі дұрыс қолдана алатын дәрежеге жеткізу. **Осының негізінде күтілетін басты нәтиже:**

- Кез келген проблемалық маңызы бар жұмыстарды қарастыра алады.

- Теориялық білімді тәжірибеде шыңдай алатын дәрежеге жетеді.

- Өзін-өзі басқару арқылы жеке пікірі қалыптасады.

-Зерттеушілік, шығармашылық, ізденушілік қабілеті артады.

Аталмыш нәтиже негізінде білім алушыларға жоба бойынша таңдалған тақырыптың өзектілігін ұғынып, мақсат-міндетін анықтап, дұрыс шешім қабылдау талап етіледі. Яғни, жобаны орындауда студенттер тақырып аясында таңдалған жұмыс бойынша ізденіп, шығармашылыққа, зерттеушілікке тереңірек мән береді. Ғылыми зерттеу жұмыс білім алушылардың ойлау қабілетін жан-жақты ете түседі. Жобаның қорытындысына келгенде, бір-біріне сыни сұрақтар арқылы бағалап, сараптама жасап, өзінің, өзгенің жұмысын бағалауды үйренеді.

Жоғары мектепте аталмыш әдісті қолдануда ерекшелігі мен артықшылығын баса айту қажет. **Негізгі жобалап оқыту технологиясының артықшылығы мен басты идеясы:** жобалық тапсырманы орындау барысында, білім алушылардың кәсіби шеберлігі артып, өз бетімен жұмыс жасау негізінде, өз күштері мен мүмкіншіліктеріне деген сенімдері артады. Сонымен бірге, білімгердің логикалық қабілеті артып, өзін-өзі бақылауы қалыптасып, еңбекқорлығы, жауапкершілігі

дамып, мәдени-дүниетанымы қалыптаса түседі. Осының негізінде білім алушылардың бұрын алған білімдері кеңейіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмаларды орындауға бейімделіп, кәсіби білімі ғана артып қоймай, қосымша патриоттық сана-сезімі, даралық қабілеттері де жетіле түспек. Ал, басты идеясы дәстүрлі әдісті ығыстырып, жаңа әдіске көшуге итермелейтін ойға алып келеді.

Жобалап оқыту технологиясын қолдану өте тиімді екенін дәлелдеме ретінде бір мысал келтіріп кетсек:

Шығармашылық жоба

Тақырып: «Қазақтың ұлттық киімдері»

Өтілетін топ: «Дизайнер» мамандықтарына арналады

Дайындалатын уақыт: 1-2 ай

Мақсаты: Студенттер қазақтың ұлттық киімдерінің маңызын-мәнін ашып, бүгінгі заманға лайықтап, жаңа үлгіде енгізу жолдарын қарастырады. Ұлттық мейрамның бірі ретінде «Қазақтың ұлттық киімдерін» де енгізу ұсынылады.

Жоспар

1. Қазақтың салт-дәстүріне, қол өнеріне жалпы сипаттама

2. Қазақтың ұлттық мейрамдары

3. Ұлттық киімдерді мейрам ретінде тойлаудың маңызы

4. Заман ағымына лайық ұлттық киімдер

Жобаны орындалу барысы: Жобаның жұмысы бойынша, топтағы студенттер жұп-жұпқа бөлінеді. Оқытушы алдын ала дайындалған бағыты бойынша бір жұпқа «ұлттық мейрам» ретінде тойлануына себептер, зерттеулер жүргізу қажеттігі, екінші жұпқа бұрынғы қазақтың ұлттық киімдерімен қазіргі таңда ұлттық нақышта тігіліп жатырған киімдердің ерекшелігін, байланысын, артық-кем тұстарын зерттеу, үшінші топ заман талабына лайық, қазақтың ұлттық құндылығын дәріптейтін жаңа үлгілер жасап шығару, төртінші жұп пішін, бесінші жұп тігу жолдарын сапалығына мән береді.

Әр жұп өз жасалған зерттеу жұмыстарына баяндама, презентация, нақты дәлелдемелермен қорғау қажет. Білім алушылардың барлығы дерлік, қазақтың ұлттық

мейрамдарымен, салт-дәстүрімен, қол өнер бұйымдарымен т.б. таныс болу талап етіледі.

Жұмысты қорғамас алдын, талқылауға сарапшыларға ұсынылады. (сарапшылар: дизайнерлер, сән әлемінен хабардар тұлғалар, құрбы-құрдастары, ата-аналар, оқытушылар, өзге де жоғары мектеп түлектері)

Нәтижесі:

Жұппен құралған студенттер жаңа үлгідегі, заман талабына сай ұлттық нақыштағы киімдердің үлгісін ойлап шығарады. Техникалық, көркемдік жағын ескеріп, үнемді жағыда ойластырылады. «Ұлттық киімдер» мейрамын атап өту жолдары, мақсаты міндеті айқындалады. Мейрам ретінде тойлануының мақсаты, барша қауымға қазақтың төл мәдениетін, дәстүрін паш ету. Қазақи дәстүрді ұмыттырмай, керсінше дамытып отыру көзделеді. Мейрамда, барлық жұртқа қазақша киіну міндеттеледі. Жоба негізінде студенттердің шығармашылық деңгейі артып, зерттеу нәтижесінде көптеген жаңа дүниелер ашып, басқа да сән әлемінің қыр-сырларын түсініп, тереңірек мән бере бастайды. Жоба әдісінің негізінде білім алушылар өздеріне үлкен сабақ алады және де ұлттық құндылықтардың маңызын өзгелерге жеткізе білуді үйреніп, жеке тұлға ретінде сезінуіне септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, жобалай оқыту технологиясына қатысты ғылыми ізденістердің уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғырып, толығып, дамып келетіндігіне көз жеткіземіз. Себебі, технология билеген заманда білім сияқты ғылым да бір орнында тұрмай, үз-

діксіз, жедел қарқынен алға дамып, жылжуда. Сондықтан да, өмір ағынынан қалыс қалмай, жаңа технологияларды меңгеріп, ғылым мен білімді ұштастыру аса қажет. Дегенмен, қазіргі таңда оқыту технологияларының жалпы заңдылықтары мен қағидалары нақтыланып, оларды қолданудың өзіндік жүйесі бірізге түсірілген деп кесіп айта алмаймыз. Олай дейтініміз, технология шеберлікпен, өнермен тамырлас ұғым болғандықтан, оның мүмкіндіктерінің шексіз екені аян. Жаңа технологиялардың ішінде жобалау технологиясы еліміздегі білім беру үдерісінде жаппай қолданысқа енуі кем соғып жатыр.

Осы тұрғыда, ғылыми мақаламызда Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ ұжымының зерттеп, зерделеуі нәтижесіндегі жобалап оқыту технологиясының республикамыздағы барлық білім беру сатыларында пайдаланудың тиімділігін, педагог-мұғалімдерге көмекші құрал болатындай кейбір оқу пәндерінен нақты мысалдар арқылы оқыту әдістерін ұсыну мақсатында оқу құралы дайындалып, соның басты элементтерін сіздерге ұсынып отырмыз. Өйткені, **жобалап оқытудың тиімділігі** баланы мектеп жасынан ғылымға бейімдеу ғана емес, көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық ынтаға, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жаңа ғылыми ізденіске жетелеуде болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ қаулысымен бекітілген «Білім туралы» Заңы
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»
3. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Оразымбетқызы Ә. Ұлттық тәрбие (салт-дәстүр, әдет-ғұрып негізінде): Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011.

- 107 бет

4. Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары: оқу-әдістемелік құралы. / Құраст.: Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М. – Алматы, 2015. – 116 бет
5. Сейсенбаева Ж.А. Пути повышения качества проектного обучение в начальных классах. Журнал «Научный альманах» 2015 N 10-2(12) «Педагогические науки»Россия, Тамбов, 31 октября 2015 г. /ISSN2411-7609, DOI: 10.17117/na.2015.10.02 Информация об опубликованных статьях предоставляется в РИНЦ (договор № 255-04/2015)
6. Сейсенбаева Ж.А. Жобалап оқыту – бастауыш мектеп оқушысының білімін дамыту құралы/«Білім берудегі инновациялық қызмет және кәсіби құзіреттілік» атты республикалық ғылыми конференция. – Талдықорған, 14 қазан 2015ж. «Көшбасшы» оқу-әдістемелік орталығы.
7. Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам».
8. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III қаулысымен бекітілген «Білім туралы» Заңы
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты».
10. Творческие проекты учащихся 5-9 классов общеобразовательных школ. Книга для учителя. // Под редакцией В.Д. Симоненко. – Брянск: Научно-методический центр «Технология», 1996.
11. Капустин В.С. Выполнение проектов на уроке технологии в 5-7 классах / В.С. Капустин// Школа и производство. – 1998. - № 1. – С. 69-71.
12. Ахметова А.К. Принципы технологий и содержание образовательной программы. Алматы. 1995.
13. Өзтеміров, А Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. А. 2006.
14. Махмутов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы., Мектеп. -1981.

ӘОЖ 37.37.01

А. Сағиқызы

*ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының философия
бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы*

«БІЛІМ ҚОҒАМЫН» ҚҰРУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Елбасының «Қазақстан 2050» стратегиясында қазақ қоғамы прогрессивті идеалдар қоғамы болуға тиіс деп көрсеткендей, білім қоғам, жаңа әлеуметтік идеал белгілерге ие ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларды бағытын анықтайтындығы жөнінде, ХХІ ғасырда білім қоғамын құрудың жолдары сараланды.

Түйін сөздер: білім, қоғам, стратегия, халық, даму.

Президент Казахстана Н.А.Назарбаев подчеркнул в Послании народу Казахстана «Стратегия-2050», что к 2050 году казахстанский социум должен быть обществом прогрессивных идеалов. Как раз общество знаний приобретает черты нового социального идеала, определяющего направленность национальных стратегий и программ.

Ключевые слова: образование, общество, стратегия, развития, народ.

President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev stressed in his address to the people of Kazakhstan «Strategy 2050», which in 2050 Kazakh society must be a society of progressive ideals. Just the knowledge society acquires the features of a new social ideal that defines the direction of national policies and programs.

Keywords: education, society, strategy, people development.

Адами капитал негізінде отандық ғылымның, білім берудің, денсаулық сақтау жүйелерінің дамуы, ойлау мәдениетінің белсенді қызметі біздің мемлекетіміздің инновациялық даму жолына өтуінің басты шарты болып табылады. Бүгінгі таңда бұл қажеттілік білімге негізделген қоғам, яғни білім қоғамын құру идеясы ретінде қалыптасты. Ол мемлекеттің қызметі мен халықтың тіршілігі аясында өзгерістерді, сонымен қатар қоғамдық қатынастардың жаңа көпөлшемді формасын, рационалдылықтың жаңа түрін қалыптастыруды білдіреді.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында [1] қазақстандық қоғамның 2050 жылға қарай прогрессивті идеалдар қоғамы болуы тиіс екенін атап өтті. Білім қоғамы жаңа әлеуметтік идеалға айналып келеді, ол ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларының бағытын анықтайды. Сондықтан, осы іспетті қоғамды құру ХХІ ғасырдағы полиэтникалық қазақстандық

қоғамды дамытудың өзекті міндеті болып табылады.

Технологиялардың барлық жүйесі білімнің, оның ішінде жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, антропологиялық және т.б. білімдердің озық дамуымен анықталып, ынталанатын қоғамның білімге негізделетін қоғам, яғни Knowledge-Based Society деп аталуына толықтай құқығы бар. Қоғамда білім рөлінің өсуі «білім қоғамы» терминімен сипаттала бастады. Қазіргі күні қажетті білімнің болмауы белгілі бір күрделі мәселелер тудырады.

«Білімге негізделетін қоғамды» құру мәселесі қоғамдық өндірістің трансформацияланып, жаңа ғылыми және технологиялық білімнің ықпалымен қоғамның негізінің радикалды түрде өзгеруіне әкеледі. Жаңғыртылмаған, білімге негізделмеген экономика бәсекеге қабілетті емес, өркениетті стандарттар мен адамның қажеттіліктеріне сай келмейтін жағдайға тап болады.

Қоғамның ғылымилану үрдісі мақсаттарға қол жеткізуде рационалдық деңгейдің жоғарылауына, адам өмірінің жақсаруына әкеледі.

Сол себепті Қазақстанда «білім қоғамын» құру мемлекетіміздің 2050 жылға дейінгі дамуының басты мақсаты – әлемнің алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына кіруге қол жеткізудегі басты міндеті болып табылады.

Адамның қызметі өспелі дәрежеде біліммен, яғни ақпараттың биологиялық емес формасымен реттеледі. Олар абстракциялар, дескрипциялар, нормалар мен ережелер түрінде символикалық тілдік жүйелердің көмегімен мәдениет пен өркениет құрылымдарында сақталынып, таратылады. Белгілі бір деңгей мен көлемге жете отырып, білім қызметтің директивті матрицалары ролін атқарып, оларды реттей бастайды. Сондықтан қатаң бәсекелестіктің заманауи жағдайында қажетті білімнің болмауы әлеуметтік және ғылыми-технологиялық прогресстің еңсерілмейтін кедергісіне айналуы мүмкін.

Бұл жағдайда материалды игіліктер мен қызметтердің қалыпты ресурс сақтаушы өндірісін қамтамасыз ету үшін білімнің экспоненциалды өсуі, олардың тиімді ізденісі, таралуы мен енгізілуіне кепілдеме беретін жаңа технологияны қолдану қажет. Биотехнология, нанотехнология, космостық технология, атомдық, энергетикалық, жаңа материалдардың, қалдықсыз өндірістің технологиялары жаңа білім мен жаңа технологияны қолданусыз мүмкін емес. Осы негізде жаңа заманауи ғылыми-техникалық рационалдық қалыптасып, өседі.

Тек білімнің ғана дамуы неоиндустриалды және индустриалды қоғамның әлеуметтегі, экономикадағы білімнің роліне скере отырып, ғылыми білімге, яғни білім экономикасына негізделетін «ақылды экономиканың» пайда болуына ықпал ететін ақпараттық қоғамға ауысуына септігін тигізеді.

XX ғасырдың екінші жартысында тарихты кезеңдік тұрғыдан қарастыру тәсілі үлкен танымалдылыққа иелене бастады. Ондағы өркениеттер адамзаттың прогрессивті да-

муының белгілі бір кезеңдері ретінде қарастырылады. Формацияның негізін экономикалық базис құрайтын (өндірістік қатынастардың біртұтастығы) марксистік формациялық концепциямен салыстырғанда кезеңдік концепция бойынша өркениеттердің негізінде техникалық-технологиялық базис жатыр. Тарих философиясы мен әлеуметтік философиядағы бұл бағыт «постиндустриализммен» жалғасатын жалпылама «индустриализм» атауына ие болды.

Қоғам дамуындағы техникалық-экономикалық көрсеткіштердің шешуші ролі туралы идеялардан бастау ала отырып, американдық экономист У. Ростоу адамзат тарихын экономикалық дамудың бес кезеңіне бөледі: 1) «дәстүрлі қоғам»; 2) «өтпелі қоғам»; 3) «қозғалыс кезеңі» немесе «өндірістік революция»; 4) «ересектік кезең»; 5) «жоғары бұқаралық тұтынудың кезеңі» [2]. У. Ростоудың ойынша, аталмыш кезеңге ең бірінші болып АҚШ, одан кейін Батыс Еуропа мемлекеттері мен Жапония жетті. У. Ростоу КСРО жаңа кезеңнің табылдырығында тұр деп есептеді. Ол осы табалдырықты аттаған кезде ондағы әлеуметтік-экономикалық құрылымның құлдырауы орын алады. Өйткені, коммунизм өзінің мәні бойынша жоғары бұқаралық тұтыну кезеңінде батпақтап қалуға бейімді», - деп жазады У. Ростоу [2].

Р. Аронның «индустриалды қоғам» концепциясы бойынша екі түрлі қоғамда да (капиталистік және социалистік) ұқсастықтар көп: олар табиғи байлықты қолдануға, еңбек өнімділігін жоғарылатуға, жаңа жетілген технологияларды жасап шығаруға тырысады. Ол капитализм мен социализмнің арасындағы сапалық айырмашылықтарды жоятын «бірегей ақпараттық қоғамды» қалыптастыру туралы қорытындыға келеді [3].

70-ші жылдары бірқатар шетелдік теоретиктер ғылыми-экономикалық прогресс бұрынғы «индустриалды» қоғамның трансформациясы өзгеше сапалы «постиндустриалды» қоғамды тудырады деген көзқарасты дамытты.

Бұл үдеріске бірінші болып американдық саясаттанушы З. Бзежинский көңіл аударған болатын. Ол жаңа «постиндустриалды» қоғамды «технотронды» қоғам деп анықтады. Ақырғысы «индустриалды» қоғамнан өзіндік бір сапалы ерекшеліктерімен айырықшаланды. Технотронды қоғамда автоматизация, жаңа кибернетикалық техника адам операцияларын машиналармен алмастырады («индустриалды» қоғамға жануарлар мен адамдардың бұлшықеттік энергиясы машиналармен алмастырылады)

«Постиндустриалды» қоғам концепциясының негізін қалаушылар мен басты әзірлеушілерінің бірі американдық әлеуметтанушы Д. Белл болып табылады. Ол қоғамдағы техника деңгейіне байланысты экономикалық қызметтің «алғашқы» қызметі – ауылшарушылық, кейін, «екінші» – өнеркәсіптік өндіріс басымдық танытты, ал XX ғасырдың үшінші ширегінде тауарлық-өндірістік экономикадан қызмет көрсетуші экономикаға ауысумен сипатталатын қызметтің «үшінші» саласы ұсынылады деген ой танытты.

Д. Белл қоғамдық дамудың үш кезеңінің әрбіреуін «индустриалдыға дейінгі», «индустриалды» және «постиндустриалды» деп сипаттайды. Д. Беллдің ойынша, ақырғы жағдайда билік құралдарына айналатын арнайы интеллектуалды дарындарды даярлау мен білімге негізделетін жаңа лидерлікті қалыптастыру орын алады [4].

Американдық әлеуметтанушы Э. Тоффлердің жалпы тарихи кестесі бойынша «алғашқы толқын» деп аталатын «ауылшаруашылық өркениеті» Жаңа заманның аяғында «екінші толқын» деп алатын «индустриалды» өркениетпен ығыстырылды. XX ғасыр аяғындағы төтенше өзгерістердің жағдайында «үшінші толқын», яғни төніп келе жатқан өркениет орын алды. «Үшінші толқын» кезеңінде табиғатпен күресу қағидасы табиғатпен ынтымақтасу қағидасымен алмасты. Қоғам энергияның жаңартылатын қайнар көздері мен оларды іздеуге бағдарланды. Қолданылатын техника

ғылыми зертханалардан шығатын білімнің негізінде құрылды. Ғылым мен техниканың жетекші салалары кванттық электроника, информатика, молекулярлы биология (оның ішінде гендік инженерия), космос туралы ғылым, экология мен мұхиттану болды. Мұнда қоғам дамуының негізгі қағидасы шектелген және үйлестірілген өсім болып табылды [5].

«Ақпараттық қоғам» әлеуметтік өмірдің түрлі салаларының компьютерленуімен, жаңа ақпараттық технологиялар мен жаңа қызмет түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Дж. Несбит өзінің «Мегатрендтер: бізді өмірімізді өзгертетін он жаңа бағыт» еңбегінде жаңа экономикалық шынайылықтың белгілерін көрсетеді. Оған қоса, П. Абурдин мен Жапониядағы «ақпараттық қоғамның» ұлттық бағдарламасының жетекшісі И. Масуда постиндустриалды қоғамның қазіргі таңдағы ақпараттық қоғам болып табылатынын дәлелдей бастады [6]. «Постиндустриалды қоғамда» негізгі анықтаушы ресурс ақпарат болып табылады. Қазіргі қоғам мен келешек қоғам арасындағы күрделі байланыс «ақпараттық қоғам» мен техногенді өркениетті зерттеушілердің алдына үлкен мәселелер қояды, оны жаңа философиялық-методологиялық тұрғыдан зерттеу қажет.

Ақпараттық қоғамның қалыптасуы ғылыми-техникалық прогресстің ақпараттық желісінде жүріп жатқан ғылым мен техниканың бұрындары болмаған келешегін қамтамасыз етеді. Оған қоса, бүгінгі және ертеңгі қоғам арасындағы күрделі және көп белгілі байланыстар «ақпараттық қоғам» мен техногенді өркениеттің зерттеушілерінен жаңа философиялық-әдіснамалық әзірлемелерді талап етеді.

«Ақпараттық қоғам» көп жағдайда технологиялық-детерминистік иллюзия болып табылады, өйткені, адамзатты арманға кенелтеді. Аталмыш қоғамдағы ақпарат тауарға айналып, мемлекеттің экономикасында жетекші орынды иеленеді. Дегенмен, инновациялық даму жолы ақпараттық ағымдарды емес, ал жаңа шешімдерді талап етеді.

«Білім қоғамы» түсінігінің жақында ғана пәнаралық қолданысқа енгізілуі кездейсоқ жағдай емес, ол шаруашылық және саяси өмірде, ақпараттық салада, білім мен ғылымның құрылымдарында, ұйымдардың ішіндегі және ұйымдар арасындағы қатынастарда жүріп жатқан үрдістерді саналау үшін әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданыла бастады. Бұл жағдайда білім қоғамы қарқынды дамып жатқан қоғам болып табылады. Оған мұндай көрсеткіштер тән: білімнің кезкелген қызмет саласындағы рөлін сәттілік факторы деп түсіну; жаңа міндеттерді шеше алатын, өнім мен қызмет көрсетулердің жаңа түрлерін құрай алатын жаңа білімге деген тұрақты қажеттілікті сезіну; білімді жасап шығару мен оны жеткізу жүйесінің тиімді қызмет етуі; білімге деген бар сұранысты қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар жаңа сұранысты тудыру үшін білімді ұсыну; өзара және материалды азықты өндіретін өзге жүйешіктермен білімді жасап шығаратын жүйешіктердің тиімді өзара әрекеттесуі. Осы тұрғыдан түсінілетін білім қоғамы білім экономикасына негізделмейді. Білім қоғамында жасалынатын ақпараттық өнімнің айтарлықтай үлесі қоғамдық жетістік болып табылады.

Отандық ғылым, білім мен бұқаралық ойлау мәдениетінің өсуі Қазақстанның инновациялық даму жолына өтуінің шарты болып табылады. Қазіргі таңда бұл идея білім қоғамын құру ретінде қалыптасқан. Өзінің тереңдігі мен ауқымдылығы бойынша бұл мәселе өркениетті күрделілікке иеленеді. Ол мемлекет пен халық өмірінің жүйесіндегі өзгерістерді, яғни қоғамдық қатынастардың жаңа көпөлшемді негізін, жаңа тіл мен рационалдылықтың жаңа түрін құруды білдіреді.

Қазақстандағы «білім қоғамын» құрудың концепциясы оны жаңғырту бағдарламасының негізі ретінде қарастырылады. Білім қоғамын түсінуде көптеген зерттеушілер білім мен ақпарат ұғымдарын барабар деп ұйғарады. Олардың түсінігінде «ақпараттық қоғам» мен «білім қоғамы» да ұқсас болып

келеді. Біздің ойымызша, білім мен ақпарат бірдей түсініктер емес, өйткені, білім субъектінің иелігіндегі ақпарат емес, ал оның сана елегінен өткізген мағыналық мазмұны болып табылады.

Білімнің «мәдениет-білім-ғылым» жүйесінің маңызды элементі ретінде негізделуін жасау керек. Шетел зерттеушілерінің көбісі білімнің анықтамасы мен негізделуі күрделі философиялық сұрақтардың бірі екенін атамайды да. Білім қоғамын құру жолында ғылыми білім әлеуметтік және жүйелік интеграцияның маңызды ресурсына айналып, ғылыми коммуникация егеменді мемлекеттердің тосқауылдарының үстінен бірегей жаһандық әлемдік кеңістік орнатуға септігін тигізеді.

Қоғамның ғылымдануы алға қойған мақсаттарға қол жеткізудегі рационалдылықтың деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Оған қоса, ғылымның шын мәнісінде не істей алып, не істей алмайтыны туралы сұрақты тудырады. Шындығында ғылым қоғамның бейімделе алатын жаңашылдықтарын ғана жасай алады. Ол өз кезегінде болашаққа ірі қадам, яғни әлемнің алдыңғы қатарлы 30 мемлекетінің құрамына кіру мақсатын іске асырып жатқан қазақстандық қоғам үшін өте маңызды.

Қазақстан Республикасында ғылыми әлеует болғанымен, білімге негізделетін қоғамды құру міндетіне сай ұлттық инновациялық жүйені құру мәселесі өте өзекті болып отыр. Білім қоғамын құру үшін білімге деген қатынастың түбегейлі өзгеруі, мемлекеттік саясат пен бұқаралық деңгейде оның рөлінің инструменталды-прагматикалық тұрғыдан түсінілуін ескеру қажет. Бүгінгі таңда білім әлеуметтік және мәдени азық ретінде денотативті пікірлердің біртұтастығы болып қана қоймай, сонымен қатар оның құзырлық болып табылатынын түсіну керек.

Білім берудің қазақстандық жүйесі қазіргі таңда ұзақ уақыт бойы еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын мамандарды даярлап шығару жолында қызмет етуде. Дамып

жатқан әлем жаңа акторларды талап етеді, сол себепі өмір бойы оқып, жетілу қабілеттерін иеленетін адам ғана білімді адам деп есептеледі.

«Ақпараттық қоғам» концепциясын жасап шығаруда ең қызғылықтысы мен құндысы кең өркениеттік үрдістерді, адамдардың өмір салтындағы, құндылықтық ұстанымдарындағы, коммуникация әдістеріндегі өзгерістерді сипаттау болып табылады. Оған қоса, қазіргі және ертеңгі қоғам арасындағы күрделі және көпмағыналы байланыстар әлем мен егеменді Қазақстандағы «білім қоғамын» құрудың шынайылықтарына қатысты әлеуметтік теория мен тәжірибесінің дамуын талап етеді.

Біз заманауи өркениеттің оның алдындағылары сияқты мол тарихқа иеленіп келетінін ұйғарып отырмыз. Күллі әлемдік тәртіптің (оның ішіндегі ЕТР маңызы зор) өзгеруі арқылы ол қоғамдық өмірдің жаңа жолына немесе параметрлері технологиялық новациялармен шектелінбейтін постзаманауи қоғамға жылжиды. Сол себептен оны постиндустриалды немесе ақпараттық деп атау дұрыс болмас еді: олар тек білім маңыздылығы басымдық танытатын жалпы адамзат-

тық құндылықтар қоғамының жеке қырлары болып табылады.

Адамзаттың жинақтаған білімінің көлемі қазіргі жағдайда он жылда бір рет еселеніп отырады. Адам баласының мұндай ақпараттық секірісін оның әрбір жеке өкілі игере алмайды. Адамның физиологиялық, психологиялық, зиятты мүмкіндіктері ақпараттың ондай алып легінің ең аз деген бөлігін игеруге ғана қабілетті. Бірақ түбінде, ақпараттық технологиялар керек ақпаратты іздеп, табу мәселесін шешеді.

Болашақта, яғни білімге негізделген қоғамда биліктің, басқарушы органдардың және білімділік факторларының өзара байланысы күшеюі тиіс, сонымен қатар, тәуелсіз ғылыми сарапшылардың рөлі өседі.

Негізінен, білім қоғамы оң мағынада түсіндірілуі тиіс, ол, шын мәнінде, Білім қоғамы болуы тиіс. «Білім» ретінде белгілі бір ақиқатқа негізделген білім, шынайы адам дамуына септігін тигізетін іргелі теория түсінілген жағдайда ғана білім қоғамы мағыналы бола алады. Ол үшін қазіргі қоғамның руханилануы, адамдар арасындағы қатынастар жоғары адамгершіліктік принциптерге негізделуі шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан-2050. Новый политический курс состоявшегося государства» // Казахстанская правда. – 2012. 15 декабря.
2. Rostov W.W. The stages of economic growth. – Cambridge, 1960. P.2.
3. Aron R. The Industrial Society: Three Essays on Ideology and Development. New York, 1966.
4. Белл Д.. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования. – М.: Academia, 1999. Он же. Возобновление истории в новом столетии // Вопросы философии. – 2002. - №5.
5. Тоффлер Э. Третья волна. – М., 2002
6. Несбит Д. Мегатренды. – М.: «ООО «Изд-во АСТ», 2003

ӘОЖ 3.37.37.01.

М.А. Нуриев

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры
т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер
БІ.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері*

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЫН ЕЛБАСЫ САЯСАТЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАҢАШАЛАНДЫРУ

Мақалада Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың білім мен ғылымның даму саясатына байланысты айтылған ой-тұжырымдамаларын саралай келіп, жаңа инновациялық білім үрдісіне көшу жөнінде ойлар айтылады. Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ-ы тарапынан жасалған еңбектердің маңыздылығы мен бүгінгі күнгі оқу үрдісіне қосар үлесі туралы нақты мысалдар келтірілген.

Түйін сөздер: Білім, ғылым, экономика, жолдау, даму.

Образование и наука являются основными факторами экономики. В статье проанализированы возможности развития отечественной науки. Казахстан шагнул на ступень индустриально-инновационного развития. По мнению Главы Государства Н.Назарбаева данный этап характеризуется перепрограммированием научной системы в соответствии с современными экономическими требованиями, следовательно, развитие науки, регулируемой соответствующими нормативными показателями, структурной, организационной, кадровой, инфраструктурной и финансовой обеспеченностью, должна привести к коренным изменениям.

Ключевые слова: Образование, наука, экономика, послание, развитие.

Education and science are the key factors of the economy. The article analyzes the possibilities of development of Russian science. Kazakhstan stepped onto the stage of industrial-innovative development. According to the Head of State Nursultan Nazarbayev this stage is characterized by reprogram scientific system in accordance with modern economic demands, therefore, the development of science governed by the relevant regulatory performance, structural, organizational, personnel, infrastructure and financial support, should lead to fundamental changes .

Key words: education, science, economy, message development.

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің алға қойған мақсаты – ел экономикасын шарықтатып, халықтың әлеуметтік - тұрмыстық жағдайын көркейту. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» - деп, М.Әуезов айтпақшы, бүгінгі таңда өзекті болып отырған дамыған елдер қатарынан көріну тікелей білім мен ғылымның дамуына байланысты. Білім мәселесін алға қойып, сапалық жағынан жақсарту, ескілікті жаңашаландырып, құндылығын одан әрі көтеру, ел тізгінін ұстар, жас ұрпаққа білімді де, білікті әлемдік тәжірибеден орын ала алатын маман даярлап шығару, баянды да, бақытты,

егеменді ел балдырғандарының жағдайын барынша қарастырып, саналы азамат өсіріп шығару басты мақсат болып табылады. Осы бағытта, сындарлы сатылардан өтіп, алға жылжуымыздың негізі Елбасының ұстанған дұрыс, оңтайлы саясатының арқасында.

Бүгінде білім алатын жастар қауымына зор сеніммен қарап, болашақты жасаушы жас буыннан үлкен үміт күтетіндігін, білім алушылардың өсіп-өнуіне, жаңа бағыттың күшіне айналуына себепші болуына, әлемдік деңгейдегі университеттер, зияткерлік мектептер ашылып, «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастар білім алып, ертеңгі ел

үмітін ақтар, қазақ жерін көркейтер тұлға дайындауға оңтайлы істер атқарылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттері, оқытушылары, ғылыми қызметкерлерге, университет басшыларына арналған «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» тақырыбындағы дәрісінде білім мен кемшіліктер кеңінен талданып, білім берумен қатар ғылымды жетілдіру республикамыздың бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекеттің қатарына енудің басты шарттарының бірі деп көрсеткен болатын.

Қай уақытта да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген өзекжарды мәселелердің бірі – ұлттық білім беру. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі[1]. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің пат-

риоттары болады»[2], - деп көрсетілгендей-ақ, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Осыған орай, оқу үдерісі барысында барлық адамзат жетістіктерін жеткіншек ұрпақтың бойына сіңіру мүмкін емес. Сондықтан, басқа мемлекеттермен қатар біздің мемлекетіміздің білім саласы да оқытудың инновациялық әдістерімен қатар түрлі технологияларды пайдалануда.

Қазіргі заманғы қоғам дамуының әрекеті, әлемдік және отандық педагогика, психология ғылымдарының жетістіктерін, әсіресе, дамыта оқыту, студенттердің даму ерекшеліктері туралы мәселелер, ұзақ жылдар бойы екшеліп жинақталған жоғары оқу орындарында білім беру мақсатының приоритеттерін түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызып: бірінші кезекке, бұрынғыша студентті пәндік білім, білік, дағдыларының белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде студенттерге жеке бас тұлғасын тәрбиелеу мақсаты қойылды. Білім беруде студенттің тәрбиесі мен дамуына приоритет берілуі, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім Заңына орай оның қызметіндегі өзгерістер студенттерге сапалы білім беруді талап етеді.

Ұлттық білім беру моделі жасау мәселесі бүгінгі күндегі кезек күттірмес мәселе. Қазақстан білімін Елбасы қойған талаптарға сай, яғни, Нұрлы болашақ жобасы аясында үздіксіз білім беру бағдарын «Мәңгілік ел» құндылықтарымен толықтыру қажет. Бұл дегеніміз бүгінгі оқу бағдарламаларын қайта саралап, ұлттық тәрбие мен ұлттық құндылықтардың әлемдік озық педагогикалық тәжірибелермен байланыстыра отырып, қазақ елінің ерекшелігін білім алушының санасына ұғындыру.

Осы тараптан ҒЗИ білім беру бағыты мен интеллектуалды тұлға қалыптастыруға жағ-

дай жасайтын отандық білім беру жүйесін жетілдіру жолдарын айқындап, интеллектуалды тұлға қалыптастыру бағдарындағы шетелдік және отандық тәжірибелерге талдау жасап, білім беру бағдарламаларына тұлғаның интеллектуалды болмысын дамытып, жүзеге асыру жолдарын зерттеп, үздіксіз білім беру үрдісіндегі оқу бағдарламаларына тұлғаның интеллектуалды болмысын дамыту бағытында ұсыныстар енгізді. білім беру бағдарын саралап, оқу-тәрбие үрдісіне модульдік әдіс бойынша: «Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы қазақ тарихы», «Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы қазақ тілі мен әдебиеті», «Интеллектуалды ұлт мәдениеті», «Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы қазақ философиясы» атты еңбектерін жариялап және де интеллектуалды ұлт негізіндегі орта және шағын бизнес бағыттарында арнайы 1 модульдік пән енгізудің жобасын ұсынды. Бұл пәндер халқымыздың өткен тарихындағы озық идеяларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарап, бүгінгі ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған. Жан-жақты тұлға біліммен қоса ұлттық құндылықтарды қас-терлей білгенде ғана интеллектісі дамыған, қоғамда өзіндік орнын білетін тұлға болып шығары анық.

«Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институты» бүгінде мұғалімдерге көмекші құрал ретінде «Білім алушыларды оқуға ынталандыру жолдары» атты оқу әдістемелік құралын жарыққа шығарды. Оқу-әдістемелік құралында, бүгіндегі маңызды орынға ие дәстүрлі оқыту формасын, жаңаша инновациялық әдістер арқылы білім беру бағдары талқыланған. Әлемдік тәжірибеде қазіргі заманға сай педагогикалық әдіс-тәсілдері жинақталып, сарапталып, оқу үрдісіне сәйкестендіріліп берілген. Еңбектің негізгі мақсаты – педагог мамандарды бүгінгі білім бағдарламаларын жаңаша әдістер арқылы оқытуға үйрету. Білім алушылардың білімге деген қызығушылығының, ынтасының төмендеп кетуіне

байланысты, бұл әдістемелік құрал оқытушыларға да, білім алушыларға да оқуға деген ынтасын оятып, қызығушылығын, қолданыста жүрген дәстүрлі әдістің орнына жаңа инновациялық технологиялар негізінде білім сапасын жақсартуы болып табылады. Сондай-ақ, оқу-әдістемелік құралы педагог мамандарға оқушыларды оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу тұрғысынан ынталандыра отырып, ғылым мен техникаға деген қызығушылықтарын арттырып, дарынды жастарды қолдау және дамытуға бағытталған оқыту әдістерін қолдануда әлемдік тәжірибеде қолданыста жүрген әдістерді өз тәжірибесінде байқап көруге көмек беруде маңызы зор. Бұл, еңбекте ұсынылған әдіс-тәсілдерді мұғалім өз сабағында пайдалану арқылы оқушыларды оқу, білімге ынталандырып қана қоймай, болашақ кәсібін дұрыс таңдауына көмектесе алады. Білім беру барысында, қазақ жерінің табиғатынан бастап, әл-ауқатын, экономикасын, жер байлығының артықшылықтары мен ерекшеліктерін түсіндіріп, ортақтаса жұмыс жасау арқылы балаларға өз елінің, жерінің даму қарқынын түсіндіре отырып, оған әр бір тұлғаның үлес қосу керектігін ұғындыру мүмкіндігі болады[3]. Өйткені, еліміздің экономикасын бәсекеге қабілетті жасап, дамыған елдер қатарынан көріну бүгінгі жастар еншісінде екендігін әр бір тұлға білуі тиіс.

Елбасы, жолдауларында болмасын білім мәселесіне ерекше назар аударып, қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай елге айналдыруды көздейді. Мысалы, халыққа жолдаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты қараша айында жасалған үндеуінде: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы

Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы! Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз» [4]- деп, жастарға біліммен қоса ең алдымен тәрбиелік тұрғыда, ата-салтын, дәстүрін, мәңгілікке жетелейтін дінін, ділін, тілін, ұлтын қастерлеуге, тарихи құндылықтарын дәріптеуге, патриот ретінде рухани бай тұлға тәрбилеу керектігін айтады. Ғұлама ғалым Әл-Фараби айтпақшы: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» - деп, бекер айтпасқа керек. Тәрбиеге айрықша мән беріп, ұлттық тәрбиенің қыр-сырын

ұғындырып, ғалымдар мен қалың көпшіліктің көзқарасымен қамтылған «Ұлттық тәрбие» республикалық журналы бүгінде көпшіліктің қызығушығына бөленуде. «Ұлттық тәрбие» журналының айдарлары: «Ұлттық тағлым», «Білім мен Ғылым саясаты – Елбасы стратегиясының басым бағыты», «Ұлттық намыс», «Салт-дәстүр», «Ұлттық тұлға», «Ұлттық бизнес», «Отбасы тәрбиесі», «Ұлттық ойын», «Ұлттық әдебиет», «Ұлт тілі», «Ұстазға көмек», «Қалам ұшына тұнған ой», «Поэзия» сияқты пікірлер мен ойлар, зерттеулермен қамтылып, оқытушылар мен білімгерлерді маңызды мақалалармен көмекші құралдың бірі болып келеді.

Бүгінгі таңда институт жолдау аясында айтылған ойларға, білім беру инновациясын жаңашаландыру түрін тікелей ұлттық тәрбиеге, патриоттық, интеллектуалды тұлға қалыптастыруға бағыттап жүр.

Білім мен ғылымы дамыған ел ғана көркейіп, болашағынан зор үміт күттіреді. Ендеше, білім мен ғылымның дамуын ел ертеңімен көркейтіп отырған Елбасы саясатын білім беру ордаларында оңтайлы пайдаланып, білім алушыларға ұғындыра білгеніміз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Е.Садыкова., Советканова Д.М «Негізгі орта мектептің білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары» Ұлттық тәрбие. А., №3 (29) 2015.
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
3. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М. «Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары» оқу құралы – Алматы «Ұлағат», 2015.
4. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Жолдауы. 11. 11. 2014.

ӘОЖ 372.893

Е.М.Садықов

*Тарих пәнінің жоғары санатты мұғалімі, Қарабұлақ орта мектебі
Алматы облысы, Алакөл ауданы, Қарабұлақ ауылы*

ЖАС ҰРПАҚ БОЙЫНДА ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақалада білім берудегі патриоттық тәрбие беру мәселесі көтерілген. Ұлтжандылық сана-сезімді бала бойында қалыптастырудың жолдары ұсынылған. Патриотизмнің басты құрамдас бөлігі ретінде, өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, жаужүрек бабалар рухына сай ұрпақ болып қалыптасу өзектілігі ұсынылды.

Түйін сөздер: *тәрбие жұмысы, патриоттық тәрбие, жастар, тарих, адамгершілік.*

В статье рассматривается понятие и сущность патриотического воспитания. Так же рассматриваются приоритетные направления и педагогические условия деятельности по гражданско-патриотическому воспитанию школьников. Анализируется современное восприятие патриотического воспитания в социуме и в системе образования. Статья имеет практическую направленность, данные формы работы можно использовать в общеобразовательной школе и системе дополнительного образования.

Ключевые слова: *воспитательная работа, патриотическое воспитание, молодежь, история, нравственный.*

The article discusses the concept and essence of patriotic education. It also discusses priorities and pedagogical conditions of activity of civil-patriotic education of schoolchildren. It analyzes the current perception of patriotic education in society and in the education system. The article has a practical orientation, these forms of work may be used in a secondary school and additional education system.

Keywords: *educational work, patriotic education, young people, history, moral.*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының [1] негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Соған орай, білім берудің өзекті мәселесі де – жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, елін сүйген патриот тұлға қалыптастыру мен дамытуға жағдайлар жасау оның туған кезінен басталуы керек. Сондықтан, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни, адам-

гершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен ұстаз шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі.

Қазіргі кезеңде патриотизм тақырыбы, оның ішінде қазақстандық патриотизм мәселесі қоғамдық, мемлекеттік, мәдени-рухани тақырыптардың өзегіне айналууда. Ендеше, патриотизм идеясы жастарға білім мен тәрбие берудің барлық бағдарламаларынан көрініс табуы керек.

Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһар-

мандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне тағзым ету, жаужүрек бабалар рухына сай ұрпақ болып қалыптасу – патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта «Қазақстандық керемет» деген ұғым пайда болды. Ол тек бастамасы. Оған нағыз сай болу үшін жан-жақты дамуымыз керек. Қазақ – құдыреттілігі, имандылығы, адамгершілігі көзінен, жүрегінен көрініп тұрған, патриоттығы ішінде ұйып жатқан кең халық. Бүкіл білім беру жүйесі арқылы осыларды сыртқа шығару, жоғарғы дәрежеге көтеру қажет, ол үшін сапалы патриоттық тәрбие керек. Бұл – сырттан ғана келетін әсер емес, ол іштен шығатын, дамиды, қалыптасатын ерекше қасиет. Ол – қазақ менталитетінің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан халыққа тән санамен келген ойлау нәтижесі. Қайта жаңғырған ұлттық тәрбиенің маңызды бір бөлігі рухани мұрадағы тәлім-тәрбиелік ой пікірлер, патриоттық сана-сезім, оған деген ғылыми көзқарас болып табылады.

Қазақ елі жастарының 1986 жылғы желтоқсандағы рухани сілкінісі туғызған қайта түлеу процесі, сол патриотизмнің даму барысын өзгертуге, сөйтіп, шынайы ұлттық патриоттық тәрбие қағидаларын (принциптерін) қайта қарауға ықпал етті. Қазақстан Республикасының егеменді ел болып ана тілінің мемлекеттік тіл болуымен қатар өткен тарихымызды қайта қарап, ондағы рухани құндылықтарды елеп-екшеп және рухани құндылықтардың қорына өлшеусіз үлес қосатын мұраларын зерделеп зерттеу бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің керегіне жарату, өзекті мәселелердің бірі болуда.

Отансүйгіштік сезімі – туа біте пайда болатын қасиет. Баланың бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, содан есейе келе біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Сол себепті де, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеп шығуымыз үшін, отбасынан бастау алатын тәрбиелік үрдістің желісін бұзып алмай,

мектеп қабырғасында да, өзіндік жалғасын табуы қажет. Мәселен, оқушыларға сабақ барысында елін қадірлеуге, ата-ананы сүйуге, Отанын құрметтеуге баулитын шығармаларды оқытып отырған жөн. Себебі, туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі – ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Тарихи мәліметтерден байқайтынымыздай, жоңғар шапқыншылығы кезі мен одан бертіндегі ұлт азаттық көтерілісін алып қарасақ, ондағы батырлардың ешқайсы Отаны дегенде қасық қаны қалғанша тартынбай күресіп өткен. Елін, жерін, Отанын қорғауда жанын, тәнін аяп қарап қалмаған. Мысалы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты эпостық жырлардан – қазақ халқының жаугершілік замандағы елін бүтін, жерін алақөзденген арам пиғылды жаулардан аман сақтап қалуы туралы суреттелсе, ал Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйі, «Баймағанбет Сұлтанға айтқаны», «Ереулі атқа ер салмай», «Ұл туса», «Әй, Махамбет жолдасым» сынды жырларынан ұлттық рухтың серпілісі мен ел қамын күйттеген патриот тұлғасын көреміз. Мұндай туған елді, ұлтын сүю тақырыбында ХІХ ғасырдың жазушыларының шығармаларынан Абайдың «Қайран елім, қазағым, қайран жұртым», т.с.с., Мағжан Жұмабаевтың елді сүю, оған қызмет ету тақырыбында көптеген шығармалар жазған. Мысалы, «Мен сүйемін». Осындай тақырыптарда С.Торайғыровтың «Туған еліме», «Шәкірттерге», т.б. атты туындыларын атап өтсек болады. Кейінгі 20 ғасырлардағы ақын-жазушылар да патриоттық тақырыпқа арнап жазған туындылары өте көп. Ол кездегі шығармалар арқылы ата-бабадан қалған ұланбайтақ жері мен ұлтын өзгелерге талан-таражға түспеу қағидасын мақсат еткен тұлғалардың үндеуін байқаймыз. Мысалы, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері», Тахауи Ахтановтың «Күткен күн», Ғабит Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы,

Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» Қасым Қайсеновтың «Ажал аузынан», «Жау тылында», «Партизан соқпақтары», Баубек Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хаты», тағы да Жамбыл Жабаевтың және Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлының кейінгі ұрпақ, бізге үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны да ерекше. Осылайша, Бауыржан Момышұлы, Баубек Бұлқышев, Сапарғали Бегалин, Қасым Қайсенов сияқты тұлғалардың ерлікке толы естеліктері мен әдеби мұраларын пайдалану арқылы оқушылардың білімін көтеру, оқпен оттың азабына шыдап, жеңіске жеткен ағалардың ерлігін үлгі тұтуға тәрбиелейді. Ақындардан Илияс Жансүгіровтың «Ағынды менің Ақсуым», «Жетісу суреттері» мен Мұқағали Мақатаевтың, Тұманбай Молдағалиевтің, Фариза Оңғарсынова мен Аққұштап Бақтыгереваның жырлары арылы тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзі ұлттық тарихымызда осылай жалғасып кете береді.

Ал, тәуелсіздік алған жылдардан кейінгі кезеңдерде патриоттық деген ұғымға біраз өзгерістер енгенін байқаймыз. Мәселен, салмақтылық, орнықтылық, ерлік, қарапайымдылық, еңбекке қабілеттілік, шын берілгендік пен жауапкершілік, отанына адалдықпен еңбек ету, әрқайсысы шама-шарқынша, жетік қабілеттерімен елдің өркендеп, жандануына өз үлестерін қосу – патриоттық тәрбие ағынындағы қазіргі заманғы шаралардың басты сипаттарына айналды. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді ұлттық тәрбие беру негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені, жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс европалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Ал Қазақстан – әрі батыс, әрі шығыс елі, ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет. Оның өзіне тән ұлттық, қоғамдық ерекшеліктері бар. Сондықтан, ұлттық тәрбие негізінде жастардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара

жолы бар. Ал осы ұлттық тәрбиеге негіз – ұлттық менталитет болады.

Ұлттық менталитет – тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт-дәстүрі мен наным-сенімі болсын – мұның бәрі де әрбір халық үшін асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным-сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше. Ұлтының наным-сенімдерін, саяси көзқарастары мен ұстанған бағыт-бағдарын, ұлттың әрбір азаматы өз ұлтының ерекшеліктерін танып білуі керек. Ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану – ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы. Бұл жерде көтеріліп отырған ұлттық патриотизм ерекшеліктері жастардың өз ұлтының тарихы мен географиясымен, батырлары мен біртуар тұлғаларының ерлік істерін білуіне негізделеді. Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Өйткені, егеменді ел болған соң сол елдің елдік белгісі ұлттық патриотизм тәрбиесі айқын көрінуге тиіс.

Демек, Халық қаһарманы Б.Момышұлы: «Барлық кезе патриотизмді дерексіз, ұзақ-сонар сөзбен ұғындырудан, көбінесе мемлекетке берілген адамның мақсат-мүддесімен байланыссыз түсіндіруден қашу керек. Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизм жөнінде айтып өту қажет. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті - өз халқына деген сүйіспеншілігі, жеке адам өз халқымен қан жағынан да, шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты»[2] - деген болатын. Сонымен қатар, Б.Момышұлы: «Патриотизм – Отанға, (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-емлекеттік қауіпсіздікке тіке-

лей байланыстылығын сезіну, ал мемлекеттік нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді»[2], - дегендей, ұлтжандылық тәрбиені сабақ процесінде де, сабақтан тыс тәрбие саласында да үзбей беру өте қажет. Барлық оқу орындарының алдына қойылған ең негізгі мақсаты, маңызды міндеті де осы болмақ.

Ойымды қорыта келе, жастардың бойында ұлтжандылық қасиеттерін арттыру мынадай тәрбиелік ұстанымдар бойынша іске асуы тиіс деп ойлаймын:

- күні ертең жеткіншектердің елін, жерін сүйетін намысшыл азамат болуын ойластыру. Бұл алдымен, қадірлі қариялардың, көпке сыйлы үлкендердің бата-тілектерінде, қазақы салт-дәстүр мен ырым-жоралыларында өзекті орын алады;

- ертеңгі маман, бүгінгі оқушыны еңбексүйгіш, елгезек азамат етіп тәрбиелеу. Бұл мақсаттағы ой-пікірлер қазақтың халық шығармашылығында мол кездеседі;

- «бірінші байлық – денсаулық» деген қағиданы пір тұтқан халқымыз тән сұлулыққа ерекше мән берген. «Тәні саудың – жаны сау!», «Ауру – астан», «Тән жарасы мен жан жарасы – егіз» деп дене саулығына көңіл бөлген эстетикалық тәрбиеге баулу;

- халқымыз патриотизмнің ықпалы арқылы ұрпақ бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді орнықтыруға парасат иесі етіп тәрбиелеуге ұмтылған, ізгілікке, адалдыққа, ар-ожданды қастерлеуге, уәдеге берік болуға тәрбиелеген. «Жаным – арымның садағасы», «Жан сақтама, ар сақта», «Тәні сұлу – сұлу емес, жаны сұлу – сұлу» деп арды, адалдық пен қасетті бәрінен жоғары қойған адамгершілік пен мораль қағидаларын бойларына сіңіру;

- патриоттық сезімнен ажыратып алғысыз гуманизм – ұлттық тәрбиенің басты қағидаларының бірі. «Отан отбасынан басталады» деген даналыққа ұйыған халқымыз ұрпағын ата-ананы, үлкендер мен кішілерді

құрметтеуге, елдің, халықтың қамқоршысы болуға үндеген. Осы арқылы сыйластық әдебин, құрметтеу қасиеттерін дарыту;

- «Білім – таусылмас кен, өнер – өлмес мұра», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ақыл көпке жеткізер, өнер көкке жеткізер», «Оқу – білім бұлағы, Білім – өмір шырағы», т.б. көптеген мақал-мәтелдер тұндырған халқымыз осынау құндылықтар, өнер мен ғылым – тіршіліктің тұтқасы, өмір шамшырағы деп білген. Сондықтан, халқымыздың өте бай ауыз әдебиеті нұсқаларындағы мақал-мәтелдердің мән-мағынасын өскелең, ұрпаққа насихаттап, санасына сіңіріп отыру қажет;

- адам өмірі табиғат аясында өтетін болғандықтан, бабаларымыз ғұмыр бойы табиғатты аялауды мұрат тұтқан. Бүкіләлемдік тіршіліктің, құдіреттің төрт түрі бар. Олар: Күн-ана, Жер-ана, ауа мен су. Егер осы төрт негіздің біреуі болмаса, тіршілік тоқтайды. Сондықтан да, адамзат күнді, жерді анадай ардақтайды, жер мен судың әулиелігін қастерлеп, әрекет жасап, қызығын көреді. Ата-бабамыз да төрткіл дүние тірегін әрқашан қадір тұтып, қастерлеп өткен. Мұның астарында біріншіден, адамзат – табиғаттың баласы, сондықтан қажетінше құрметпен қарауы тиіс деген қағида жатса, екіншіден, қасиеті ұрады, кесірі тиеді деген ескертпе бар. Сондықтан да, ұрпағына аманат етіп, «Көкке аяғыңды көтерме», «Айға қарап дәрет сындырма», «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Түнде жалаң бас суға барма», «Ұйықтап жатқан адамға айдың сәулесі тіке түспеуі керек» деген сынды көптеген ырым-тыйымдар қалдырған.

Осылардың барлығы жастардың патриоттық тәрбиелілігінің даму деңгейлері мен өмірдегі әртүрлі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез-құлықтарын көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбиенің бекітілуі де бекер емес. Шынында

да, ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, адалдықты да, сұлулықты да, мәдениетті де күтуге болмайды. Ендеше, патриоттық тәрбие – тәрбиенің басты бағыттарының бастауы десек, қателеспейміз.

Қазақстан Республикасында білім беру саласы бойынша қоғамның бүгінгі күнгі талабы әрбір адамды Отанын сүйуге, туған жерін құрметтеуге, ата-бабаның озық салт-дәстүрлерінің құндылығын мақтаныш тұтуға, әлемде халықтар арасындағы бейбітшілік үшін достықты нығайтуға бағыт беруде талмай еңбек етуді қажет санайды. Сондықтан, болашақтың иесі – жастардың патриоттық тәрбиесіне ерекше мән беру, олардың бойында

патриотизмі қалыптастыру қоғам болашағының өркендеуін, елімізде тыныштық пен бейбітшіліктің мәңгілік қанат жаюын қамтамасыз ететіні анық. Өйткені, патриотизм әлемдегі бейбітшілік үшін күреспен, адамзат өміріне қауіп төндіретін термоядролық, экологиялық және террорлық апаттың алдын алумен, халықаралық қатынастарды құрумен және әлемдегі жаңа тәртіптерді бекітумен, өзара түсіністікті негізге алумен, тәуелсіз елдермен және басқа да мемлекеттермен көршілік татуластықпен, іскерлік ынтымақтастықпен тығыз байланыста болумен өлшенеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы

2 Батырдан қалған өсиет / Ә. Садықова // Егемен Қазақстан. - 2007. - №72-75 22 наурыз. - Б.9.



Білім берудің қай түрі болмасын – тәрбие

Л. Н. Толстой

ӘОЖ 37.374

С.С. Джанкадыров

*Қазақ инженерлік, қаржы - банк академиясының
аға оқытушысы, магистр*

ЖАСТАР АРАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Мақалада жастардың психологиялық проблемалары; жастар арасында әлеуметтік-психологиялық жұмыс жүргізудің бағыттары; психологиялық мәселелерді шешудің басты қадамдары талданады және жіктеледі.

Түйін сөздер: психологиялық проблемалар, әлеуметтік-психологиялық жұмыс, психологиялық құзіреттілік, субъектілік, мәселенің шешімі, субъектілікті дамыту тренингі.

В статье анализируются и классифицируются психологические проблемы молодежи; основные направления социально-психологических работ среди молодежи; алгоритм решения психологических проблем.

Ключевые слова: психологические проблемы, социально-психологическая работа, психологическая компетентность, субъектность, решение проблемы, тренинг развития субъектности.

The article analyzes and classifies the psychological problems of youth, the main directions of social and psychological work among young people; algorithm for solving psychological problems.

Key words: psychological problems, psycho-social work, psychological competence, subjectivity, problem solving, training, development of subjectivity.

Қазақстан Республикасының Президенті және жастар саясатына тоқталсақ, біз, тәуелсіздік бесігінде тербеліп өскен бақытты қазақ елінің ұландары, мемлекетіміздің қазіргі жетістіктері – бұл партиямыздың басшысы, әлем таныған ірі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан сан алуан реформалардың заңды нәтижесі екенін мақтан тұтамыз. Себебі, елімізде қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталғандығы айқын көрініс табуда [1].

Жастар өмірінде, іс-әрекеті мен қарым-қатынасында ерекше психологиялық жолмен шешуді қажет ететін жәйттер аз болмайтыны белгілі. Мысалы, жастардың арасында кәсіби білім меңгеруі күрделі мәселе болатындары да кездеседі. Біздің іс

-тәжірибеден өз әлеуеттерін толық қолданбайтын, ерік-күштерін шамалы ғана жұмсайтын болашақ мамандар да жетерлік. Кейбір жастардың оқу, еңбек іс-әрекеттері барынша нәтижелі, әлеуметтік тұрғыдан құптарлықтай болғанмен, осыған шамадан тыс күш, қажыр-қайрат жұмсалып салдарынан олардың психологиялық қажуы, титықтауы, сарқылуы, жалпы тіршілік әрекетінің шырқы бұзылуы орын алады. Одан кейін адамның барлық күш-жігері осы сәйкессіздікті жоюға ғана арналады. Іс-әрекетінен мәнді нәтиже алуға кеткен күш-қайраттың есебін толтыра алмай, кейбір жастардың дамуында тоқырау, регресс, деформация, деградация, фрустрация сынды тұлғалық кері өзгерістер орын алуы да кездеседі.

Сондықтан іс-әрекетте, қарым-қатынаста психологиялық проблемалардың пайда болуы жастардың осы жағдаятты танып, қабыл-

даудағы қайшылықпен немесе жағдаяттың өз ішіндегі қайшылықпен байланысты [2]. Сондықтан іс-әрекет, қарым-қатынас барысында немесе оларды қабылдау, жүзеге асыру ерекшеліктерімен байланысты пайда болатын қайшылықтарды жастардың саналы түрде аңғарып, тануы қажет. Жастардың өз басындағы, өміріндегі психологиялық проблемаларды **анықтай алуы аса маңызды** болып келеді. Осыған орай жастар өміріндегі әлеуметтік-психологиялық күрделі жағдайларды айқындау үшін эксперименттік жұмыс жүргізілді [3]. Оған студенттер мен мектепте педагогикалық қызмет атқарып жүргендеріне 1-5 жыл болған жас мұғалімдер қатысты. Мұнда сауалнама, сұхбат арқылы жастардың өмірінде болатын типтік әлеуметтік-психологиялық проблемалар тізімі жасалды. Зерттеуге қатысқан жастардың жауаптарындағы айтылған психологиялық проблемалар мазмұны бойынша жіктеліп, былайша топтастырылды:

Проблема ретінде қабылданып, танылатын кейбір тұлғалық ерекшеліктер: сенімсіздік; ұялшақтық; қорқақтық; жалқаулық; сенгіштік; күмәншілдік т.с.с.

Қарым-қатынасқа байланысты проблемалар: қарым-қатынас жасау дағдысының жеткіліксіз болуы; әрқашан адамдармен тіл табыса алмау; бастамашылдықтың жетіспеуі; тұйықтық т.с.с.

Оқу, еңбек іс-әрекетіне қатысты проблемалар: сәтсіздікке бой алдыру; іс-әрекеттеріне көңілдің толмауы; уақытты жеткізе алмау; өзара әрекеттестікті тиімді орната алмау; ерік-жігердің жетіспеуі т.с.с.

Тұрмыс жағдайына, тіршілік әрекетіне байланысты проблемалар: мекен-жайдағы жағдаймен қанағаттанбау; дем алуға уақыттың болмауы; күн тәртібін сақтай алмау т.с.с.

Материалдық жағдайлардан туындайтын проблемалар: қаржыны үнемдей алмау; материалдық жағынан тәуелсіздіктің болмауы; материалдық жағдайға байланысты дәрменсіздікті сезіну, кредит ала алмауға және алғандардың оны өтей алмауына байланысты психологиялық тығырықтар т.с.с.

1. Өзін-өзі танытуға, өзін-өзі актуалдандыруға орай проблемалар: өмірде өзіндік орын табудың қиыншылығы; болашақтың бұлыңғырлығы; өзіндік танымның жеткіліксіздігі; өзіндік бағаның дәлме-дәл болмауы т.с.с.

2. Жеке бастың проблемасы ретінде қабылданатын, түсінілетін әлеуметтік ортадағы мәселелері: отбасындағы жағдайдың ауырлығы; жақын адамның денсаулығындағы мәселелер; «қазіргі адамдардың өзгеруі» т.с.с.

3. Физикалық денсаулыққа байланысты және психологиялық денсаулыққа қатысты проблемалар: шаршау, қажу жәйті; денсаулықтың нашарлауы; қорқынышқа, стреске бой алдыру т.с.с.

4. Қорғаныс механизмінің орнығу проблемасы: зерттеуге қатысқан екі студент пен 5 жас маман өздерінде ешқандай проблема түбегейлі жоқ екендігін мәлімдеді. Бұл жағдай олардың саналы түрде аңғарылмаған, тереңде жатқан проблемаларының бар екендігін және осы орайдағы қорғаныс механизмдерінің ықпалын танытады.

Мұнда кейбір тұлғалық ерекшеліктерге, қарым-қатынасқа және оқу іс-әрекетіне байланысты проблемаларды студенттердің көпшілігінің көрсетуі біздің зерттеудің өзектілігі мен маңызын аша түседі. Кәсіби білім алу практикасында қажеттіліктерінің қанағаттандырыла қоймауына байланысты және оған көңілдері толмаудан болашақ мамандар өздері іс-әрекет, қарым-қатынас және психологиялық даму салаларына қатысты проблемаларды нақтылаған. Бұл проблемаларды талдап, топтастырғанда оқу іс-әрекетіне қатысты проблемалардың мазмұны ерекше назар аударуды қажет етті. Олар мазмұны, технологиясы және нәтижесі бойынша үш топқа ажыратылды.

Өмірдегі түрлі проблемалық жағдаяттардың негізіндегі қайшылықтарды туып, олардан «қашпай», оңтайлы шешу тұлғаның субъектілігі мен психологиялық даярлығының жаңа бір деңгейге көтерілетінін білдіреді. Осыған орай біздің экспериментке қатысқан жастардың субъектілік тұрғысынан іс-әрекетте, қарым-қатынаста орын алатын

проблемалық жағдаяттарды психологиялық білімді қолданып, құзіреттілікпен шешу тәсілдерін жетілдіруіне аса назар аударылды. Атап айтқанда, жастардың белсенділік, бас-тамашылық, дербестік сынды субъектілік көрсеткіштерін өзекті етуі арқасында психологиялық құзіреттілік тұрғысынан проблемалық жағдаяттарды тауып, шешу мотивациясын арттыру мәселесі қойылды.

Осыған байланысты өмірдің күрделі жағдайларында тұлғаны психологиялық көмек беру бағыттарын былайша талдап, жинақтадық:

1) проблемалық жағдаяттарды саналы аңғару және түсіну процесінде психологиялық сауаттың негізге алынуы;

2) проблемалық жағдаяттарды шешу кезінде психологиялық құзіреттіліктің де, субъектілік ұстанымның да қисынды, яғни қарама-қарсы емес, бірізді, дәлелді болуы;

3) психологиялық құзіреттілік пен субъектілік ұстанымның рефлексиялануы;

4) іс-әрекеттегі, қарым-қатынастағы субъектілік ұстанымның психологиялық заңдылықтарын түсіну;

5) психологиялық құзіреттілік пен субъектілік ұстанымды өзекті ету мен жетілдіру бойынша тәжірибе жинақтауға қабілеттілік;

6) дербес түрде өмірдегі әр түрлі психологиялық проблемаларды тану және түсіну, оларды дәлме-дәл шешудің әдіс-тәсілдерін, құрал-формаларын анықтау.

Осығанорай, жастарарасында әлеуметтік-психологиялық жұмыс ұйымдастырудың басты бір формасы ретінде субъектілікті дамыту тренингі алынды. Мұнда жастардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, әрекеті, қарым-

қатынас жасау ерекшеліктері сипатталған рөлдік ойындар, проблемалық жағдаятты талдау, пікірталас әдістері қамтылған тренинг ұйымдастырылып, өткізілді. Әркім үшін субъективті мәні бар проблемалық жағдаятты талдап, шешуге ықпал ететін мынадай тапсырма ретіндегі қадамдар үлгіленді: а) жағдаят мазмұнына орай ондағы тұлғалардың (егер өздеріне қатысты болса, онда өздерінің) мінез-құлқына, жүріс-тұрысына сипаттама беру; ә) жағдаят бойынша тұлғалардың (егер өздеріне қатысты болса, онда өздерінің) мінез-құлық, жүріс-тұрыс, әрекет ету, қарым-қатынас жасау мотивтерін анықтау; б) ғылыми білім негізінде психологиялық ықпал етудің (мінез-құлық, жүріс-тұрыс мәдениет, әдеп негізінде өзгеруі үшін) оңтайлы тәсілдерін талдап, ұсыну; в) проблемалық жағдаят негізінде тұлғалардың (егер мәселеге қатысы болса, өздерінің де) мінез-құлық, жүріс-тұрыс, әрекет ету, қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін өзіне-бағдарлы субъектілік пен психологиялық құзірет дәрежесінен сипаттап, талдау; г) проблемалық жағдаяттағы қайшылықтарды тауып, шешу негізіндегі субъектілік пен психологиялық құзіреттің өзекті болуы және жетілдіру мүмкіндіктері бойынша қорытынды жасау.

Жалпы, біздің зерттеу жастар арасында әлеуметтік-психологиялық жұмыс ұйымдастырудың көкейтестілігін айқындап, олардың түрлі проблемалық жағдаяттарын анықтауға және өмірдің күрделі жағдайларында дәлме-дәл шешім қабылдауға машықтандыратын субъектілікті дамыту тренингінің тиімділігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР-ның президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан Халқына Жолдауы Егемен Қазақстан 27.01.2012.
2. Л.И. Анцыферова. Личность в динамике: некоторые итоги исследования // Психол. журн. — 1992. — Т.13. №5.
3. А.Р. Ерментаева Студенттерді психологиялық дайындау негіздері (Монография). — Өскемен: С.Аманжолов ат. ШҚМУ баспасы, 2007.

ӘОЖ 3.37.371

А. Қ. Қудекова

*Алматы қаласының, химия биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің кураторы*

БАЛА ТӘРБИЕСІ - ЖАУАПТЫ ІС

Мақалада балаға дұрыс, оңтайлы тәрбие берудегі отбасының рөлі сипатталады. Отбасындағы ата-ананың міндеті, балаға тәрбие беруде мәдени құндылықтар мен ұлттық құндылықтар негізі талқыланады. Сондай-ақ, балаға ұлттық тәрбие негізінде қоғамға бейімдеу жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: отбасы, тәрбие, ұлт, ата-ана, қасиет

Традиционно главным институтом воспитания является семья. То, что ребенок в детские годы приобретает в семье, он сохраняет в течение всей последующей жизни. Важность семьи как института воспитания обусловлена тем, что в ней ребенок находится в течение значительной части своей жизни, и по длительности своего воздействия на личность ни один из институтов воспитания не может сравниться с семьей. В ней закладываются основы личности ребенка, и к поступлению в школу он уже более чем наполовину сформировался как личность.

Ключевые слова: семья, образование, этническая принадлежность, родители, атрибут

Traditionally, the main training institution is the family. That the child as a child gets in the family, it retains throughout later life. The importance of the family as an institution of education is due to the fact that her child is in for much of his life, and the duration of its effects on the person or one of the institutions of education can not be compared with the family. It lays the foundations of a child's personality, and to enroll in school, he had more than half was generated as a person.

Keywords: family, education, ethnicity, parents, quality

«Отан отбасынан басталады» - деген мақалды жиі қолданамыз. Иә, отбасы – дегеніміз шағын мемлекет болса, оның іргетасын қалыптастыратын әке мен ана, бала болып табылады. Сол отбасындағы ішкі тәртіп пен тәрбиені дұрыс орнату ата-ананың міндеті. Себебі: «баланың бас ұстазы – ата-анасы» - деп тегін айтылмаған.

Бала тәрбиесі- ұлттың ерекшелігі мен құндылығын сақтайтын басты қағидалардың бірі. Әр ел, ұлт тән салт-дәстүрімен, ортақ құндылықтарымен ерекшеленеді. Сол құндылықтарды әрбір баланың сана сезіміне дарытып, жүрегіне ұялатуына себепкер баланың ата-анасы мен ұстазы екені бәрімізге аян. Дүниеге келген сәбиді тәндік жағынан дамуы қамтамасыз етіп, өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалып-

тастырады. Отбасындағы берілетін тәрбие қоғамдағы жағдайға әсер етеді. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішілік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әре-

кеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз»[1], - дейді. Жаксы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал.

Қазақтың өн бойынан табылатын қасиеттерге адалдық, ержүректік, батылдық, қонақжайлылық сынды ізгі қасиеттер дарыған. Бұл тек атаның ақылы ақылы, ананың мейірімінен ғана берілетін қасиеттер. Сол қасиетті әрбір баланың бойынан көруіміз үшін бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуіміз қажет. Отбасында ата - ананың ықыласына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады. Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн.

Бала бақытының кепілі - ата – ананың өнегелі тәрбиесінде. Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын қуанытып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты

игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ, әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдас-тарын, қоғамды кіналаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата – ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»[2]- деген сөзі бар. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқимыз «Балалы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт.


«Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз»[3]. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туын-

дайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет. Бала тәрбиесіне көңіл бөлген отбасының болашағы әрқашанда жарқын болатынына сенімім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.А. Баянқызы «Бала тәрбиесі - жауапты іс» <http://infourok.ru/>
2. «Бала тәрбиесі жайлы баяндама» <http://bilimsite.kz/ustaz/>
3. Г. Жолмұқанова «Айнагүл» балабақшасының тәрбиешісі «Отбасы – тәрбие бастауы» http://infourok.ru/otbasy__trbie_bastauy_bayandama-396198.htm



Білім - бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді.

Ахмет Байтұрсынұлы

ӘОЖ 8.82.82

Р. Қ. Оразова

*Абай атындағы ҚазҰПУ
шығыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы.*

АБАЙДЫҢ ШЫҒЫСТЫҚ АРАБ ӘДЕБИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Мақалада қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығын зерттей отырып, оған әсер еткен шығыс әдебиеті мен классиктерінің ақын шығармашылығында алған орнын анықтаған зерттеуші ғалымдардың пікірлері түйінделеді, еңбектерінен мысалдар келтіріледі. Жалпы, Абай өмірі мен шығармашылығы қазақ халқының белгілі бір дәуірдегі өмірінің бейнесі дейтін болсақ, ол туралы зерттеу еңбектер мен шығармаларын жан-жақты талқылау әлі де жалғаса береді деген ойдамыз.

Түйін сөздер: ақын, жазушы, ұстаз, тәрбие, дін, әдебиет.

В статье рассматриваются мнения ученых исследовавшие жизнь и творчество великого народного поэта и просветителя Абая, и повлиявших на его творчество восточную литературу и восточных классиков, примеры из его стихов. Если считать, что всё творчество и жизнь великого классика отражает жизнь казахского народа в определенный период, то надеемся, что исследования творчества поэта найдут свои продолжения.

Ключевые слова: поэт, писатель, педагог, образование, религия, литература.

The article discusses the opinions of scientists who have studied the life and work of the great national poet and enlightener Abai, and Oriental Literature and Oriental Classics, which influenced on his work and examples of his poems. If we consider that the whole life and works of the great poet reflects the life of the Kazakh people in a certain period, we hope that the study of the poet will find its continuation.

Keywords: poet, writer, teacher, education, religion, literature.

Қазақ әдебиеті мен араб әдебиеті туралы сөз қозғағанда, қазақтың бас ақыны Абайға соқпай өтуге болмайды. Қазақ және шығыс елдері әдеби байланыстарын сөз ете отырып, біз Абай шығармаларының шығыстық тамырын, түп-төркінін Ислам дінімен бірге келген араб мәдениетінің Орта Азия мен қазақ жеріне енуімен байланыстырамыз. Араб мәдениетімен бірге келген араб жазуы, араб тілі мен ислам діні, сол арқылы енген араб классикалық әдебиетінің үлгілерінің Абай дүниетанымына да қаншалықты ықпал еткені жайында да, оның шығармаларының Шығыс әдебиетімен сабақтастығы туралы да көптеген зерттеу еңбектер жазылды. Ұлы ақынның шығармаларының араб әдебиетімен байланысы жөніндегі іргелі мәселені ғылыми тұрғыдан зерделеу ісіне жол ашқан ғалым М.Әуезов болды. Ол «Әр жылдар ойлары» атты еңбегінде Абай мұра-

ларын саралай отырып, «тегінде, Абай шығармаларының барлық қор, нәрі үлкен үш арнадан құралады: бірінші, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – Шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер, үшіншісі – Батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері. Абай ұлағатының биікке көтерілуіне, дүниетаным көкжиегінің кеңеюіне ықпал еткен екінші арна – негізінен шығыстық араб әдебиеті десек, артық айтқандық емес» [1] деген болатын. Содан бері Абай мұраларының Шығысқа қатысы жайында қазақтың бүкіл ғалымдары қалам тартқан десек артық айтқандық болмас. Бұл үшін ұлы ақынның жастық шағына үңілсе де жетіп жатыр. Зейінді шәкірттің Ахмет Риза медресесінде оқып жүргенде өздігінен ізденіп жүріп тапқан Шығыс шайырлары жас жүрегіне өшпес шұғыла құйды. Жас ақынның алғашқы өлеңдері де шығыс поэзиясы

үлгісімен жазылуы тектен тек емес. Ақынның балаң кездегі Шығыс поэзиясынан жинаған тәжірибелері кейіннен ақындықтың шыңына көтерілген тұста кемелдене түсті. Ақын шығармаларының Шығыс әдебиетіне қатыстылығы жайында, әсіресе, М.Әуезов, З.Ахметов, С.Қасқабасов, М.Мырзахметов, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева т.б. нақтылы ғалымдар ғылыми еңбектер жазған.

Абай Науаи, Физули ғазалдарына ерекше ден қойды, алдымен шығыстың ұлы шайырларының өзбек, түрік тілдеріндегі туындыларымен танысты. Науаи, Физулиді жете білу арқасында Фирдауси, Сағди, Қожа Хафиз шығармаларынан хабардар болды. Зерттеуші ғалымдардың айтуынша XIX ғ. қазақ әдебиетіндегі Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындардың бәрінен де шығыс ғазалдарының, дастандарының айқын сарындары сезіледі.

Енді сол классикалық мәдениетті айтқанда көз алдымызға әуелі араб халқының «Мың бір түн» ертегісі елестейтіні даусыз. Абай бұл классикалық туындының сюжеті негізінде «Өзімнің әңгімесі» поэмасын жазғанда, арабтың ертегі аңыз-әңгімелерін өңдеп, өз дүниетанымына, қазақ қоғамына орайластырып, қайта жырлағанын көруге болады. Бұл поэманы «Мың бір түн» ертегісінің назирашылдық дәстүр негізінде өлеңмен қайта жырланған туынды нұсқасы деп түсінеміз. Шығарманың басында поэма сюжетін қайдан алғаны жөнінде ақынның өзі былай баяндап өтеді:

Бір сөзім «Мың бір түннен» оқып көрген,
өлең ғып сол сөзімді айтқым келген.

Болыпты ағайында екі жігіт

Бағдатта Мұстапа мен Сапа деген [6].

Абай туындысының «Мың бір түндегі» «Хасан зергер туралы әңгімеден» ерекшелігі Хасанды Өзім деп алып, ертегіде орын алмаған баланың тәрбиелену оқиғасын қазақтың дәстүрі мен өзінің ағартушылық идеяларына сәйкестендіріп жыл санап өсіреді, медреседе оқытады. Сонымен қатар автор бұл поэмада кейіпкерлердің образдарын мінездерін, қасиеттерін өмірде кездесетін адамның жағымды, жағымсыз қасиеттерімен сомдайды.

Шығыс аңыздарының бірінің негізінде жазылды деп айтылып жүрген ұлы ақынның «Масғұт» поэмасының да түп негізі араб аңызына барып тіреледі. М.Әуезовтың пайымдауынша, «Масғұт» поэмасындағы Масғұттың тіршілік еткен шаһары - Бағдад, Һарун ар-Рашид халифтің тұсында болса керек. Араб әдебиетіндегі бұл шығарма Абайдың эстетикалық ой-пікірлерімен ұштасқандықтан, ақын қаламы арқылы қазақ жерінде қайта түлеген. Абай осы поэмадағы басты кейіпкер Масғұт арқылы өзінің қоғамдық-әлеуметтік көзқарасын, өмірден түйгендерін әңгіме арқауына айналдырады [2]. Адамгершілік пен әділдікті ту етіп ұстаған Масғұт «мүсәпір шалды» жабылып сабап жатқан ұрылардың арашалау үшін көзсіз ерлікке барады.

Абайдың шығармашылығына араб поэзиясының ықпалы болғанымен, ақын оларды өзінің ой өлшемінде таразыға салып, төлтума туындысына айналдырған. «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сұрланып» өлеңдерін ақын шешен тілмен шеберлеп, сүйспеншілік сезімдерді көркем көрсетеді. Сонымен қатар, «жан ләззаты», «жан шәрбаты» тәрізді сөздермен махаббат иріміне бойлай түссе де, араб ақындарында жиі кездесетін «Алланың рахметінде» өлең өрнегі өріліп отырады. «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің» өлеңдерінде арабтың классикалық поэзиясында қалыптасқан, махаббат лирикаларында көптеп жырланған «ғашық», «мағшұқ» сияқты жүректің алып-ұшқан күйін сипаттайтын ғазалдарымен сабақтасатын ортақ белгілер көрініс береді. «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы», «Білімдіден шыққан сөз» және т.б. өлеңдерінің кейбір шумақтарында Абай өлең сөздің құдіретін діни деректермен дәлдеуге тырысады. Ақын ғибратты, мәнді өлеңді ердің данасы ғана қиыстыра алады және ондай «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» өлеңді Тәңірі де, пайғамбар да, әулиелер де қадір тұтады деп түсінеді.

Абай тек классиктерді оқып қоймаған, арғы-бергі араб, парсы, грек тарихшыларының еңбектерімен де таныс болған. Ибн ал-Асир, Жамаладдин, Диуани, Шамсиддин

Сами және басқа ғалымдардың туындыларын оқыған. Ибн аль-Асир кім дейтін болсақ, ол араб тарихшысы, белгілі шежіреші ат-Табаридің «Ал-камил фи-т-тарих» атты 12 томдық еңбегін жалғастырып, толықтырған ғалым. Тағы бір мысалды айтатын болсақ, Абай өз кітапханасына Шамсиддин Самидің 10 томдық сөздігін қолына түсіруі ұлы ақын талантын жаңа бір қырынан көрсетеді. Бұл сөздікте христиан, мұсылман діндерінің көрнекті өкілдері, атақты шайырлардың, қалалардың ғұмырнамасы және өлеңдерден үзінділер берілген. Осы сөздікке қарап, біз Абай атамыздың кең даламызда бір өзі энциклопедиялық қызмет атқарғанын байқаймыз.

М.Әуезовтың «Әр жылдар ойдарын» оқи отырып, Абайдың «күншығысым күнбатыс, батысым шығыс боп етті» деген философиялық ойының мәнін ұққандай боламыз. Ұлы ақын шығыс шайырларын 13 жасында жазған өлеңдерінде тізіп айтып, отыз жасына дейін Шығыстың классикалық әдебиетіне ден қойғанын, одан кейін орыс оқымыстыларының кітаптарын оқығанын, ал қамал алатын жасқа келгенде бүкіл дүние асты-үстіне шығып өзгергенін айтады [3]. Қырық жасында өлеңді ермек емес, ұлы өнер, рухани азық деп ұғып, өзінің жазған «Жазын» Көкбайдан қайта «сатып» алған Абайдың күнбатысы қайта шығысқа айналуының үлкен философиялық, тағылымдық мәні бар. Батыстың классикалық әдебиеттерін оқып, ондағы тұжырымды ойға қаныққан ақын Шығыс дүниесіндегі ойдың феномендік астары мен жүйесін түсінген болар бәлкім?! Шығыстағы дүние-жалған философиясының мәнінің тереңдігіне үңілген болар. Шығысқа іштей туыстығын 44 жасындағы махаббат лирикаларында да байқатады. Осы тұста жоғарыда айтып өткендей, әсіресе Абай лирикасы мен Науаи ғазалдарының арасындағы көп үндестікті табуға болады. Ғалымдардың зерттеулерінен келтірілген мысалдарды алатын болсақ, «Ескендір» поэмасын жазудағы Науаи мен Абайдың өз талғамдарымен келуі, «Әліпби» өлеңіндегі араб алфавитімен тізілген ғазалдар т.б. алуға болады. Науаи «адамға деген махаббат – адамдық іс» десе, Абай «атым адам болған соң,

қайтіп надан болайын» дейді. Абайдың «Мен сәлем жазамын», «Айттым сәлем Қаламқас» өлеңдерін мысалға келтіретін болсақ, Науаиден : «күннің сұлу ақша бетін көктегі тек бұлт бүркейді» деген жолдарды кездестіруге болады.

Абайдың мәнді де, мағыналы, әрі философиялық еңбектерінің бәрі де кемеліне келген шақта дүниеге келгені белгілі. Сонымен қатар Абай өзінің тиянақ таппаған тынымсыз көңілін дінге қарай бұрғанда, мұсылманшылық дініне бұрады. Тағы да «халық», «дәһри», «ләмәкан» сияқты анық исламият сөздігін пайдаланып отырады, - деп М.Әуезовтің айтқан тұжырымы да біздің ойымызды нақтылай түсері хақ [4].

Сонымен, Шығыстың ғұлама шайырларымен терезесі тең түсіп отырған Абай үлкен шындықтың ақыны, ол Фирдауси, Низами, Науаи көлеңкелерінде қалып қоймай, қазақ өлеңдерінің туын тікті. әл-Фараби трактаттары тәрізді Абайдың философиялық трактаттары да қазақ қара сөзінің төл басы болды. Ол қалдырған үлкен қазына басқа ұлы ғұламалардай бүкіл адамзат баласына ортақ қазына. Ұлы ойшыл жандардың нағыз ірі туыстығы осында жатса керек.

Қазақ әдебиеті тарихына «кітәби ақындар» деген атпен кірген XIX- ғасырдың аяғы мен XX-ғасырдаң басында қазақ ақындарының үлкен шоғыры болғаны белгілі. «Кітаби» сөзі шартты түрде болса да, термин ретінде қалыптасқанын әдебиетші ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады. Олар Бұхара, Ташкент, Самарқан, Қазан, Уфа сияқты қалалардағы мектептер мен медреселерде білім алып, өз шығармашылықтарында ағартушылық идеяларымен ерекшеленді. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген кітәби ақындар Шығыс әдебиетінің классикалық үлгілерін қазақ даласында насихаттап, жырлауда айрықша танылады. Б.Кенжебаев кітәби ақындар жайында «Олар екі түрлі мәдениетпен танысып, екі түрлі дәстүрден нәр алған. Бірі қазақ халқының бұрынғы мәдени байлығы мен әдеби қазынасы, екіншісі мұсылмандық Шығыстың ертедегі әдебиеті», - деп тұжырым жасайды [14].

Осындай ірілік пен туыстықтың үлгісін пәндер сабақтастығын сөз еткенде жалпы үш тармаққа бөліп қарасақ:

1) «Шығыс ғұламалары» тақырыбын басшылыққа ала отырып, Абай алғаш нәр алған шығыстың мол рухани байлықтарымен таныстыру, яғни Науаи, Фирдауси т.б. ұлылардың есімдері мен шығармаларын жалпы жұртқа танытып-білгізу, «болмасаң да ұқсап бақ...».

2) «Тіл – тіршілік тірегі» атты тармаққа тәрбиелік жағынан үңілсек, көп тілді білудің қазіргі замандағы зор маңызын ешкім де

жоққа шығармас. Абай сусындағын шығыстың әлі де көптеген ғылымға нәр берері сөзсіз.

3) «Сүйер ұлың болса, сен сүй» тармағына үңілсек, өзге тіл әдебиеттерінің, шетел ақындарының Абайды өз тілдерінде сөйлетіп, қадірлеп-қастерлеуі, Абай өлендерінің философиясын өзге жұрт өкілдерінің өз мағынасында, өз дәстүрінде қабылдауы, тілдік географияның кеңдігі тарих, философия, шет тілдері пәндері үшін маңызы зор деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. М.Әуезов. Әр жылдар ойлары. -А. ҚМКӘБ, 1959ж.
2. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2.- А. Жазушы, 1995ж.
3. М.Мырзахметов. М.Әуезов және абайтану проблемалары.- А. Ғылым, 1982.
4. А.Қыраубаева. Шығыстық қисса-дастандар.-А.: Рауан, 1997.
5. Б. Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары.-А. 1958.
6. М.Салқынбаев. Қазақ-араб әдеби байланыстары.- Астана. 2009.



Е.Ә.Толқынов

Алматы облысы, Іле ауданы

№26 орта мектептің физика және информатика пәнінің І-санатты мұғалімі

HTML ТІЛІ ОРТАСЫНДА WEB-ҚҰЖАТ ҚҰРУ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада HTML тілі ортасында Web-құжат құру негіздерін үйретудің жолдары ұсынылған. Интернетте материалды жариялау тиімді болу үшін ол web-дизайн ережелеріне сәйкес болуы керектігі туралы жазылған. Сондай-ақ, ақпараттық технологияның қазіргі таңдағы маңыздылығы жан-жақты ашылған.

Түйін сөздер: информатика, интернет, HTML тілі, Web-құжат, тегтер.

В данной статье рассматривается использование технологии HTML языков для быстрого построения масштабируемых коммерческих Web приложений. Статья охватывает все аспекты процесса разработки такого рода, включая проектирование пользовательского интерфейса, аутентификацию пользователя и взаимодействие с базой данных. Зачастую на Web – сайтах можно встретить страницы с размещенными на них HTML-формами. Данная статья посвящена основам создания HTML-форм, их обработке и способам передачи данных.

Ключевые слова: информатика, интернет, язык HTML, Web-документ, тег.

This article discusses the use of HTML language to quickly build scalable business Web Applications. The article covers all aspects of the development process of this kind, including the design of the user interface, user authentication, and the interaction with the database. Often on the Web - sites can be found pages placed on them HTML-forms. This article covers the basics of creating HTML-forms processing and data transmission method.

Keywords: computer, internet, language HTML, Web-document, tag.

Жаңа ғасырдың жаңа екіпінімен еліміздің білім және ғылымның кез келген саласында компьютер технологиясына көп көңіл аударылуда. Осыған орай, республикамыздың барлық аумағын компьютерлендіру қолға алу қарқынды жүруде. Осындай жұмыстардың нәтижесінде кез келген адам республиканың қай нүктесінде болмасын, жанадан келген жаңалықтармен дер кезінде таныс болып отырады. Тәжірибеден білетініміздей уақтылы алынған информация – бұл өлшенбейтін байлыққа тең. Осылардан келіп шығатыны информациялық технологияның дамыған ғасырында компьютерлік техниканы қолданбай жұмыс істейтін мемлекеттік және коммерциялық мекемелер, жоғарғы оқу орындары және т. б. көптеген салалар кемде-кем деп айтсақ та болады.

Ақпараттық технологиялардың дамуы өміріміздегі өндірістік, технологиялық және инновациялық процесстерді жеңілдетуде. Кез келген маман экономиканың өтпелі кезеңінде, өз міндетін жаңа талаптарға лайықты етіп орындау үшін, информациялық технологиялармен жұмыстарын шеберлікпен жүргізе білуі қажет. Қазіргі кезде информацияны пайдалана және жоғары деңгейде талдай білген маман әрқашан сұраныста.

Сонымен қатар, компьютерлік дизайн, web-дизайн, жүйелік программалушы, администратор және тағы басқа мамандардың қажет екендігін түрлі жарнамалық газеттерден, бұқаралық ақпарат құралдарынан да көруге болады. Аталған мамандықтарды қалай дайындап, оларға қандай программалық құралдарды үйрету арқылы

жетілдіруге болатыны әдістемелік жұмыстың өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мектеп бітірушілер компьютерлік сауатылықты меңгеріп шығады, бірақ келешекте олар программист, инженер, жүйе администраторы болуы міндетті емес. Дегенмен, кез келген шығармашылық мамандық сізден қазіргі заманға сәйкес компьютерлік технологияларды меңгеруді талап етеді. Шығармашылық жұмыстың қорытындысы әрқашан жаңа білім, жаңа ақпарат, ал осы ақпаратты таратудың ең жеңіл әдісі – Интернетте жариялау.

Интернетте материалды жариялау тиімді болу үшін ол web-дизайн ережелеріне сәйкес болуы керек. Демек, web-дизайн негіздерін білу кез келген мамандықта қажет болады, өйткені, web-бет дизайны – бұл ақпараттық дизайн.

Осы мақсатта 11-сынып оқушыларына информатика сабағы арқылы, бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отырған, HTML тілі ортасында Web-құжат құру негіздерін үйретудің жолдарын ұсынғым келеді. Бұл аса қатты материалдық шығын мен уақытты да талап етпейді. Сабақтың көрнекіліктері ретінде интерактивті тақта және оның құралы, компьютер құрылғылары, тақырыпқа байланысты презентация, үлестірмелер қолданылса, негізгі дереккөзіне 11-сыныпқа арналған оқулықтың пайдалансақ болады.

Сонымен, HTML (HyperText Markup Language) – бұл құжаттарды кодтау үшін қолданылатын гипертекстік белгілеу тілі [1]. 1989 жылы жарияланған HTML-дің бірінші үлгісінің авторы – Тим Бернерс-Ли. Идеяның негізгі мазмұны программа-браузерге арнайы түйін сөз-тегтердің көмегімен мәтінді қалай бейнелеу керек екендігін білдіру.

HTML құжаттарды көру үшін браузерлерді қолданамыз. Браузер – программалардың саны өте көп, мысалы көп таралғандар Microsoft Internet Explorer, Opera, Google Chrome.

HTML тілінде қолданылатын командаларды «тег» деп айтамыз. HTML тіліндегі тегтер екі топқа бөлінеді: *жұп*, *жұпсыз*.

Жұп тегтер дегеніміз, бір тег ашылса, келесі тег оны жабады.

Мысалы: <html> тегтің жұмысын ашады да келесі </html> тегі оны жабады. <title> ашылуы, </title> жабылуы.

Жұпсыз тегтер дегеніміз, тег ашылады да қолданыла береді. Мысалы: т.с.с.

Web-құжаттың құрылымы.

HTML құжаттың негізгі құрылымы төмендегідей:

```
<html>
<head>
<title>
</title>
</head>
<body>
</body>
</html>
```

HTML-тег атрибуттар тізімінен тұрады. Тег тексті үшбұрышты жақша ішінде жазылады. Мысалы: Менің бірінші бетім - бұл жерде – тег, *face* – атрибут, *Arial* – атрибуттың мәні. Кез келген HTML құжат <HTML> тегімен басталып, </html> тегімен аяқталуы керек. Бұл тегтер браузерға HTML құжатын көрсетеді. <HTML>, </html> тегтер болмаса браузер программалары құжатты танымай қалуы мүмкін.

<HTML>, </html> тегтерінің ортасына құжат денесі келеді. Құжат екі бөлімнен тұрады:

- тақырып бөлімі <HEAD> тегімен басталатын
- <BODY> тегімен басталатын негізгі бөлімнен.

Тақырып бөлімі міндетті емес, бірақ ол жерде браузерге қажетті көп ақпарат болуы мүмкін. <TITLE>, </title> тегтерінің арасында құжаттың аты жазылады, сол сөз терезенің тақырып жолына шығады. Мысалы: <TITLE>Менің бірінші web-құжатым </title>

<HEAD> бөліміне тағы <META> тегтерді қолдануға болады, олар сайтты интернет желісінде тез табылу үшін пайдалынады.

<meta name= «Language» content= «kz»> - сайт тілі

<meta name= «Autor» content=»Tolkynov Yerkebulan»> - сайт авторы

<meta name= «Keywords» content= «информатика, мектеп, мұғалім, компьютер, сабақ

жоспары»> - іздеу қызметіне арналған сөздер


<meta name= «Generator» content= «блокнот»> - қай программада жасалынды

<BODY> тегімен Web-беттің негізгі бөлі-

мі басталады. Бұл бөлімге мәтін, графика, кесте, аудио және видео ақпараттар енгізіледі.

Web-құжатты компьютерде көру үшін мәтінді Блокнот программасына теріп, оны **.htm** немесе **.html** форматында сақтайды.

Ал сабақты бекітіп, пысықтау үшін келесідей тапсырмалар қатарын орындатуға болады. Мәселен, бірінші, «Пирамидаға шығу» – сұрақ-жауап әдісі (оған 5 мин уақыт кетеді).



- Web-сайт, Web-дизайн дегенді қалай түсінесіңдер?

- Сайттар жасауға арналған қандай тілдерді білесіңдер?

- HTML деген нені білдіреді?

- Тег деп нені айтады? Оның қандай түрлері бар және айырмашылықтары қандай?

- Web-құжаттың бөлімдерін атап беріңдер?

- Мына тегтің жазылуына түсіндірме беріңдер: Менің бірінші бетім.

Екінші, топтық және жеке жұмыстар орындау (оған барлығы 8 минут уақыт беріледі де, әр кезеңге 4 минуттан бөлінеді).

Сынып оқушыларын «Дизайнер» және «Лектор» топтарына бөлу.

✓ «Лектор» тобы «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында топпен бірге ой-толғау жүргізеді.

✓ «Дизайнер» тобы компьютерде алдын ала дайындалған практикалық жұмыстарды жеке орындайды.

✓ Тапсырманы орындауға бірінші кезеңге 4 минут уақыт беріледі. Уақыт аяқталған соң оқушылар тобымен тапсырмаларды алмастырып орындайды.

Үшінші, «Көкпар» (талдау жұмысы, оған 3 минут уақыт қана берсек жетеді).

«Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында ой-толғау қорытындысын тыңдау.

Төртінші, «Ой қозғау» әдісі(жұптық жұмыс, бұған 5 минут).

Компьютерде орындалған практикалық жұмысты талдау.

Тапсырма: оқушылар орындалған құжат программасынан жұп тегті *жасыл*, жұпсыз текті *көк*, атрибуттарды *қызыл* түске бояйды.

Сабақтың соңына қарай, әрине, жаңа тақырыпты қорытындылап, сол бойынша түйін жасаймыз. Сабақта белсенділік танытқан оқушыларды бағалап, мадақтауды да ұмытпайыз. Үйге тапсырма кезінде оқушылардың бұл жаңа тақырыпты жақсы меңгеріп алуына жағдай жасайтындай, қосымша дереккөздерден HTML-дің мәтінді форматтау және сурет қою тегтерін өз беттерінше оқып-үйрену тапсырылады.

Осылайша, HTML тілі ортасында Web-құжат құру негіздерін үйрету арқылы оқушыларды:

- дұрыс ойлай білуге, жауапкершілікке және адамгершілік құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу;

- HTML тілі ортасында Web-сайт құру және Web-дизайн жасау негіздерін меңгеруге жан-жақты түсініктер беру және теориялық білімді тәжірибеде пайдалана білуге бейімдеу, практикалық дағдыларын қалыптастыру;

- ақпараттық мәдениетін дамыту және логикалық терең ойлай білуге машықтандыруға қол жеткіземіз.

Қорытындылай келе, мектеп оқушыларына информатика сабағында HTML тілі ортасында Web-құжат құру негіздерін оқыту арқылы мынадай нәтижелер аламыз: оқушылардың HTML тілі, Web-сайт құру және Web-дизайн жасау туралы түсініктері қалыптасады; ақпараттық технологияларды қолдану деңгейін арттырады; үйренген білімдерін тәжірибеде қолдана алатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <https://kk.wikipedia.org>

2 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2015.24.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

ӘОЖ 37.371

А. Ағатаев

Философия және педагогика ғылымдарының профессоры, зейнеткер

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ НЕГІЗДЕРІ РЕТІНДЕ

Мақалада Президентіміз белгілеген берекелі қоғамның ғылыми негізделген тұжырымдамасы, білім мен ғылымның айқын да анық арақатынасы, ғылымға жаңаша көзқарастың негіздері және елімізде берекелі қоғам құруға мүмкіндік беретін ғылыми негізделіп, аяқталған дұрыс жаңа педагогикалық жүйенің негіздері баяндалған.

Түйін сөздер: болашақ, бейбіт, ашық қоғам, білім, ғылым.

В статье приведены научно обоснованная концепция установленный Президентом общества благоденствия, четкое различие и взаимоотношение между знанием и наукой, основы нового воззрения на науку и основы научно обоснованной завершенной правильной новой педагогической системы позволяющей постройит в нашей стране общества благоденствия.

Ключевые слова: будущее, мир, открытое общество, образование, наука.

The paper presents the concept of science-based welfare society established by the President, a clear distinction and the relationship between knowledge and science, the foundation of a new outlook on science and evidence-based foundations completed correctly the new educational system allows you to build in our country, the welfare of society

Keywords: future world, an open society, education, science.

Тәуелсіздік жылдарында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өз сөздерінде және еңбектерінде білім мен ғылымға аса зор көңіл бөліп келе жатқандығы баршамызға мәлім. Сол себептен де мемлекеттің білім мен ғылым саясаты дұрыс саясат деген ойдамын. Осы жерде мынадай сұрақ туындайды: «еліміздегі білім мен ғылым деңгейі мемлекеттің сәйкес саясатына толығынан сай ма?». Менің беретін жауабым «негізінен жоқ». Бұл мәселені шешу үшін бірінші *«бізге білім мен ғылым не үшін қажет?»* деген сұраққа жауап бергеніміз дұрыс деп ойлаймын. Ал енді бұл сұраққа жауап беру үшін біз Президенттің барлық дерлік сөздері мен еңбектеріне еліміздің алдына қойылған басты мақсат тұрғысынан қарастыру қажет болады. Президенттің үш басты мақсаты бар екен. Біріншісі. Осыдан 7-8 жылдай бұрын Президент өз сөздеріне жарқын болашақ деген тіркесті қоса бастаған еді. Кейін келе бұл тіркес жиі айтыла және жазыла бастады. 2014 жылы тамыз айында

Ұлытау өңірінде тілшілерге берген сұқбатында Президент «Қазақстанның болашағы өте жарқын» және «біз жарқын болашаққа біртіндеп жетеміз деген ойдамын» деген еді. Ал енді 2015 жылдың 29 сәуірінде сөйлеген сөзінде ол кісі **«мен Қазақстанның жарқын болашағы жолында барлық тәуекелге барамын»** деп кесіп айтты. Екіншісі. 2011 жылдың 08 сәуірінде Президент **«Тәуелсіздік жылдарында мен халқымның бақытты өмірі, баянды болашағы үшін бар қажыр-қайратыммен еңбек етіп келемін»** десе, ал енді 2015 жылдың 29 сәуірінде халықтың Президент саясатына деген қолдауына ризашылдығын білдіре отырып **«өмірін халқының бақытына арнаған адам үшін бұл үлкен бақыт»** деген еді. Үшіншісі. Ол 2012 жылдың желтоқсан айында халыққа ұсынған «Қазақстан -2050» стратегиясындағы **«Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай берекелі қоғам (общество благоденствия) құру.»** деген сөздер болып табыла-

ды.Сөйтіп қысқаша айтқанда басты үш мақсат мынау екен: 1) *Қазақстанның жарқын болашағына жету*; 2) *Қазақстан халқының бақытты болуына көмектесу*; 3) *Қазақстанда берекелі қоғам құру*. Енді ғылыми тұрғыдан алғанда мынадай сәйкес үш сұрақ туындайды: 1) Қазақстанның жарқын болашағы деген қандай болашақ?; 2) Қазақстан халқы, яғни 17 млн адамның барлығы бақытты бола ала ма?; 3) берекелі қоғам деп қандай қоғамды түсінгеніміз дұрыс? Үлкен өкінішіме орай, осы уақытқа дейін осы мақаланың авторынан басқа[3,5,7,8,9,12] ғалымдар жоғарыдағы сұрақтар төңірегінде өз пікірлерін білдірген жоқ. Қазақстанның жарқын болашағы тіркесін *барлық қазақстандық жақсы өмір сүретін болашақ* деп түсінгеніміз дұрыс деген сенімдемін. Ал енді Қазақстан халқының бақыты деп *барлық қазақстандықтардың өз өмірлеріне көңілдерінің толуы* түсінілегені дұрыс. Менің 35 жылғы жан-жақты ғылыми зерттеулерімнің нәтижелері және Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың сөздері мен еңбектерін зерттеу берекелі қоғам деп мынадай қоғамды түсінуіме негіз болды[3,5,7,8,9,12]: бірінші, **бейбіт**, екінші, **еркін**, үшінші, **тату**, төртінші, **сау**, бесінші, **еңбекқор**, алтыншы, **дәулетті**, жетінші, **азаматтық**, сегізінші, **демократиялық** қоғам, тоғызыншы, **сүйіспеншілікті**, оныншы, **негізінен қазақ тілді**, он бірінші, **ашық қоғам**. Осындай қоғамды мен *жоғарыөркеніетті*, сол себептен *адамгершілік билеген қоғам* деп, ал енді осындай өмірді *толығынан шын мәнінде бақытты өмір* деп атадым. Менің сенімді пікірім бойынша, *тек осындай өмір әрбір қазақстандық өмірінің дұрыс мәні болуы керек* деп ойлаймын. Міне, *тек осындай қоғамда ғана барлық қазақстандық жақсы өмір сүреді және тек осындай өмірге ғана барлық қазақстандықтардың көңілдері толады деген ойдамын*. Міне, осындай қоғамды құру үшін бізге білім мен ғылым қажет деп санаймын. Осындай қоғам бірінші, **қазақ**, екінші, **қазақстандық**, үшінші, **әлемдік мәдениет** негізінде құрылады. Демек, **бізге білім мен ғылым елімізді жоғары өркениетті Қазақстанға айналдыру үшін қажет** ек-

ен[3,9]. Біз алдымен білім мен ғылым арақатынасын дұрыс анықтап алғанымыз дұрыс. Өйткені қазір қайсысы білім қайсысы ғылым екенін ажырату мүмкін емес болды. Бұл үшін біз осыдан шамамен 50 жылдай бұрын қалыптасқан ғылымтану (науковедение) деген ғылым жайындағы қазіргі білімдерге көңіл бөлейік. Ғылымтанудың бірінші мәселесі «*ғылым дегеніміз не?*» деген сұрақтан бастау алады. Бұл сұраққа [1]-те мынадай түсініктеме берілген: «*Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымның ең жоғары пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы.*» Ал енді [2]-те бұл сұраққа мынадай түсініктеме берілген: «*Наука, сфера человеческой деятельности, функцией которой является выработка и теоретическая систематизация объективных знаний о действительности; одна из форм общественного сознания. Понятие науки включает в себя как деятельность по получению нового знания, так и результат этой деятельности: сумму полученных к данному моменту научных знаний, образующих в совокупности научную картину мира. Термин наука употребляется также для обозначения отдельных отраслей научного знания.*» Бір қызығы мынада: көрсетілген екі әдебиетте де қазір жиі қолданылып жүрген *ғалым* сөзі мен *ғылыми зерттеу* тіркесі келтірілмеген. Келтірілген түсініктемелерден жоғарыда қойылған сұраққа дұрыс жауап алуға болмайды. Өйткені келтірілген сұраққа тікелей жауап жоқ. Егер қазақ тіліндегі түсініктемесінде бұл сұраққа тікелей жауап тіптен де жоқ болса, ал енді орыс тіліндегісінде, ғылым дегеніміз деятельность деп қана көрсетілген. Ал енді орыс тіліндегі *ғылым термині ғылыми білім салаларын белгілеу үшін де қолданылады* деген пікір ғылым мен білімді тіптен де шатастырып жіберді. Міне, осыдан шамамен 40 жылдай бойына оқу әдебиеттерінде әрбір пән ғылым ретінде қарастырылады[13]. Бұл жағдай қазіргі кезде *ғылымтану деңгейінің төмен* екендігін көрсетеді. Осы мәселенің басын ашып алу үшін, менің 30 жылдық зерттеулерімнің нәтижесі болып та-

былатын ғылымға деген жаңаша көзқарасты қысқаша баяндайын[3,5]. **Ғылым деп жаңа білімдер алу үшін қолданылатын білімдер жүйесі түсінілгені дұрыс.** Ғылым көмегімен алынатын жаңа білімдерге мынадай негізгі бес талап қойылады: адам мен қоғам жетілуі мақсаттарына сай болуы; бұрын белгісіз, ішкі, дұрыс білім болуы; белгілі білімдермен сабақтас болуы. Міне тек осындай талаптарға сай болғанда ғана жаңа білімдер ғылыми деп аталады. Өз алдына алғанда ғылымды құрайтын білімдер жүйесі үш бөліктен тұрады: ғылым негіздері; ғылым қағидалары; ғылым тәсәлдері. **Ғылыми зерттеу деп ғылым негізінде жүргізілетін зерттеу түсінілгені дұрыс.** Сол себептен ғылыми зерттеу нәтижесінде жаңа ғылыми білімдер алынады. Жалпылай алғанда ғылыми зерттеу мынадай кезеңдерден тұрады: *бастапқы кезең*: бұл кезеңде зерттеу объектісі, заты, мәселесі және тақырыбы белгіленіп, осы мәселенің маңыздылығы көрсетіледі. Бұл жерде ғылыми мәселе деп ғылым негіздеріндегі аяқталмаған ой немесе сәйкессіздік, қарама қайшылық түсініледі. Ғылыми мәселелер практикалық және теориялық мәселелерден тұжырымдалады. *Бастауыш кезең*: бұл кезеңде ғылыми болжам негізделеді. Ғылыми болжам деп ғылым негіздері аясында тұжырымдалып, негіздеуді қажет етілетін пікір түсініледі. *Негізгі кезең*: бұл кезеңде ғылым қағидалары мен тәсілдері көмегімен ғылыми болжам негізделіп жаңа ғылыми білімдерге айналады. *Қорытынды кезең*: бұл кезеңде жаңа ғылыми білімдер жарияланады, қажет болғанда қорғалады. Сөйтіп ғылыми білім деген тіркестің екі мағынасы болады: 1) ғылым көмегімен алынған білім; 2) ғылым құрамына кіретін білім. Ғылым көмегімен алынған білімдер бірінші теориялық, екінші практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. *Қазіргі кезде ғылым мен ғылыми зерттеуді қолданбалы, эмпириялық, оның ішінде эксперименттік те, эмпириялық теориялық, рационалдық теориялық, яғни іргелі деп үш деңгейге бөлген дұрыс.* Сонда ғалым деп ғылыми зерттеуді дұрыс жүргізе алатын немесе ғылым жайындағы кәсіптік

білімі болатын маман түсінілгені дұрыс екен. Осындай ғылымдар көмегімен алынған жаңа білімдер практика мен теорияда әртүрлі деңгейлерде қолданылады. **Сонымен ғылым мен білім арақатынасы жайында мынадай қорытынды жасауға болады:** 1) *тікелей алғанда бізге ғылымның қажеті жоқ екен* [6]. Ғылымның бізге пайдалылығы оның көмегімен алынған жаңа ғылыми білімдері ғана екен. 2) барлық ғылым білім, ал барлық білім ғылым емес екен; 3) ғылым негіздері білім негіздерінен жасалады екен. *Педагогика жайындағы мынадай жаңа білімдер алынды.* Педагогиканың қазіргі қарастыру заты тіптен де түсініксіз, сондықтан да оның практикасының нәтижелері қоғам тарапынан әділ сыналып жатыр[4,6,9,10,11,13]. Сол себептен де оған жаңаша көзқарас қажет болды. Осы көзқарас нәтижесінде **аяқталған дұрыс жаңа педагогикалық жүйе** жасалды. Әрине, бұл жаңа педагогикалық жүйе философияға, логикаға, этикаға, психологияға жаңаша көзқарастар негізінде жасалды десем болады. Бұл жүйенің негізгі терминдеріне мыналар жатады: *білім беру, сананы өзгерту, кейін қалыптастыру.* Бұл педагогиканың мақсаты: *оқытылушыға толығынан шын мәнінде бақытты өмір сүруіне көмектесу.* Педагогика адамның ішкі әлемін, нақтылай айтқанда санасын өзгерту жайындағы білімдер деп түсінілгені дұрыс. Адамның ішкі әлемінің өзгерісі қайтымды да, қайтымсыз да болуы мүмкін. Әрине, бізге ішкі әлемнің өзгерісі қайтымсыз болғаны керек. Ал бұл үшін сананы өзгерту қажет болады. Ішкі әлемнің қайтымсыз өзгерісі адамның сыртқы әлемінің, яғни кейіпінің сәйкес өзгерісіне әкеледі. Педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда сана деп жете түсінілген білімдер түсініледі. Жете түсінілген білімдер адамның бойына сіңіп, оның «екінші табиғатын» қалыптастырады да оның сеніміне (убеждение) айналады. Сол себептен бұл саланы *кейін қалыптастыру жүйесі* (система образования) деп атағанымыз дұрыс деп ойлаймын[13]. Бұл педагогикалық жүйенің мынадай негізгі төрт мәселесі болады: 1) *қандай кейін қалыптастыру қажет?*; 2) *қажет*

кейін үшін қандай білімдер керек?; 3) білімдерді қалай беру керек?; 4) білімдер берілді ме? немесе қажет кейін қалыптасты ма? **«Қандай кейін қалыптастыру керек?» деген сұраққа қысқаша жауап мынадай.** Менің зерттеулерім түбінде әрбір адам **қазақстандық жақсы адам, қазақстандық жақсы маман, қазақстандық жақсы ғалым** болуы керек екендігін көрсетті[3]. Бұл - әрбір адам адамдық, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік кейіпті болуы керек деген сөз. Демек бізге адамдық, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік кейіптер қажет екен. Бұл педагогикада адамдық кейіптің алты, кәсіптік кейіптің үш, ғылыми-кәсіптік кейіптің де үш деңгейі белгіленген. Осыған орай **адамдық, кәсіптік, ғылыми кәсіптік кейіп** жайында сөз қозғауға болады. Сөйтіп мынадай негізгі үш кейіпқалыптастыру жүйесі жасалады: *адамдық, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік кейіп-қалыптастыру жүйесі*. Бұл жердегі кейіп деп отырғанымыз әлеммен қатынаста көрінетін іс-әрекет немесе іс-әрекетсіздік болып табылады. Ал енді тәрбие деп әлеммен қатынаста көрінетін қасиет түсініледі. **«Қажет кейіптер үшін қандай білімдер керек?» деген сұраққа қысқаша жауап мынадай.** Әлем жайындағы білімдер педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда тәрбиелік, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік болып үлкен үш топқа бөлінеді. Сол себептен де әлемтаным да тәрбиелік, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік болып үлкен үш топқа бөлінеді. Жоғарыдағы кейіптерге негіз болатын білімдер бұл педагогикада мынадай сәйкес үш топқа бөлінген: тәрбиелік білімдер, кәсіптік білімдер, ғылыми-кәсіптік білімдер. Бұл педагогикада тәрбиелік білімдердің алты, кәсіптік білімдердің үш, ғылыми-кәсіптік білімдердің де үш деңгейі белгіленген. Осыған орай әлемтанымның да 12 деңгейі белгіленген. Бұл деңгейлер былай бөлінеді: тәрбиелік әлемтаным-0-5, кәсіптік әлемтаным-1-3, ғылыми-кәсіптік әлемтаным-1-3. **«Білімдерді қалай беру керек?» деген сұраққа қысқаша жауап мынадай.** Бұл педагогикалық жүйенің мынадай терминдері болады. Оқу деп танымдық іс-әрекет түсініледі. Оқу өзіндік және оқыту бо-

луы мүмкін. Оқыту деп оқумен айналыстыру түсініледі. Оқыту білім беру пішімі мен ретімен сипатталады. Сонда **оқытушы** деп оқумен айналыстырушы, оқумен айналыстырылушыны **оқытылушы** деп түсінеміз. Осыдан мынадай терминдер енгізіледі: оқыту әдебиеті, жылы, жоспары. Оқытулық білімдердің мазмұнына қарай оқытудың мынадай түрлері болады: тәрбиелік, кәсіптік, ғылыми-кәсіптік оқыту. Оқытушы мен оқытылушының қатынасы тұрғысынан қарастырғанда оқыту тікелей және қосалқы оқыту болып бөлінеді. Қосалқы оқыту деп оқытылушының оқыту әдебиетімен жұмыс істеуі түсініледі. **Оқытулық білімдер** (учебные знания) деп оқыту барысында берілетін білімдер түсініледі. Бұл педагогикада оқытылғандықтың көрсеткіштері ретінде алынған білімнің кеңдігі мен тереңдігі қабылданса, ал енді оның критерийлері ретінде білімнің алынуы, қабылдануы, түсінілуі, жете түсінілуі белгілеген. **Үлгерімділік** деп белгіленген білімдерді белгіленген уақытта белгілеген деңгейде игеру түсініледі. Бұл педагогикада негізінен қосалқы оқыту қолданылады. Бұл педагогикалық жүйеде оқытулық білімдер мынадай топтарға бөлінеді: *кезеңдік, деңгейлік, сатылық, пәндік, тараулық, тақырыптық*. Оқытулық білімдер сәйкес білім салаларынан белгілі бір негізде бөліп алынады. Кейіпқалыптастыру жүйелеріне сай мынадай кезеңдік оқытулық білімдер белгіленген: *алғашқы, бастапқы, бастауыш, негізгі, орта, жоғары тәрбиелік білім; төменгі, орта, жоғары кәсіптік білім; төменгі, орта, жоғары ғылыми-кәсіптік білім*. Оқытылушының есте сақтау, ойлау, ой білдіру, тану, санадамуы мен қолданылуының белгілі заңдары негізінде оқытулық білімдер араб цифрларымен белгіленген деңгейлерге бөлінген. Оқыту аяғында жоғарыдағы кезеңдік білімдер бойға сіңіп сана құрамына кіретін болады. **«Білімдер берілді ме? немесе қажет кейін қалыптасты ма?» деген сұрақтарға қысқаша жауап мынадай.** Бұл педагогикада білім тексеру деп белгіленген білімнің игерілу деңгейін анықтау түсініледі. Бұл педагогикада білімді бағалаудың үш ба-

лы белгіленген: қанағаттарлық, жақсы, өте жақсы. Білім тексеру тұрғысынан алғанда белгіленген оқытулық білімдер мынадай үш деңгейге бөлінген: *негізгі, негізінен толық, толық*. Бағалар да осыған сәйкестендірілген. Білім тексерудің де мынадай түрлері болады: кезеңдік, деңгейлік, сатылық, пәндік, тараулық, тақырыптық білім тексеру. Білім тексеру үшін 30 тексеру сұрақтары ойластырылады. Бұл сұрақтардың 1-10-ы қанағаттанарлық деген, 11-20-ы сұрақтары жақсы деген, 21-30-ы өте жақсы деген бағаға бейімделген. Сонда үштік, төрттік, бестік бағаларға арналған сұрақтар сәйкес 1,2,3-ші деңгейлі қиындықты сұрақтар болып табылады. Бұл сұрақтарға толығынан дұрыс жауап беру үшін сәйкес бір, екі, үш ой амалын істеу керек болады. Сұрақтарға жауап ауызша да, жазбаша да болады. Бұл педагогиканың мынадай үлкен алты түрі белгіленген: *табиғат, адам, қоғам, өнер, техника, ғылым педагогикасы*;

Сонда *ғылым педагогикасы* ғылымтанымның педагогикалық мәселелерімен айналысады. Енді берекелі қоғам орнату үшін елімізде 12 буынды кейіпқалыптастыру жүйесі болғаны дұрыс деп есептеймін [13]. Ол жүйелер мыналар: 1) *алғашқы адамдық кейіпқалыптастыру жүйесі*; мақсаты: алғашқы адамдық кейіпке дағдыландыру. Бұл жүйе жасы 1-3 жас аралығындағы оқытылушыларға әсер етеді. 2,3,4,5,6) *бастапқы, бастаушы, негізгі, орта, жоғары адамдық кейіпқалыптастыру жүйесі*; 7,8,9) *төменгі, орта, жоғары кәсіптік кейіпқалыптастыру жүйесі*; 10,11,12) *төменгі, орта, жоғары ғылыми-кәсіптік кейіпқалыптастыру жүйесі*. Мақаламды еліміздің барлық ғалымдарын, мамандарын төменгі өркениетті Қазақстанды жоғары өркениетті Қазақстанға айналдыру бағытында бірлесіп жұмыс істейік деп аяқтағым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. 3-ші том Г-Ж – Алматы, 2001.
2. Большая советская энциклопедия. 17-ый том. Моршин-Никиш.—1974, 616с.
3. Ағатаев А. Қайсар философиясы. Ғылыми – танымдық еңбек. –Алматы, 2009, 236б.
4. Ағатаев А. ҰБТ-дағы келеңсіз жағдайларды болдырмауға бола ма?—Жас алаш, №20, 14.03.2013, 4 бет.
5. Ағатаев А.А. Мечта о казахстанском светлом будущем: миф или реальность.- журнал ИДЕИ, №4, 2013, стр. 33-45.
6. Ағатаев А. Основные проблемы совершенствования содержания учебных знаний в школах Казахстана -ИДЕИ, №6, 2013, стр.22-33.
7. Ағатаев А. Берекелі қазақстандық қоғам –елес пе, әлде көрінген белес пе?(сұхбат) - Болашақ жасар газеті, №9, 19.03.2014, 6 бет.
8. Ағатаев А. Қазақ педагогикасын жаңарту қажет (тілші А.Рақыштың түсініктемесі) – Қазақстан ZAMAN, №48, 04.12.2014, 9 бет.
9. Ағатаев А. Какая система образования нам нужна? –Трибуна.Коммунист Казахстана, №21, 27.05.2015, стр. 17.
11. Ағатаев А. Какая система образования нам нужна? –Трибуна.Коммунист Казахстана, №22, 03.06.2015, стр. 17.
12. Ағатаев А. Какая система образования нам нужна? –Трибуна.Коммунист Казахстана, №23, 10.06.2015, стр. 17.
13. Ағатаев А. Еліміздегі білім беру жүйесі елбасы саясатына сай келе ме?. (тілші А.Рақыштың түсініктемесі) – Қазақстан ZAMAN, №23, 11.06.2015, 4бет.
14. Ағатаев А. Какая система образования нам нужна? –Трибуна.Коммунист Казахстана, №24, 17.06.2015, стр. 17.

Ш.М.Мамбетова

*Абай атындағы ҚазҰПУ
Педагогика және психология институтының магистранты*

КӨПМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Мақалада көпмәдениетті тұлға қалыптастыру жолдары кеңінен қарастырылған. Кемелді тұлға қалыптастыруда отбасы тәрбиесі, сапалы білім, көптілділік мәселелері жан-жақты талқыланып, сараланған. Сонымен қатар, толыққанды тұлға өсіруде, оқытудың ұтымды жақтарымен, ұлтаралық, толерантылыққа баулу керек тұстары да кеңінен сұрыпталып жазылған.

Түйін сөздер: Көпмәдениетті тұлға, білім, тәрбие, көптілділік

В статье рассматривается пути формирования поликультурной личности. Всесторонне анализируется воспитание семьи, качественное образование, вопрос полиязычия в формировании полноценной личности. А также углублено написано о воспитании толерантности, о плюсах образования в реализации полноценной личности.

Ключевые слова: Поликультурная личность, образование, воспитание, полиязычие.

In the article is considered the ways of forming a multicultural identity. Comprehensively analyzes the education of families, quality education, the question polylinguism in the formation of a full-fledged personality. And also deepened written about education, tolerance, about the advantages of education in the implementation of a full-fledged personality.

Key words: multicultural identity, education, training, multilingual.

Қазіргі күннің ерекшелігі, ол – елдер мен халықтардың бірігуі, олардың қарым-қатынасын жақсартып, мультимәдениет пен әлемнің жаһандануы. Көпмәдениеттілік ұғымына келгенде, өзге ұлт өкілін түсіну, дұрыс диалог жүргізу, оның қалыбын сол күйінде қабылдау, сонымен қатар өзінің мәдениет кеңістігін кеңейту. Адам өзге мәдениетпен танысу барысында, өз мәдениетінде тереңдеп түсіне бастайды. Көпмәдениеттілік қазіргі жаһандану кезеңінде түрлі ұлтаралық, этносаралық және дінаралық қарама-қайшылықтарға қарсы бірден-бір тиімді құрал.

XXI ғасыр – Қазақстан үшін әлемдік кеңістікте үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізетін уақыт. Өзінің көпұлттылығымен, біркелкі қалыпты дамуы арқылы әлемді өзіне қаратып отырған біздің ел үшін осы ішкі

тұрақтылықты сақтап қалу маңызды фактор болып есептеледі. «Көпмәдениетті Қазақстан – дамушы қоғамның ілгерінгі факторы», – деп Елбасымыз өз Жолдауында айтып өтеді [1]. Осы сөздің өзінде біз көпмәдениеттілік ұғымы бізге тансық емес, әрі жоғарғы деңгейлі, қажеттілік туындатып отырған сөз екенін түсінеміз. Көпмәдениетті Қазақстанды қалыптастырып дамыту үшін, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырып дамыту қажет.

Көптеген отандық және шетелдік философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттеріне сүйеніп, көпмәдениетті тұлға ұғымына мынадай анықтама берсек болады: көпмәдениетті тұлға – ол, өмірлік өзіндік ұстанымы бар, эмпатия мен толеранттылық сезімдері дамыған, эмоци-

оналды бекем, әртүрлі ұлт өкілдерімен тату-тәтті, тыныштықта өмір сүре алатын, табысты шешімге өзі келе алатындай және көпмәдениетті қоғамда өзінің кәсіби іскерлігін жалғастыра алатын тұлға.

Көпмәдениеттілікті зерттеген С.Л.Яковлева, Е.М.Щеглова, К.К.Платонова сияқты ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп, көпмәдениеттіліктің келесідей компоненттерін атасақ болады: когнитивті, мотивациялы-аффективті және мінез-құлықты. Осы компоненттерді аша отырып, біз көпмәдениетті тұға қалыптастырудың негіздерін ұсына аламыз.

Когнитивті компонент, мәдениет феномені туралы, әлемдегі көпмәдениеттілік туралы, жаһанданудың заманауи тенденциялары туралы, сонымен қатар мәдениетаралық байланыстың ұстанымы, қолданылуы, мысалдары және мәдениет негізінде пайда болатын кекілжіндерді болдыртпау туралы білімін қамтиды.

Мотивациялы-аффективті компонент жеке тұлғаның қасиеттері жән эмпатия мен толеранттылық қабілеттілігін аңғартады.

Ал мінез-құлық компоненті кекілжіндерге төтеп беруін сипаттайды [2].

Жоғарыда айтылған компонентер, қоғамдық ортада көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізгі қасиеттері деп алсақ болады. Осы қасиеттердің жиынтығы, көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негізі – ол дұрыс бағытталған тәрбие.

Көпмәдениетті тұлға – бұл индивид, өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерді игеруге бағытталады. Туған тілін, жалпы мәдениетін терең білу – бұл өзге мәдениеттерге қызығушылық қатынастың негізі, көптеген ұлттық, көркем мәдениеттермен танысу рухани баюға және дамуға негіз болады [3]. Көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан мемлекетінде жаңа сипатқа ие болып отырған патриотизм мәселесін Қазақстан Республикасының ұштұғырлы саясатымен ұштастыра жүргізу қажет.

Балаға отбасында дұрыс тәрбие берілсе, білім орталарында сапалы білім берілсе ол

өзге мәдениетпен танысып, дүние танымын кеңейтсе көпмәдениетті тұлға қалыптастырға негіз болады. Сапалы білімнің ішінде біз көптілділікке аса басты назар қоямыз. Елбасымыз Қазақстан халық Ассамблеясының XII сессиясында қазақстандықтар қазақ тілін, орыс тілін және ағылшын тілін еркін білуі керек [4], - деп көптілділік-көпмәдениеттіліктің қалыптасуының негізі болатынын аңғартты.

Көпмәдениетті тұлға қалыптастыруға әсер етіші негізгі фактор ол көптілділік. Көптіл білген сайын адамның сол тілде сол ұлтқа қатысты ақпараты көбейе түседі, дүниетанымы кеңейеді. Күн сайын өзгеріп отырған мына заманда, балаға жақсы білім беріп қана қоймай, оның тұлғалық қасиеттерін арттырып, қоғам дамуында өзіндік рөлі бар тұлғаға айналдыру көзделеді. Елбасымыз негізін қалаған ұштұғырлы тіл саясаты, кемеденген көпмәдениетті Қазақстан моделіне жетуді мақсат етеді. Осыдан біз көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негіздерінің бірі деп, көптілділікті айтамыз.

Көптілділік, шүбәсіз, оқыту процесімен тығыз байланысты. Дұрыс тәрбие сапалы біліммен ұштасса, нағыз кемелді, толыққанды тұлғаны қалыптастырады. Оқыту тек қана тілді ғана қамтымайды. Ол тарихпен, әдебиетпен, философиямен, әлеуметтанумен және басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста болады. Яғни біз баланың қоғаммен алғаш ұштасатын сәтінде, балабақша, мектепке дейінгі ұйымдарда баланы, сол жасқа сай түрлі пәндермен байланыстыра, ұлтаралық толеранттылық мен эмпатияға баулуымыз керек. Мысалы, ертегілерде түрлі ұлт өкілдерін айту, ролдік ойындарда түрлі ұлт өкілдерін сомдау немесе іс-шараларда әртүрлі ұлттардың тарихы мен дәстүрімен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу барысында біз балаға экологиялық тәрбие береміз. Осы тәрбие барысында да түрлі, әдістемелік құралдар, әңгіме, ойын арқылы басқа мәдениетпен таныстыра аламыз. Мысалы, мына ағаш қайың, орыс ұлтында киелі ағаш, ал мынау шетен, беларусь ұлты үшін


киелі, деген сияқты қарапайым түрде баланы басқа ұлттардың мәдениетімен таныстыруға болады. Баланың алғашқы таным қасиеттері дамып жатқан сәттен оны өзге ұлт мәдениетімен ұштастырып, дүниетанымын кеңейту. Бертін келе мектеп қабырғасындада, түрлі ұлттар мәдениетімен тығыз байланыста болып өзіндегі жеке тұлғалық қасиеттерін мен қатар көпмәдениетті тұлғаға сай қасиеттерін дамытуға жол ашу керек.

Көптілділік — заман талабы. Бір халықтың мәдениетін басқаларымен салыстыру

арқылы ғана, әлем суретін әр алуан әрі тұтас көруге мүмкіндік беретін ұлттық мәдениеттің барлық ерекшеліктерін және құндылықтарын сезінуге болады.

Сонымен, патриоттық және азаматтық санасы жоғары, адамгершілікті, толерантты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды меңерген, салауатты өмір салтымен өмір сүретін, шығармашылық қабілетін жүзеге асыратын көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негіздері:

Сызба – 1



Біз - ата-бабамыздан қалған кең байтақ жердің иелеріміз. Бұл жер - бізге аманат. Осы тәуелсіздігімізді сақтай отырып, көк туымызды жоғарыдан көрсету, ол әлбетте біздің міндетіміз. Біз өз дәстүрімізбен тілімізді сақтай отырып, оны біздің жерде мекен ететін өзге ұлт өкілдеріне насихаттауымыз қажет. Өзге ұлттың мәдениеті туралы дүниетанымымызды кеңейтіп оларға сыйластықпен қарау қажет. Сол кезде біз өркениетті Қазақстанның іргетасын нық қалаймыз.

Біз кез келген жағдайда, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыруға жағдай жасауға мүмкіндігіміз бар. Кез келген салада, кез

келген жаста, себебі біз көпұлтты, көпконфессиялы кең байтақ жердің азаматтарымыз.

Көпұлтты, көпконфессиялы елімізде жас ұрпақ ұлтжанды, отансүйгіш болып өсуі, мемлекеттің зайырлылығын нақты ұғынып, оны қорғай білуі керек. Қандай шиеленісті, күрделі мәселе болмасын конституциялық тәртіп шегінде, демократиялық жолмен шешуге тәрбие беру арқылы көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырна аламыз. Мұның әсіресе, Қазақстан халқының достығын нығайту мен мемлекеттің тәуелсіздігін бекітуде, көпмәдениеттілікке тәрбиелеуде маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Ә.Назарбаев. «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» Жолдауы, 2007 .
2. Агрант Ю.В. Поликультурная личность специалиста социальной сферы и особенности ее формирования при обучении иностранному языку// Вестник Московского университета. Серия XX. Педагогическое образования.-М.:Изд.МГУ, 2008.-№4.-С.83-89.
3. А.А. Сыродеева. Поликультурное образование: Учебно-методическое пособие. - М., 2001ж
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана (Астана, 24 октября 2006 года). Ресми сайт www.zakon.kz, қолданылған сілтеме: <http://www.zakon.kz/77635-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>



Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім

Мұхтар Әуезов

Т.А. Нұрғызарқызы

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің І-санатты мұғалімі, Қарабұлақ орта мектебі
Алматы облысы, Алакөл ауданы, Қарабұлақ ауылы*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Мақалада қазақ тілінің қазіргі жағдайы, күнделікті қолдану аясы мен кездесетін қиындықтар мәселесі көтерілген. Сондай-ақ, қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесі жан-жақты жазылып, оны мектепте дамытудың жолдары берілген.

Түйін сөздер: *қазақ тілі, даму, мемлекеттік тіл, патриоттық тәрбие, Отан, мектеп.*

В статье рассматриваются вопросы текущего состояния казахского языка, перспективы расширения сферы его применения, проблемы, возникающие в этом процессе. В статье также исследуются актуальные вопросы развития и распространения казахского языка в качестве государственного языка Республики Казахстан.

Ключевые слова: *казахский язык, развитие, государственный язык, патриотическое воспитание, Родина, школа.*

This article discusses the current state of the Kazakh language, the prospects for expanding its scope, problems encountered in the process. The article also examines topical issues of development and rasprostpaneniya Kazakh language as the official language of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: *Kazakh language, development, official language, patriotic education, Homeland, school.*

Халқымыздың ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздіктің таңы атқанына да жиырма бес жылға аяқ басты. Еліміз егемендік алып, болашаққа сенімді қадам жасағалы өмірімізде қаншама жарқын жаңалықтар болды. Тәуелсіздіктің тұғырын бекітуге жұмылған халқымыз жасампаздықтың жарқын жолдарына соқпақ тартып, қоғамдық дамудың өзіндік өзгерістерін жасай білді. Ежелгі қазақ жерінде тәуелсіздік таңының елең-алаңында, яғни, 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған-ды. 1995 жылы қабылданған Ата заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай айқын жазылып, конституциялық шешім жасалды. Осыдан екі жыл кейін қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңында «Қазақстан Республикасының мем-

лекеттік тілі – қазақ тілі» деп тағы да атап көрсетіліп, оны барша азаматтардың еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасалатындығы айтылған болатын. Үкімет осы Заңның жүзеге асуы жөнінде көптеген қаулы-қарарлар алды. Тілдердің қолданыс аясын кеңейту бағытында арнайы мемлекеттік бағдарламалар жасалды. Бұлардың бәрі халқымыздың тәуелсіздік жолындағы күресінің алғашқы жеңістерінің сүбелісі. Бұл – тәуелсіздіктің талабы, егемендіктің қадамы. Мұның өзі кешегі кеңестік кезеңде есіктен сығалап тұрған қазақ тілін төрге оздыруға, оның қолдану аясын кеңейтуге серпін ашқаны есімізде.

Тәуелсіздік жылдары қоғамның саяси-әлеуметтік саласында елеулі өзгерістер жүзеге асты. Нарықтық қатынастар өмірге

етене еніп, экономикамыз белгілі деңгейде қалыптасты. Демографиялық жағдай осыдан он жыл бұрынғымен салыстыруға келмейді. Қазір қазақ ұлтының саны еліміздегі халықтың 63 пайызын құрап отыр. Мемлекеттік тіл баяу болса да, Қазақстанды туған елім, өз жерім дейтін барлық этнос өкілдері мен диаспоралар үшін қажеттілікке айналып келеді.

Қазіргі таңда да мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған қазақ тілінің мәселесі Елбасының назарынан ешқашан тыс қалып көрген емес. Білім саласындағы мазмұнды жаңартудың айқындаушы факторы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы [1] және Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасы [2], сондай-ақ «Мемлекеттік құрылыстың одан әрі дамуының 100 нақты қадамы» Ұлт жоспарында [3] қазақ тіліне ерекше мән беріліп, ары қарай қалай дамыту қажет екендігіне баса назар аударылуда.

«Қазақстанның болашағы қазақ тілінде!» Бұл–Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі. Бұл тұжырым мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің ертеңгі келешегін айқындаумен қатар, оның әлі қоғамдық өміріміздің барлық саласында күнделікті қолданыс құралы бола алмай отырған бүгінгі жағдайын да көрсетеді.

Ең бастысы – ұлттық тіл ұлттық сананың, ұлттық намыстың жоғарылығына, оның қажеттілік деңгейіне байланысты екенін де ескермеуге болмайды. Өзін ешкімнен артықта, кем де емес дәрежеде сезіну халқымызға жетпей отыр. Әзір тәуелсіздік рухы баршамызды толыққанды түлете алмай отырғаны шындық. Осы арада бүкіл түркі әлемінің асыл перзенттерінің бірі Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық

рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» дегенін де еске сала кетсек, артық болмас.

Демек, мемлекеттік тілдің, қазақ тілінің тағдыры ұлттық оң болмыстың оянуын қажет етіп отыр. Шынтуайтына келгенде, мәселеге тереңірек үңілсек, істің тетігі, яғни қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында. Себебі, еліміздің болашағы шығар биігі саяси-экономикалық факторлармен қатар, оның мемлекеттік тілі – қазақ тілінің де тағдыры талайына тікелей байланысты. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығында ең негізгі ұйытқы болғаны - оның тілі - қазақ тілі екендігі баршаға мәлім. Өркениетті елдерде тіл тағдыры көбіне-көп бұқараның белсенділігімен, биліктегі қазақ азаматтарының ұлтжандылық қасиеттерінің биіктігімен шешіледі. Біздің ең басты жолымыз да осы болуға тиісті. Бұған жиырма бес жылдық жаңа өміріміз де, алдыңғы қатарлы елдердің тарихи тәжірибелері де толық дәлел бола алады.

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқалы бері, қазақ тілі өмір сүріп келеді. Тілдің иесі – кешегі қазақ, бүгінгі қазақ және болашақтағы қазақ. Тілдің ғұмыры – уақыт тәрзіді мәңгілік. Тіл – халықтың мәңгілік халық болып қалуының айғағы. Тіл — өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Ата Занда «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп анық та айқын жазылған.

XX ғасырдың басында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады», - деп еді. Туған тіліміз – халқымыздың кешегі жүріп өткен жолын, бүгінгі жалғасқан ғұмырының ертеңге апарар мүддесін бейнелейтін ең басты қазынамыз, әйтсе де біздер оны құрметтеп, қолдап, аялау керектігі жөнінде көп ой толғаған емеспіз.

Еліміз тәуелсіздік жолының жиырма бесінші жылына қадам басқан тарихи шақта, басқа елдермен иығын тең тіресер кезеңде ті-

ліміздің қазіргі жайы толғандырмай қоймайды. Әсіресе, жастар, өкінішке орай, ана тіліне менсінбей қарауға әуес. Бүгін біздің ортада неге өз ана тілін білмейтіндер көбейді? Көшеде жүрген екі қазақтың бірі орыс тілінде сөйлейді, дүкенде де, қоғамдық орындарда жүрсек те көретініміз – сол. Жасы да, кәрісі де тілін бұрап орыс тілінде сөйлеп жатқаны. Өз ана тілінде ойын жеткізуге не себептен үйренуге тырыспайтыны түсініксіз. Осылай тізе берсең қазақ тілінің бүгінгі жайы, ақын тілімен айтқанда, «Мың өліп, мың тірілген» қазақ ұлтының дәл өзі сияқты.

Белгілі ғалым Махмұд Қашқари «Тәрбие басы – тіл» деп көрсетеді. Жалпы, қай тәрбиенің де бастауы отбасынан басталатыны рас, патриоттық сезім де отбасынан қалыптасады. Тіл туралы айтылғандардың бәрі желге ұшып, қоқысқа айналмасын десе, әр қазақ өз шаңырағында ағарту ісімен айналысса нұр үстіне нұр болар еді. Сонда ғана әр адамның санасында ұлттық намыс, патриоттық жігер оянады. Сөйтіп, ол да ана тілін қадірлеуге, сыйлауға, ұмытпауға, патриоттық сезімнің оянуына ат салысары анық. Қазақ халқы «Отан» ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысқан, оны туған жер, ана тіл, атамекен ұғымдарымен байланыстырған. Отан отбасынан, ата-жұртынан, туып өскен топ-ырақтан, ана тілінен басталған. Бірақ, қазіргі жастардың көбі мұны білмейді, түсінбейді. Сондықтан да, тіліміздің өзекті мәселелерінің өзегін жастар бойындағы намыстың, патриоттық қасиеттердің жоқтығымен байланыстыруымызға тура келеді. Олай болса, жастар арасындағы ұлттық патриоттық тәрбиеге мән беру қажет. Нағыз патриот әрқашан ұлтына тән ерекшеліктерді түсініп, сезініп, өз ұлтының құндылықтарын басқа біреулердің тепкісіне ешқашан бермейді. Осы тұрғыдан, басқа мемлекеттердің тілді дамыту саясатына қарасақ, көп нәрсеге көзіміз жетеді. Мәселен, Тәжікстан Республикасының Конституциясында «Тәжікстан Республикасының азаматы мемлекеттік тілді білуге міндетті» делінген. Ал көрші Қырғыз Республикасы Конституциясын-

да «Өзге тілде жазылған мәтін шрифтінің көлемі мемлекеттік тілде жазылған мәтін шрифтінің көлемінен аспауы тиіс» десе, Литва Республикасының Конституциясында «Мемлекеттік тілдің мәртебесіне қарсы кез келген әрекет жүзеге асырылмайды» деп көрсетілген. Франция Республикасында американдық компания өз қызметкерлеріне ақпараттық қамтамасыз ету мен техникалық құжаттарды ағылшын тілінде бергені үшін бір күніне 20 000 евро айыппұл салған. Тіліне қауіп төнбейтін Қытай халықтық Республикасындағы тіл саясатының қалай жүргізіліп жатқанын күнделікті естіп-біліп отырмыз. 2020 жылға қарай, Мәдениет министрлігі атап көрсеткендей, қазақ тілінде сөйлейтін адам саны 95 пайызға жетеді. Бұл – мемлекетімізде өзге тілдерге басымдық берудің қажеттілігі жоқтығын көрсетеді. Сондықтан да, Қазақ халқының, әсіресе, тіл мәселесіне қатысты қандай талап-тілек қоюына да құқы бар. Азаматтық құқық, адамдық құқық, ұлттық хақысы. Бұл орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Елге деген сатқындық оның болашағына сенбеуден басталады. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, өз тілімізді құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Әрі ол – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз да», - дегендей, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға ат салысу білім ордаларынан бастау алуы тиіс. Себебі, адам баласы тек білім арқылы дүниенің құпия сырын ашады. Білімнен тағылым жиып, болашағын болжап, келешегіне бағыт алады. Ал бұл білім ең алдымен тіл арқылы бойға сіңіп, игеріледі. «Тіл бесікте бекиді, үйде қалыптасады, бойға ұялайды, шаңырақта шыңдалады, мектепте дамиды, сөйлегенде жетіледі, жазғанда қалыптасады» деген Асылы Османованың сөзі осы жағдайға қаратылып айтылғандай. Бұл түсіне білгенге, мағынасы терең сөз.

«Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан», - деп Елбасы қазақ тілінің

қоғамдағы рөлін ашып көрсетеді. Ұлтымыздың атымен аталатын мемлекетте өмір сүріп жатқандықтан, еліміздің әр азаматы мемлекеттік тілді меңгеруі – Отан, қоғам алдындағы азаматтық парызы болып саналады. Кез келген тілдің болашағы – балалардың, жастардың қолында екені рас. Жоғарыда байқағанымыздай, болашақ иелерінің тілді білмеуі, ұмытуы - ұлтқа төнген үлкен қауіп. Сондықтан, ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы, оқу орындарында қазақ тіліне құрмет жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды. Осыған орай, тілдік мәдени орта қалыптастыруға қазақ қоғамында өмірдің барлық мәселелерін қамтитын еңбектер қажет. Әр үйдің кітап сөресінде қазақ тілінде жазылған қоғамдық ғылымдардан хабар беретін жалпыға түсінікті еңбектер болғаны жөн. Атап айтқанда, тарих, философия, тіл мен әдебиет, педагогика, әлеуметтану, ғылым негіздері, технология, яғни әр сала бойынша кітаптар болғаны ерекше болар еді. «Ұлттың болашағы – ұрпағында, ұрпақ тәрбиесі – ұстаз қолында» деп бекер айтылмаса керек. Шәкірттің жеңісі – ұстаз еңбегінің жемісі екені ақиқат. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылу үшін бүгінгі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп өсіретін орда – мектеп. Патриот жастарды тәрбиелеуді мектептен бастау керек. Қазақ тілін меңгертетін мұғалімдер жаңа заман технологиясымен қаруланған, білімді, сауатты, оқушы бойына патриоттық құндылықтарды игерте алатындай деңгейде болуы тиіс. Себебі, кез келген пәнді игертудің бір жолы – оқушы бойындағы қызығушылықты арттыру.

Қазақ тілін мектепте үйретуде берілетін жұмыстарды жоспарлаудың маңызы зор. Сабақ барысында оқушылар қазақ тілінің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, грамматикалық құрылысын меңгеруге, ойын еркін жеткізуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге, сонымен бірге қазақша әдемі

сөйлеуге жаттығып, өз ана тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет. Және сол арқылы бойларына патриоттық тәрбие сіңіру үшін, берілетін тапсырмалар мен мысалдар, жаттығулар ұлттық құндылықтарға бағытталып отырылуы тиіс. Оқушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін педагог мамандар түрлі жаңа технологиялардың тиімді жақтарын алып, оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту жолында жұмыс жасай алулары қажет.

Яғни, бұл жерде сабақ жүргізу әдістемесін меңгерген ұстаз сабақты түсіндіріп қана қоймай, оқушының өз бетімен ізденуіне түрткі болып, бағыттай білуі қажет. Осы орайда, ұстаз дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып және жаңа технологияларды ұтымды пайдалана оқыта білсе, оқушылардың бойында өздерінің ана тілдеріне деген қызығушылықтарын арттырады және жазбаша сөйлеу тілін дамытады. Бүгінгі күнде белгілі болған көптеген технологиялар бар. Соның бірі – М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы». Технологияның тиімділігі – оқушының терең білім алуына және мұғалімнің де шығармашылық шындалуына септігін тигізеді. Модуль дегеніміз қандай да бір жүйенің анықталатын дербес бөлігі. Оқу модульдің ерекшелігіне, жалпы санына қарамастан кіріспе, қорытынды бөлімдері болып, оған бір-екі сағат берілсе, қалған бөлімі сұхбаттасу бөлімі болады. Кіріспе бөлімінде оқушылар оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен танысады. Сұхбаттасу бөлімі, негізінен, оқушылардың іс-әрекетіне беріледі, оқушылар деңгейлік тапсырмалар таңдайды, оқулық бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Деңгейлік тапсырмалардың мақсаты – жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай ауысу арқылы оқушыларды ізденушілікке, шығармашылыққа бағыттайды. Модульдік оқыту технологиясын жүйелі түрде пайдалана білген ұстаздың оқушының білім, білік дағдыларын арттыруда ұтары мол деп білемін. Өйткені, технология практика жүзінде өтіліп жатқан тақырыпқа жиі қайта

оралып отыру арқылы және оқушының бойындағы жасырын жатқан дарынын ашуға, қызығушылығын арттыруға бағытталған ойын әрекеттері арқылы сабақ ұйымдастыруды қажет етеді. Сонымен қатар, бұл жұмыстар арқылы мұғалім де көп ізденіп, өзін-өзі толықтырып отырады. Мәселен, ойын сабағын ұйымдастыру барысында берілген теориялық біліммен қаруландырып, сынып оқушыларын жарыстыра отырып, саналарында білімнің берік сақталуына ықпал жасауға болады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Бүгінгі таңдағы оқу үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Яғни, заман талабы – оқытудың жаңа технологияларын ұтымды пайдалана отырып, оқушыларға саналы да, сапалы білім беру. Барлық жастардың, кез келген ұлт өкілдері болса да, мемлекеттік тілде ойын еркін жеткізе алуларына, қарым-қатыс жасай алуларына жағдай туғызу керек.

Ол үшін, сабақ барысында түрлі көрнекілік құралдарды пайдалану арқылы жаңашыл әдіс-тәсілдермен білімді меңгерту – оқушылардың тіл үйренуге деген ынталарын арттырды.

Ел ертеңі жас ұрпақ мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, қазақ тілімізге құрметпен қа-

райтындай дәрежеге жетсе, ұстаздардың ел алдындағы парызының ақталғаны. Ол үшін кез келген педагог-маман өз ісінің білгірі болып қана қоймай, мемлекетіміздің болашақ туын желбіретер ертеңгі ұрпақты рухы мықты, патриоттық сезімі ояңған жеке тұлға, азамат етіп тәрбиелеуі шарт.

Қорыта келе, Қытайдың атақты философы Конфуций: «Егер де маған ел басқару мүмкіндігі туса, ең алдымен сол елдің тіл мәселесін қолға алар едім. Себебі тіл бірлігі болмаса, пікір бірлігі болмайды және идеология дұрыс жүргізілмейді (түсіндірілмейді). Идеология дұрыс жүргізілмей, ортақ түсіністік таппаған елде бірлік болмайды. Сондықтан, бәрінен де бұрын адамдар арасындағы бірлікті ұстап тұрған тіл мәселесі маңызды» деп айтқандай, еліміздің кез келген азаматы мемлекеттік тілге деген құрметті және Отан алдындағы парызын түсінсе, жүрекпен сезіне білсе біздің қоғамдағы тіліміздің мәртебесі де асқақтай түсері анық. «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, асықпайтын, саспайтын мінезі - бәрі көрініп тұр», - деп асқақ ақынымыз М.Жұмабаев айтқандай, қазақ тілі еліміздің шынайы белгісінің бірі болып табылады. Тіл – біздің мемлекетіміздің, ұлттық өркендеуіміздің тірегі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
- 3 Ұлт жоспары – Н.Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы. 20 Мамыр 2015.

**Жеткіншек жастардың шығармашылық қасиеттеріне қолдау көрсету
мақсатында Жамбыл облысы Шу ауданы Бірлік ауылы
Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы орта мектептің 9 сынып оқушылары
Несіпбай Аяулым мен Көккөз Ақботаның өлеңдерін назарларыңызға ұсынамыз**



ТУҒАН ТІЛІМ, ТУҒАН ЖЕРІМ

Бесік жырдан басталады ана тілім,
Қазағымның ғажап тілі, дана тілім.
Кең қазақ даласында, мынау жерде,
Құрметтейді барлық адам ана тілін.
Абайым бар, Сәкенім бар, Мағжаным бар,
Мына бізге қалдырды ғой мұраларын.
Тілім менің әрқашанда қасиетті,
Алаш елі оны әрдайым биік ұстар.
Әлди, әлди, әлди деген сөз айтар,
Бір сөзді айттым ең алғаш ана деген.
Сәби кезден ана деп тілімді аштым,
Енді міне тілді білем, пір тұтамын.
Өз тілінде сөйлегенің бақыт екен,
Өз тілінде жанғаның артық екен.
Мұқағали тәрізді мен де айтайын,
Үш бақыттың бірі мына тілім екен.
Туғаннан туған жерде тіл білемін,
Бойыма бар өнерді сіңіремін.
Туған жер топырағыңнан айналдым мен,
Ерекше орны екенін білемін мен.
Туған жер жүрекке ыстық сезілетін,
Туған жер көзге оттай көрінетін.

Әр адам алыс кетсе сағынатын,
Туған жел самалымен тербететін.
Туған жерің бәрінен де артық болар,
Тап-таза Шу өзені шөлің қанар.
Биік-биік таулардан келген самал,
Желпілдеп жеңіл болып бетке қонар.
Туып өстім Шу жерінде кіндік кесіп,
Балалықты өткіздім қызықты етіп,
Жүрегімде ыстық болып қайнап жатыр.
Сағынышпен туған жерге ораламын,
Тілменен туған жердің орны бөлек,
Бағалайсың екеуін де биікке өрлеп,
Туған жерің ең бағалы жерің болса,
Туған тілің ең керек мына дүниеде.

АНА

Еркелетіп алдыңа ала берші,
Жүрегімде мәңгілік қала берші.
Анашым-ау, анашым, анашым-ау,
Тек қана қартаймашы жүре берші.
Анашым өзің ғана жұбанатын,
Қайғыда да, мұңда да қуанатын.
Мені баққан, еркелеткен асыл анам,
Жырақ та жүрсемдағы сағынатын.
Анашым бір өзіңді сағынамын,
Бір өзіңсің әрқашан шағынарым.
Дүниеге әкеліп, мені өсірген,
Жебеушіме әрдайым да табынамын.

**Жамбыл облысы Шу ауданы Бірлік ауылы Мұхаммед Хайдар Дулати
атындағы орта мектептің 9 сынып оқушысы Көккөз Ақбота**



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Мен қазақ болып туылғанмын,
Тәніммен, барымменен.
Жел көрген, көк туымнан,
Өлеңмен жаным тербелген.
Тік басып аяғына,
Тұрған соң Ата-заңым.
Дәл бүгін ғалам күткен,
Тұғырдан табылған күн.
Қазақпын, мақтан етем
Даламның кеңдігін мен
Жат пиғыл жоқта бөтен
Жасырам енді кімнен.
Жайнаған заманымның
Көгінде жаса мәңгі!
Жарқыра, жаңа нұрлы Күн!
Берік қып нық босағамды.

КЕЛ ЖАҢА ЖЫЛ

Желтоқсанның тарқағанда базары,
Жаңа жылға ауар барша назары.
Жаңа жылды қарсы алып жатқанда,
Ескі жылдың таусылмады наз әні
Жаңалық-ақ Жаңа жылдың келгені,
Жаңарады ескілік те елдегі.
Жаңа жылға мен де қатты қуанам,
Қимай қарап,ескі жылға белдегі.
Уақыт заңы бұрын туған-көнерер,
Кел жаңа жыл,тәй-тәй басып келе бер.
Тек,өткеннен сабақ алып тұрғайсың,
Сонда ғана көсегеміз көгерер!

КЕЛ НАУРЫЗЫМ

Наурыз келді,мінекей!
Бүршік жарды бәйшешек.
Бой ұмсынып, көкке өрлеп,
Тұрмын тауға мен қарап.
Дастарқанды аямай,
Жеті түрлі дәм аралас,
Жыл көжесін әзірлеп,
Барша жұртқа таратып.
Реніш,өкпе ұмытып,
Төс қағысып,шаттанып,
Наурыз тойы тойланар!
Самғап елім көгіне,
Шыға берсін тек төрге.
Уа,жасаған елімнің,
Қуанышын көп көрме!

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Құттықтау	6
Нуриев М.А. Ұлағатты да, көрнекті ұстаз – торқалы тоқсан жаста	8
Бөлеев Қ., А. Өмірзаққызы. Қазақ ақын-жырауларының тәлім-тәрбиелік ой- пікірлерінің зерттелу жайы	12
Иманбаева С.Т., А. Құлбек. «Мәңгілік ел» идеясын іске асыруда М.Мағауин еңбектерінің маңызы	17
Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Советканова Д.М., Садыкова А.Е., Қдыралиева Ж.Б. Жобалап оқыту технологиясының үздіксіз білім беру бағдарында қолданудың тиімділігі	21
Сағиқызы А. «Білім қоғамын» құрудың негізгі мәселелері	40
Нуриев М.А. Білім беру бағдарын елбасы саясаты негізінде жаңашаландыру	45
Садықов Е.М. Жас ұрпақ бойында ұлтжандылық тәрбие негіздерін қалыптастыру	49
Джанкадыров С.С. Жастар арасында әлеуметтік-психологиялық жұмыс ұйымдастырудың өзектілігі	54
Кудекова А. Қ. Бала тәрбиесі - жауапты іс	57
Оразова Р. Қ. Абайдың шығыстық араб әдебиетімен байланысы	60
Толқынов Е.Ә. Ntml тілі ортасында web-құжат құру негіздері	64
Ағатаев А. Білім мен ғылым қазақстанның жарқын болашағы негіздері ретінде	68
Мамбетова Ш.М. Көпмәдениетті тұлға қалыптастырудың негіздері	73
Нұрғызарқызы Т.А. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде	77
Несіпбай Аяулым Туған тілім, Туған жерім	82
Көккөз Ақбота Тәуелсіздік күні	84

ЖЫЛ БОЙЫНА ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР МЕН ТҰРАҚТЫ АВТОРЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

№1, 2015

1. Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді
2. Ғаббасов С. Өткен күнде – белгі бар
3. Нуриев М.А., Кдыралиева Ж.Б. Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту
4. Нуриев М.А., Советканова Д.М., Садыкова А.Е. Теоретические основы технологии проектного обучения
5. Бөлеев Қ. Қазақтың халықтық астрономиясының зерттелу жайы
6. Құсайынова С.Қ. Қазақтың халықтық биологиясы мен халықтық медицинасының зерттелуі
7. Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ., Бөлеева Қ.Л. Халықтық білімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруде пайдалану туралы
8. Құдабаева К.И., Айтмуханова П.М. Жоғары мектепте кәсіби мамандарды дизайннан даярлау бағыты
9. Сатыбаева А.С., Маханова Н.Б. Жастардың мамандық таңдау мәселелері
10. Әбжан Г.М. Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың асыл мұрасы
11. Әліпхан Г.Қ. Т.Тәжібаев Абай шығармаларындағы оқу, білім жөнінде
12. Қаражанова К.Ә. Ислам діні – тәрбие беруде ұлттық құндылықтың негізі
13. Әмірова Қ.Б. Ізгілікті тұлға қалыптастыру мәселелері
14. Ибраимова Г.М. Қазақ тілі сабақтарында тілдік дағдыларды қалыптастыру
15. Кулганатова Э.М. Ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану

№2, 2015

1. Нуриев М.А. Ұлағатты ұстаз – адамның азбайтұғын асылдығы
2. Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді
3. Тебегенов Т.С. Танымал кейіпкерлердің ұлттық, көркемдік-эстетикалық тағылымы
4. Оразова Р.К. Әртүрлі тілдер және ұлттар мәдениетінің сабақтастығы (араб және қазақ тілдері негізінде)
5. Аташ Б.М., Бекебаев Ж. Қазақ эпостарындағы батыр рухы мен отаншылдық сезімдердің қазіргі спортшы тұлғаларға тасымалдану қырлары
6. Әбжан Г.М. Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы
7. Қаражанова К.Ә. Ұлттық құндылығымыз қазақ батасының қадір – қасиеті
8. Тобықов М.Т., Меркібаев Т.А. Елбасының тағылымы мол сөздерінің тәрбиелік мәні
9. Кдыралиева Ж.Б. Бала болмысы – құрсақтан, тәлімі – бесіктен
10. Мұхаметкаримова А.С. Ұлттық тәрбие беру арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары
11. Абуталиева А. М. Адалдықтың да, ақылдылықтың да негізі – тәрбиеде
12. Нусипова Г. «Тілге құрмет – елге құрмет» атты интеллектуалды сайыстың сценарийі
13. Сембекова Г.Е. Жаркент қаласы тұрғындарының мәдени рухани өмірі
14. Уразалина Г.Ш. Оқушылардың парасатты ойлау өнерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері
15. Урисбаева М.О. Тәрбие – тал бесіктен
16. Буранбаева А.А., Аспантаева Л.Б. Бастауыш сыныпта ана тілін оқытудың маңыздылығы

№3, 2015

1. Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5–11-сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді
2. Қорғанбек Аманжол. Сағыныш (Мақтай аға рухына)
3. Совет-Хан Ғаббасов. Тіршілік тылсымдары (немесе, «Мәңгілік қазақ календарының» сыры)
4. Джанзакова Ш.И., Нурмуханова Б.С. Психологиялық-педагогикалық зерттеулердегі дарындылық мәселесінің талдануы
5. Ромашев Қ.М. Отты жылдар жаңғырығы арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу
6. Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Негізгі орта мектептің білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары
7. Тұрғынбаева Б.А., Бейсенбаева Ғ.Қ. Шетелдік нормативтік құжаттарда мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды әлеуметтендіру мәселесінің қарастырылу жағдайы
8. Баракбаева Т.А., Дағжан. Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу шаралары
9. Сатыбаева А.С., Маханова Н.Б. География сабағында оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары
10. Қдыралиева Ж.Б. Қазақ халқы салт-дәстүрінің жастарға берері мол
11. Ағыбаева З.Ш. Интеллектуалдық ойын «Қызықты қазақ тілі»
12. Қиятова. Оқытудағы жаңа тәсілдерді меңгеру – заман талабы
13. Мырзаханова Ж.Б. Бастауыш сыныпта білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдану
14. Үмбетова Т.Ә. Шәмші – вальс каролі
15. Жомарт Е. «Шипагерлік баяндағы» ұлттық тәрбие
16. Шілдебаева С.Қ. Ойын элементтері арқылы бастауыш сынып оқушыларының мемлекеттік тілде сөйлеу тілдерін дамыту
17. Джанкадыров С.С. Ұлттық ойындарымызды ұлықтайық
18. Ганибаева Ә. Батыр бабалар – ерлігі жастарды патриоттыққа тәрбиелеу негізі
19. Махашева А.С., Каратаева К.М. Биология пәнін оқыту барысында ұлттық тәлім-тәрбиені қалыптастыру жолдары
20. Наукенова А.А., Шокатова Р.М., Жумиева Г.Г. Адамгершілік құндылықтарды жеке тұлға бойында қалыптастыру

№4, 2015

1. Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11 - сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді
2. Бөлеев Қ., Бөлеева Қ.Л. Қазақстандық жастарға патриоттық тәрбие беру
3. Біргебаев А. Математикалық білім беру және оның гуманитарлық потенциялының маңызы
4. Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ., Бөлеева Қ.Л. Моңғолия және Қытай қазақтарының халықтық педагогикасы
5. Қаражанова К.Ә. Жеке тұлғаны шығармашылыққа баулудың көзі – еңбекке тәрбиелеу
6. Нуров М.М. Зайырлы мемлекет идеясы: әлемдік тәжірибесі мен Қазақстандағы болмысын салыстырмалы талдау
7. Шолтай С. Қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мәселесі
8. Үмбетова Т.Ә. Күлкі көңіл сергітеді
9. Шамбулова М.Б. Бастауыш сынып оқушыларын ойын арқылы оқыту
10. Жүргенова К.А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту

11. Аймбаева Н. Оқушылардың логикалық ойлауын шығармашылық жаттығулар арқылы дамыту
12. Садырбекова Г.Н. География пәнінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы
13. Таспулатова Г.К. Бастауыш мектептегі оқыту әдісін тиімді қолдану
14. Қасбакова Б.А. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары

№5, 2015

1. Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А. Нұрлы жол - Елбасының қасиетті жолы
2. Нөкетаева Д.Ж. Білім мен ғылым саясаты Елбасы стратегиясының басым бағыты
3. Бөлеев Қ., Саурықова Ж. Қазақ хандығы дәуіріндегі педагогикалық ой-пікірлердің зерттелуі
4. Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Советканова Д.М. Қазіргі даму кезеңіндегі бес функционалды 100 қадамды оқу процесіне ендіру жолдары
5. Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Ұлттық білім беру бағдары - ұлт болашақ кепілі
6. Қалиев Ж. Н. Білім саласы әрқашан президент назарында
7. Домалатов Е.Б. Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы және Елбасы бастамалары
8. Сатамбаева М.Ә. Мәңгілік ел құндылықтарын бастауыш білім үрдісінде пайдалану
9. Калиева Л.С. Жобалау әдісі бойынша бастауыш сынып оқушылар шеберлігі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру жолдары
10. Сейдін Бизақов Н. Назарбаевтың тіл білімі ғылымы туралы айтқандарынан
11. Хайруллаева С.А. «Мәңгілік Ел» идеясын мектеп бағдарламасында қолдану

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 2404 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді.

Индекс 74310

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету.

*Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 2404 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта».

Индекс 74310

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева

Беттеген/Верстка – Жанат Жанбаева

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8775 22 00 196,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 29.12.2015 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі 11,0 б.т.

Таралымы 300. Тапсырыс №12